Мысырлық христиандар копттар хатшылық, есеп істерінде мұсылмандарға бәсекелес бола алды. Олардың көпшілігі сұлтан диуандарында ұзақ жыл қызмет істеп, өз діндерінен бас тартқан жоқ. Ал қазылық, шариғатқа сәйкес хисба (дау-тартысты шешу), уақыпты, қаржы басқару, пәтуа шығару, медреседе оқытушылық, құтпа айту, мешіттерде имамдық, сопы үйлерінде машайых секілді діни істерге қатысты мансаптарға тек ғұламалар тағайындалатын.

Дін адамдары үшін ол кезде ең құрметті мансап қазылық жасау, әділ төрелік ету болатын. Бас қазыны сұлтан тағайындайтын. Ол шариғат негіздерін терең білетін, асқан әділет сезімі бар, сұрақты жан-жақты қарастыра алатын, шындыққа жеткенше сабыр сақтайтын, шешімдерінде ақиқатты басшылыққа алатын, сенімді, жеке пайдаға ұмтылмайтын, Алладан қорқатын адам болуы керек.

Байбарысқа дейін бұл мансапқа шафиғи қазылары ғана тағайындалатын. Енді мәмлүк империясының түкпір-түкпіріндегі елді мекендерде әр мұсылманға өзінің мәһабіының қазысына жүгіне алатын мүмкіндік туды.

Сот-қазылық ісінің маңыздылығына қарай қазылар мемлекеттен ай сайын 50 алтын динар көлемінде жақсы жалақы алатын болған. Қазылардың ішінде міндеттерін Алланың жүзі үшін атқарған аскеттер де кездеседі. Мысалы, бас қазы ханбалит Шамсуддин әл-Мақдиси (1283 жылы қ.б.) дегенге білім, жұмыс жағынан теңдес қазы болмаған. 12 жыл қазы қызметін атқарып көк тиын алмаған. Байбарыс оны қатты сыйлаған.

Ғұламалар билеуші топ өкілдерімен кездесуге аса құлықты емес еді дедік, алайда жиналыстарға қатысуға ерекше мән берілген, егер оның барысында халықтың мүддесін қорғайтын мәселелер шешімін тапса. Имам ас-Субки: «Дін мен ақиқат үшін сұлтан алдына бара берсе болады» [3, 68 б.], – деп көрсетеді.

Билік басындағы мұсылман болса да басқа этникалық топтың өкілдерімен, оның үстіне құлдық табы тиген қарулы қатал адамдармен ынтымақтастық орнатқан дін адамдарының жергілікті қоғам алдындағы жауапкершіліктері зор еді. Құранның аяттарын мен хадистерді түсіндіретін фақиһтар, пәтуа шығарып, құтпа-уағыз айтатындар, оқытушылар мен мұғалімдер қоғамның жай-күйін сергек қадағалап, туындаған сұрақтарға жауап беруі тиіс болатын.

Ғұламалардың ақсүйегі, бас қазы, шафиғи шейхы, ғұлама Ибн Бинт әл-Ағазз [4, 318 б.] деген атпен белгілі болған Таджуддин Ибн Бадр 1207 жылы туған. Әкесі ерте қайтыс болып, аюбид мемлекетінің министрі болған нағашы атасы әл-Ағазздың қолында өседі. *Ибн Бинт әл-Ағазз* деген лақап аты *әл-Ағазздың қызының баласы* дегенді білдіреді. Ақылды болып өскен балаға сол уақыттың белгілі ғалымдары дін ілімдерін оқытады. Пәтуа шығару мен дәріс беруге ерте араласады, жазу мен есепке де жүйрік болады. Қаржы үйінде тәжірибе жинап, Египет сұлтаны Наджмуддин Аюптың (1239-1249) диуан (кеңсе) істеріне жауапты адамы болып істейді. Сол жұмыста «ғұламалардың сұлтаны» шайхыислам әл-Изз бин Абдусаламмен бәсекеге түседі.

1256 жылы Таджуддин Ибн Бадр алғашқы рет қазы болып тағайындалады. Бұл қазы бір іс бойынша қандай адам сұраса да шарифатқа қайшы келсе, көмектесуден бас тартатын. Сол мінезі үшін халық оны ұлықтайтын, Байбарыс оны сыйлайтын. Байбарыс оған қыпшақ мемлекетіндегі шарифатқа қатысты барлық істерді тапсырып, мен өлгенше, не өзің өлгенше жұмыстан кетпейсің деп айтады екен. Өмірінің соңына дейін, 1266 жылы қайтыс болғанша Байбарыспен тығыз қатынаста болып, көп жағдайда оған еріп жүретін болған. Шейх бас әмірлер көрсін деп, Байбарысқа әдейі еріп жүреді екен! Себебі ол үнемі сұлтан қасында жүргендіктен бас бектер өктемдік жасауға бармайтын.

Біз осы шейхтың өмірінен қыпшақ мәмлүк билігі кезіне жоғары діни мансаптарға қол жеткізген, жергілікті қоғамға әсері орасан зор кіршіксіз беделі мен шексіз абыройы бар дін өкілдерінің іс-әрекеттері жергілікті діни білім алғандардың қаймағы саналған ғұламалар таразы басын теңестіретін ықпалды, билеушілер мен халық арасын байланыстыратын тұлғаға айналғанын, олар қылыш иелеріне сұлтан арқылы ислам айбынын көрсетуге тырысқандарын көреміз.

Сопылық тарикаттардың шейхтері, кезбе шейхтер, зиратта тұратын шейхтер өздерін дәріптейтіндер мен сондарынан еретіндерге орасан зор әсер ете алатын еді. Сондықтан Байбарыс сұлтан олардың халықты билікке қарсы көтеріп жібере алатын әлеуеттерінен қауіптенетін. Сондай тұлғалардың қатарына әл-Бәдеуи, әл-Қаббари, ан-Науауи секілді тәуелсіз шейхтер жатты. Мысалы, елхан Абақа ханға қарсы аттанып бара жатқан Байбарыс Дамаск қаласына әскерімен келіп тоқтайды. Әділет үйінде Дамаскінің игі жақсыларымен сұхбаттасып отырғанда үстеріне шейх имам ан-Науауи (1233-1278) деген атпен белгілі ғұлама, хадистанушы кіреді.

Шейшке құрмет көрсетіп, барлығы тұрып қарсы алады. Сұлтан одан не шаруасы бар екенін сұрағанда, шейх: *«Сен халықтан көмек сұрап, олар көтере алмайтын салмақ салыпсың. Сол туралы ақылдасқалы келдім. Сен әр мәмлүкті жиырма мың дирһемге сатып алып, олардың белдерін асыл тас қондырылған кемерлермен белбеулейсің, алтынмен апталған ер-тоқымға отырғызасың. Егер бір қазы сенің халыққа салған салығыңды мақұл деп тауып, пәтуасын берсе, онда оның Алла мен Пайғамбарға қарсы келгені»,* – дейді. Сонда Байбарыс: *«Шейх, алақаныңды*

жай, сенің отбасыңды салықтан босатамын», – дегенде шейх: «Мен өзім үшін емес, Алланың жолы мен мұсылмандардың ақысы үшін келдім», – деп, кездесу орнынан шығып кетеді.

Кейбір нұсқаларда: «Мен сенің Бундуқтар бектің құлы болғаныңды, тақыр кедей болғаныңды білемін, кейін Алланың таңдауы саған түсіп, патша болдың. Барлығы алтын белбеу таққан мың мәмлүгің, өзіңде 200 кәнизак бар деп естідім. Әр кәнизактың алтын әшекейлерге ақысы бар. Осылардың барлығын жаратып, мәмлүктерің алтын белбеусіз, жүннен жасалған белдікпен қалса, кәнизактарың алтын әшекейсіз қалса, мемлекеттің қазына үйінде қаржы қалмаса, айтқаныңа келісер едім. Елден жиһад жолына қаржы жина деп пәтуа берер едім» [5, 108 б.], – деп айтқанымен белгілі.

Көріп отырғанымыздай түрлі сопылық тариқаттар болған, оның басшылары айтарлықтай дербестікке, ой-пікір бостандығына ие болған. Тәуелсіз шейхтер әл-Бәдеуи, әл-Қаббари және сопы шейхтер мәмлүк мемлекетінің басшыларына қарсы батыл сөйлей алатын болған.

Жергілікті оқығандар мәмлүк қыпшақтар туралы: «Барлық мәмлүктер қорлық пен құлдықты, билік пен үстемдікті көрді. Олардың бойында жасөспірім кезінде бастан өткерген қысым сезімі мен ержеткендегі жетістіктерге деген мақтаныш сезімі қатар өмір сүреді. Мұның бәрі оларды балалық шағында құл етіп әкелген адамдарға, сол елге, ұлтқа деген жеккөрушілік пен тәкаппарлықты тудырды. Олар билікке келгенде өздерінің жеке және этникалық, түркілік айырмашылықтарын көрсетіп, ана тілін, отбасылық дәстүрлеріне адалдықтарын сақтап қалды. Жергілікті тұрғындармен қарым-қатынас жасамады, араласпады, сенбеді. Олар «қос өмір салтын» ұстанды, бірақ көпшілік алдында өздерін дінді қорғаушылар ретінде көрсетуге тырысты; олар мешіттер мен мектептер салды, қайырымдылық, діни және мәдени қайырымдылықтарды көбейтті, екі қасиетті мешітке сыйлықтармен, ақшамен және Қағбаға арналған кисуамен үлкен шерулер жіберді», – деп ойлайтын

Соған қарамастан, қыпшақ сұлтандары мемлекеттеріне түркі сипаттарын беруге тырысқан. Байбарыс құл базарларынан қыпшақ, түркі жастарын тұрақты түрде сатып алған, көшпелі түркілерге Палестинаның шұрайлы жерлерін кесіп берген. Қыпшақ мәмлүктер құрған мемлекет, іс жүзінде, Түркі мемлекеті еді. Ортағасырлық тарихшылардың барлығы *даулат ат-турк* – түркі мемлекеті деп атаған. Аталған кезең туралы жазған Мысыр тарихшылары еңбектерінде «*түркі мемлекеті, түркі әскері*» секілді сөз тіркестерін қолданған. Мысалы, тарихшы ан-Нуайри: «*Түркі мемлекеті Мысыр жерінде құрылып, кейін Шам, Алеппо мен Евфрат өзеніне дейінгі жерлерге қанат жайды. Жерорта теңізі жағалауындағы қамалдар, исмаилиттер бекіністері қарады. Рұм мемлекетіне дейін жетті. Оған Йемен және Хиджаз қарады*» [6, 3 б.], – дейді.

Байбарыс және қыпшақ мәмлүктер өздерін құл санамаған. Нағыз құл алдымен жалшы болған, ал мәмлүк азат жанұяда өмірге келіп, кейін тағдыр тәлкегіне ұшырап тұтқынға түскен немесе жастай құл базарында сатылған, бірақ біреудің жалшысы болмаған еріксіз. Еріксіз аталғанымен құлдық психологияны бойына сіңірмеген, дарытпаған еріксіз.

Олар өздері туралы не дейді? Мәмлүктер арасынан шыққан тарихшы мәмлүк Байбарыс ад-Дауадар (1325 жылы қ.б.): «*Түркілер, Алланың ілімінде айтылғандай, дүниедегі ең ақылды, ең батыр халық. Алланың құдіретімен олардың бір тайпа елі жұрттарынан, жұрттарынан емес, адасып жүрген жерлерінен тура діннің негіздерін орнатуға осы жаққа көшірілген*» [7, 45 б.], – деп, түркілердің Египетте пайда болуын негіздеп берген.

Дей тұрғанмен, түркі мемлекеті мәмлүк билігін құқықтық жағынан негіздеуге бағытталған саяси идеологиялық жұмыстар жүргізіп отырған. Оны біз Байбарыстың Халифатты Каир қаласында орнатуы, төрт мәзһабты теңестіруі, ислам жауларына қарсы күрестің авангардында болғанынан көреміз.

Осы орайда тарихшы Ибн Тәңірберді: «*Байбарыс мемлекет басқару ісінде Шыңғыс ханның «Ясасын» және түркінің «Турасын» басышылыққа алатын. Тура түрікше жол, бағыт дегенді білдіреді*» [8, 162 б.], – деп көрсетуі көп нәрсені аңғартатынын атап өтуіміз керек.

Сұлтан мен бектер мысырлық қоғамдағы жергілікті халықтың түрлі әлеуметтік топтарынан оқшауланған жоғары тап еді. Олар өздерінің құқықтық статустарын заңдастырғанмен, тұрып жатқан жерге бөтендігін сезгендіктен дін арқылы жергілікті халықтың көңілінен шыққысы келді.

Дегенмен, мәмлүктер әскери мектепте жан-жақты діни білім алып, Құранды, хадистерді және діни әдебиеттерді оқығандар еді. Олар сырт көзге өздерін тақуа, діншіл етіп көрсетіп, діни құрылысқа және уақып жасауға қаржы аямады. Билік басындағы сұлтан мен бектер дін қорғаушылары ретінде жаратушының ризашылығы мен халықтың қолдауына қол жеткізу үшін мешіт, жұма мешіт, үлкен медреселер, ханқа, рибат, зауия салумен қатар кедейлерге қайырымдылық көрсетуді қоса жүргізді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. *Ибн Хасул. Китаб тафдил әл-атрак ала саир әл-аджнад. Қолжазба. – С. 47.*
2. *Кардини Ф. Европа и Ислам. История непонимания. – СПб., 2007. С. 332.*
3. *Ас-Субки. Муиду-н-наам уа мубиду-н-нақам. Байрут, 1986. – С. 80.*
4. *Ас-Субки. Табақату-ш-шафия әл-қубра. Әл-Қаһира, 1992. Т 8. – С. 616.*
5. *Ад-Дикр А. Әл-Имам ан-Науауи. Димашқ, 1984. – С. 215.*
6. *Ан-Нуайри. Ниһая әл-араб фи фунун әл-адаб. Байрут, 2004. Т 30. – С. 360.*
7. *Байбарс Дауадар. Ат-тұхфату ал-мулукия фи ахбар ад-даула ат-туркия. әл-Қаһира, 1987. – С. 291.*
8. *Ибн Тагриберды. Ан-Нуджум аз-захира мин мулуки миср. Байрут, 1992. Т 7. – С. 469.*

ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАРЫ КӨСЕМДЕРІНІҢ РЕСЕЙ ТАРИХНАМАСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІНІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНДА БЕЙНЕЛЕНУІ

Сутеева К.А. – т.ғ.д.,

*Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Тарих және құқық институтының
Әлем тарихы кафедрасының профессоры*

Аннотация

В статье рассматривается оценка, данная представителями русской дореволюционной историографии, вождям национально-освободительного движения казахов против русского колониального господства в степи - Сырымү Датову и Кенесары Касымову.

Annotation

The article examines the assessment given by representatives of Russian pre-revolutionary historiography to the leaders of the Kazakh national liberation movement against Russian colonial rule in the steppe - Syrym Datov and Kenesary Kasymov.

Қазақ халқының Ресей отаршылдығына қарсы күресі 1917 ж. дейінгі орыс тарихнамасында жүйелі түрде зерттелген жоқ және оны метрополия өкілдерінен күтуге де болмайды. Көптеген көтерілістердің тарихы орыс зерттеушілерінің назарынан мүлдем тыс қалды, мысалы ХІХ ғ. 20-30 жж. Жаңа Елік шебі құрылған кезде Ж.Тіленшіұлы мен Қайпқали сұлтан басқарған көтеріліс, 1825-1856 жж. сұлтан Саржан Қасымұлы басшылық еткен көтеріліс және т.б.

Бірақта, 1836-1837 жж. Ішкі (Бөкей) Ордасында Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлының басшылығымен болған; 1856-1857 жж. Сырдарьяның маңайындағы қазақтардың Жанғожа Нұрмұхамбетұлы басқарған орыс отаршылдығына қарсы күресі; 1868-1869 жж. Орынбор, Орал, Торғай облыстарындағы қазақтардың және 1870 ж. Маңғышлақтағы адайлардың көтерілістерінің және 1837-1847 жж. Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық соғыстың кейбір мәселелері үстірт және шашыранды түрде Н.Середаның, А.А.Тиллоның, Юр-Коньның, П.А. Юдиннің, Х.Я. Полферовтың, Н.Савичевтің, В.О. Поттоның, И.Аничковтың еңбектерінде көрініс тапты [1;2;3;4;5;6;7;8;9]. Оларда бұл көтерілістердің барысын, қазақтардың қолданған әскери тактикасын, басшыларына сипаттама беру әрекеттері жасалған.

XVIII ғ. соңғы ширегіндегі Қазақстандағы отарлық езгіге қарсы маңызды көтерілістердің бірі болған – 1783-1797 жж. Кіші жүзде өткен батыр Сырым бастаған көтерілісі.



Батыр Сырым

Сырым Датов бастаған көтерілістің кейбір мәселелері А.И. Левшиннің «Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей» [10, 259 б.] және М.А. Терентьевтің «История завоевания Средней Азии» деген еңбектерінде қарастырылады [11, 65 б.].

Орыс зерттеушілері А.И. Левшин, М.А. Терентьев көтерілістің себебін Сырым батырдың Нұралының хандық дәрежесін көре алмаушылықпен ғана түсіндіріп, бұл көтерілістің шынайы әлеуметтік-экономикалық себептерін ашық көрсетпеді. Бұдан кейінгі барлық орыс дворяндық-буржуазиялық тарихнама өкілдері бұл көтерілістің тарихын мұқият зерттеместен (В.И. Даль, Г.И. Спасский және т.б.) негізіннен бұл пікірлерді қайталай берді.

Байқап отырғанымыздай, мұндай екіпін кездейсоқ қойылып отырған жоқ. Бұлар царизм саясатына белгілі қоғамдық пікір қалыптастыру мақсатына қызмет етті. Ендігі кезде ханға ғана емес, қазақ даласындағы патша әкімшілігіне де қарсы бағыт ұстанған Сырым Датовтың қозғалысының өрісі Ресейдің Қазақстан мен Орта Азиядағы саяси мүдделеріне белгілі қауіп төндірді, бұл жоғарғы, сонымен қатар, төменгі отарлық билік орындарын ерекше абыржытты. А.И. Левшин сияқты көптеген орыс авторларының қазақ халқының патша әскерлерімен қақтығысын суреттеуде оларды «бұзақы топтар» ретінде көрсетіп, көтерілісшілердің жетекшісі Сырым Датовты барып тұрған «қатыгез» деп атауының себебі осы жерден түсінікті.

Кейбір орыс зерттеушілері қазақ халқының көтеріліс басшыларының жеке бастарын өте жоғары бағалады. Мысалы А.Евреинов Сырым батырдың жеке тұлғасын былайша сипаттайды: «Сырым батыр XVIII ғ. екінші жартысындағы Кіші Ордадағы оқиғаларының көрнекті өкілі болды. Табиғатынан орасан күшке, ер пішінге ие болған, ақылды, қайратты, ержүрек, тапқыр, айлакер және атакқұмар – ол шын мәнінде өзіне халықты табындырған адам болды. Ордалықтар оны мақтан етті, себебі ол қарадан шыққан батыр еді» [12, 65 б.].

Отаршылдыққа қарсы бағытталған қазақ халқының азаттық күресінің ішінде бүкіл халықтық сипат алған, қазақтардың ұлттық мемлекеттігін сақтап қалғысы келген, аруақты Абылай бабамыздың тікелей ұрпағы, ізбасары, оның саясатын жалғастырушы, қазақ халқының тәуелсіздігі үшін бар өмірін ат үстінде өткізген, ақыры сол мақсат жолында шейіт болған өр тұлғалы тарлан,

Кенесары Қасымұлы басқарған 1837-1847 жж. бүкіл қазақтық ұлт-азаттық соғысы Ресейдің 1917 ж. дейінгі зерттеушілерінің мұқият назарына іліккен болатын.

XIX ғ. 40-шы жылдарының аяғынан бастап бұл оқиғаның жекелеген мәселелерін сипаттаған барон П.К. Услар, М.И. Венюков, В.О. Потто, А.А. Тилло, А.Г. Серебренников сияқты әскери тарихшылардың, саяхатшы П.П.Семенов-Тянь-Шаньскийдің, Батыс-Сібір, Омбы, Түркістан отарлық әкімшілігінің қызметкерлері И.Ф. Бабков, И.Завалишин, Л.Мейер, М.Красовский, Н.Я. Коншин Н.А. Середя, А.К. Гейнс, Х.Я. Полферов сияқты буржуазиялық-либералдық бағыттағы зерттеушілердің еңбектері пайда болды [13;14;15;16;17;18;19;20;21;22.]. Олар өздерінің қоғамдық-саяси көз-қарастарына орай бұл мәселені әртүрлі деңгейде қарастырды.



Кенесары Қасымұлы

Шығыстанудың саласы ретінде біз қарастырып отырған XIX ғ. Қазақстан туралы орыс тарихнамасының шартты түрде екі негізгі бағыты болды, олар: академиялық және практикалық. Екі бағыттың өкілдеріне де белгілі методологиялық көзқарастар ортақ болды, ал олардың нақты ғылыми қызметінде өздеріне тән ерекшеліктері де болды.

Қазақстан тарихының академиялық бағытының өкілдері әдетте жаратылыстану, дәл және қоғамдық ғылымдардан терең білімі бар, жалпы Еуропа көлемінде белгілі зерттеушілер болды. Бұлардың көпшілігінің ғылыми зерттеу қызметі Ресейдің орталық ғылыми мекемелерінде дамыды немесе Ғылым Академиясы, Азия мұражайы, Петербор, Мәскеу, Қазан және т.б. университеттері сияқты ғылыми орталықтармен және Орыс Географиялық қоғамымен тығыз байланыста болды.

Аймақтың төңкеріске дейінгі тарихнамасының практикалық бағытының өкілдері, негізіннен ресми адамдар – әкімшілік-шаруашылық қызметкерлері, жергілікті жерлерден тарихи-этнографиялық ақпарат жинау қосымша міндет ретінде тапсырылған шекара әкімшілігінің әскери адамдары және шенеуніктері болды.

Жергілікті тарихи өлкетану прагматикалық жағдайлармен өмірге келіп, саяси конъюнктураның күшті әсерінде болғанымен оған ғылыми-танымдық мақсаттар да жат болған жоқ. Елдің шығысындағы шеткері аймақтардың өмірін зерттеу, орыс интеллигенциясының провинциялық аймақтарынан шыққан зерттеушілердің таным белсенділігі, өз уақытының алдыңғы қатарлы идеяларын игерумен тығыз байланысты болды.

«Бунт киргизского султана Кенесары Касымова (1838-1847)» мақаласының авторын еңбегінің мазмұны бойынша академиялық бағытқа жатқызуға болады, себебі Н.А. Середаның жинақтаған материалы оның қазақ халқының тарихын, сонымен бірге қазақ даласын отарлауға қарсы көтеріліс ұйымдастырған Кенесары Қасымұлы туралы терең білімін дәлелдейді.

Мақала 1870 жылы «Вестник Европы» журналында жарық көрді. Ол құжаттық материал ретінде маңызы зор еңбек. XIX ғ. 30-40 шы жж. тарихи кезеңді жүйелі түрде шолу – кітаптың басты құндылығы болып табылады. Мұндай фактілерден автордың патша үкіметін, не болмаса Кенесарыны жақтау байқалмайды. Тек қана тарихи фактілер жүйелі баяндалған. Н.А. Середа көтерілістің шығу себебін былайша сипаттайды: «Толқудың бұл негізгі себебінен басқа (оның ойынша, Қазақ даласындағы барлық толқулардың себебі – Хиуа хандығының әрекеттері – С.Қ.) тағы да жекелеген себептері болды: қырғыздардың Жалғабайлы, Қыпшақ және Жаппас пен Төртқара руларының ежелден бір-біріне қарсылығы; олардың арасында әрқашан тартыстар мен барымталар болып тұрды. Бұл өзара жанжалға жоғарыда айтылып кеткен қазақ даласындағы хиуалықтар өршітетін толқулар қосылды. 1835 жылы қазақ қоныстары үшін қырғыздарға тиісті жерді межелеп бөліп беру мен 1836 жылғы тәжірибе ретінде жүргізілген – қырғыздардың ұй басынан 1 сом 30 тиын көлемінде салық жинау да толқулар себебіне жатады. Осының бәрі көшпенділердің наразылығын тудырды. Мұндай аласапыран жағдайды пайдаланған сарбаздар да болды, олар өздерінше топтар құрып, бейбіт қырғыз ауылдарына, қазақ даласымен шекаралас Ресей қоныстарына шабуыл жасап, керуендер мен жүргіншілерді тонады, оларды ұстап алып құлдарға айналдырды және хиуа базарларына апарып тез және табысты өткізіп отырды» [1, 24 б.]. Патша үкіметінің Кенесары көтерілісін жаншуға арналған әскери қимылдары туралы өте көп құнды деректерді Н.А.Середа келтіреді. Өзінің 2 бөлімнен 11 тараудан тұратын мақаласының толық 10-шы тарауын Ресей үкіметінің Кенесары көтерілісін басу әрекеттерін сипаттауға арнады.

Орыс зерттеушілері бұл қозғалыстың көсемі Кенесары туралы да көптеген пікірлерін жазып кетті. Барлық авторлар оның көрнекті саясатшы, дарынды қолбасшы болғанын мойындады. Н.А. Середа былай деп жазды: «Сұлтан Кенесары Касымов атақты Абылай ханның ұрпағы. Ол батыл, жауларына қатал болды; жас шағынан бастап жорықтар мен барымталарға қатысуы оның жақсы шабандоз болуына әсер етті, ал сәтсіздіктер болған жағдайларда даланың тақыр жерлеріне қашу, әр түрлі мұқтаждықтар оның рухын шыңдап, төзімділігін арттырды. ... Даланың күшті дауылы сияқты оның екпінді жорықтарын ешқандай кедергілер тоқтата алмады. Керісінше, кез келген кедергі оның қайтпас жігерін қайрап, алдына қойған мақсатына жету үшін жолындағы барлық бөгеттерді жойғанша оның әрекетінің бұрынғыдан да жойқын, батыл болуына әсер етті. Жалпы алғанда Кенесары ұлы тұлға болды, басқа жолмен тәрбиеленгенде, одан көрнекті қайраткер шығатыны сөзсіз еді» [1, 26 б.].

Қазақ өлкесіне жер аударылған поляк революционері Адольф Янушкевич қазақ ханы Кенесарыны бірде ежелгі тарихта аты қалған, Рим империясымен соғысқан Нумидия патшасы Югуртамен, бірде XVIII ғ. 80-ші жж. Алжир халқының азаттық күресінің басшысы Абд-эль-Кадрмен салыстырады [24, 55 б.].

Орталық Азияны зерттеуші, атақты орыс саяхатшысы П.П.Семенов-Тянь-Шанский оны біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырда Кіші Азиядағы Понт патшасының билеушісі, Рим құл иеленуші мемлекетінің жаулағыш саясатына қарсы тұрған Митридат IV Евпатормен теңеп, тәуелсіз қазақ мемлекетін уақытша болса да қалпына келтірген хан ретінде жоғары бағалайды [16, 52 б.].

Орыс зерттеушісі Н.Я. Коншин былай деп жазды: «Кенесары Қасымұлы қырғыздардың Құдайменді Газин, Сыбанқұл Ханкожин сияқты т.б. көсемдерінен әлдеқайда биік тұрған көрнекті адам болды. Олардың барлығы қырғыздардың рулық қатынастарының тар шеңберінен шыға алмады, тайпаларға және тіпті ордаларға бөлінбейтін барлық қырғыздардың саяси бірлігі туралы армандаған Кенесары Қасымұлын ғана қырғыз халқының нағыз Батыры деп атай аламыз. Оның қаза болуынан кейін орыс билігі қырғыз даласына кең адыммен тарай басталғаны соншалық, он жылда аз-ақ асқан уақыт ішінде Ресей үкіметінің сұлтандар билігін жойып, 1822 ж. кең танымал

«Устав о сибирских киргизах» Ережесінен баска жаңа Ережені енгізуіне мүмкіндік туған болатын» [21, 228 б.].

Н.Я. Коншиннің «Материалы для истории Степного края. К истории Каркаралинского и Аягузского округов в 30-х и 40-х годах XIX столетия» деген еңбегін батыл түрде практикалық бағытқа жатқызуға болады. Бұл орыс зерттеушісінің мақаласы қазақтарға арналған мұрағат материалдарының негізінде жазылған.

Кенесары бастаған көтерілістің себебі туралы Н.Я. Коншин былай деп жазды: «Тәртіпсіздіктердің себебі ретінде әдетте қырғыздардың жаңа Ережеге наразы болуы көрсетіледі» дейді [21, 224 б.]. Сонымен қатар ол көтерілістің басталуына осы уақыттағы жер мәселесінің шиеленісуі, патша үкіметінің салық саясаты мен қазақ даласына қарулы әскер жіберуі, олардың бейбіт ауылдарға қысым көрсетуі тікелей әсер еткенін атап көрсетті [21, 201 б.].

Г.Добрыйслов «Тургайская область. Исторический очерк» деген очеркінде «хандық және сұлтандық биліктің жойылуына наразылық – өткен жүзжылдықтың екінші ширегіндегі қырғыздар арасындағы толқулар себептерінің қатарына жатады» дейді [23, 32 б.]. Көтерілістің басталуына 1822 жылғы «Устав о сибирских казахах» Ережесінің енгізілуі себеп болғанын бөтен орыс тарихнамасының өкілдері – барон П.К. Услар, А.К. Гейнс, Л.Мейер бір ауыздан мойындайды.

Патша үкіметінің бұл көтерілісті жаншуға арналған әскери қимылдар туралы толық мәліметтерді әскери тарихшылар В.Потто, М.И. Венюков, А.Г. Серебренников, Н. Я. Коншиннің еңбектерінен алуға болады.

Көтеріліс басшыларының жеке бастарының ұйымдастырушылық, әскери басшылық қызметтерін жоғары бағалағанымен, орыс зерттеушілері бұл көтерілістердің заңдылығын жоққа шығарып отырды. Оны біз олардың бұл көтерілістерді «бүлік», «тәртіпсіздік» деп атауынан көреміз. Орыс тарихнамасының Қазақстанда болған көтерілістердің қозғаушы күштерін – «тонаушылар», «жауыздар» болды деп бағалауы, 1917 ж. төңкеріске дейінгі халықтың әлеуметтік күресін теріс, субъективті түсіндіруінен туды.

Ұлт-азаттық қозғалыс – бұл ұлттық, әлеуметтік, экономикалық, саяси, діни, рухани, мәдени қайшылықтарының түйіні. Ел тәуелсіздігін қызғыштай қорыған қазақ халқының ұлт-азаттық күресінің тарихын отаршылдықтың қайсы бір дәуірінде болсын орыс тарихнамасы өкілдері ұлы державалық империалистік саясаттың, үстем тап идеологиясының, еуропацентристік методологияның қағидалары тұрғысынан зерттеді.

Пайдаланған әдебиеттер

- 1 Середина Н. Бунт киргизского султана Кенесары Касымов (1838-1847) // Вестник Европы. 1870, №9. – С. 20-45.
- 2 Середина Н. Из истории волнения киргиз в Оренбургском крае // Русская мысль. 1891, №7. – С. 32-44; №8. – С. 18-38; №9. – С. 66-90.
- 3 Тилло А.А. Взгляд на степную войну // Военный сборник. 1873, №11. – С. 49-77; №12. – С. 219-256.
- 4 Юр-Ко. Взгляд на степную войну // Военный сборник. 1873, №16. – С. 64-76.
- 5 Юдин П.А. Адаевский бунт на Мангышлаке в 1870 году // Русская старина. 1897, №7. – С. 45-66.
- 6 Полферов Х.Я. В горах Алатау Из истории бунта Кенесары Касымов (1843-1847) // Исторический вестник. 1904, №8. – С.50-75.
- 7 Савичев Н. Исатай Тайманов, старшина Внутренней орды // Уральские войсковые ведомости. 1877, №1. – С. 20-38.
- 8 Потто В.О. Гибель отряда Рукина// Исторический вестник. 1900, №8. – С.60-86.
- 9 Аничков И. Киргизский герой Джанкожа Нурмухамедов // Известия общества археологии при Казанском университете, 1894, т. XII, вып.428. – С.60-85.
- 10 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей / соч. Алексея Левшина. – СПб., Тип. Карла Крайя, 1832.
- 11 Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии. В 3-х томах с отдельным Атласом карт. - М.: Издательство Секачева В.Ю., 2022. - 1656 с.

- 12 Евреинов А. Внутренняя или Букеевская киргиз-казачья Орда // Современник. Т. XXIX, 1851.
- 13 П.К.Услар. Четыре месяца в киргизской степи // Отечественные записки, 1848, Ч.1-6. – С. 141-214.
- 14 Венюков М.И. Записки о степных походах в Средней Азии // Военный сборник. 1860, №2. – С. 277-288.
- 15 Серебренников А.Г. Сборник материалов для завоевания Туркестанского края – Т. 1-3. – Ташкент, 1912-1915.
- 16 Семенов- Тянь-Шаньский П.П. Мемуары. Путешествие в Тянь-Шань в 1856-1857 годах. – М., 1964. – Т.1.
- 17 Бабков И.Ф. Воспоминания о моей службе в Западной Сибири (1859-1875). – СПб., 1912.
- 18 Завалишин И. Описание Западной Сибири. – М., 1867. – Кн.3. -168 с.
- 19 Мейер Л. Военно-статистический обзор Киргизской долины Оренбургского ведомства // Материалы для географии статистики России, собранные офицерами Генштаба. СПб., 1865. – Т.10. – С.176-216.
- 20 Красовский Н.И. Область сибирских киргизов // Материалы для географии статистики России, собранные офицерами Генштаба. - СПб, 1868. – Т.16. Ч.1. – С.60-76.
- 21.Коншин Н.Я. Материалы для истории Степного края. К истории Каркаралинского и Аягузского округов в 30-х и 40-х годах XIX столетия // Памятная книжка Семипалатинской области за 1902 год. – Семипалатинск, 1902. Вып.6. – С.30-56.
- 22 Гейнс А.К. Киргизские очерки. – СПб, 1898.
- 23 Добромыслов Г. Тургайская область. Исторический очерк. – Тверь, 1902.
- 24 Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. Перевод с польского. Ф.Стекловой. – А., 1966.

СҰЛТАН БЕЙБАРЫС ТУРАЛЫ БАСТЫ ДЕРЕККӨЗ – «ТАРИХ ӘЛ-МӘЛИК ӘЗ-ЗАҺИР» ҚОЛЖАЗБАСЫ

Ғ.Қ. Кенжебаев – *Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
т.ғ.д., профессоры, Алматы қ., Қазақстан*

А.Ж. Берікболова – *Абай атындағы ҚазҰПУ-нің магистрі, оқытушы, Алматы, Қазақстан
<https://orcid.org/0000-0001-7322-4038>*

Қазіргі Мысыр, Сирия, Иордания, Ливан, Израиль, Палестина автономиясы, Сауд Арабиясының Хиджазы мен Ирактың Евфрат өзенінің батыс жағындағы жерлерді және Түркияның оңтүстік-шығысын қамтыған Мәмлүк мемлекеті тарих сахнасында 132 жыл өмір сүрген. Мәмлүктерді құлдықтан босатып, оларды Мысыр мемлекетінің тірегі етіп қойған, мәмлүктер тарихында он жеті жыл басқарған Қыпшақ династиясының негізін салушы Байбарыстың өмір жолы күрделі де әсерлі.

Мәмлүктердің тарихына қатысты өзі куә болып, ешбір хабаршыға жүгінбей жазған аса ірі еңбек Ибн Шәддадтың – «Тарих әл-Мәлик әз-Заһир» атты қолжазбасы. Бұл мақаланы жазуда «Тарих әл-Мәлик әз-Заһир» қолбасының екінші томы негізге алынды. Қолжазба қазақ тілінде 2000 жылдан бастап қазақ тіліне аударылды. Қазіргі таңда белгілі болған беттердің барлығы дерлік аударылып, қазақ тілінде тарихшылар мен оқырмандарға қол жетімді болып отыр. Осы мақалада қолжазбада жазылған Бейбарыс сұлтан ішкі-сыртқы саясаттарындағы маңызды қадамдарына ғана тоқталдық.

Бұл еңбекте Бейбарыс сұлтанның ғұмыры, тұлғалық қасиеттері, билік құрған кезеңі қамтылған. Бұл еңбектің мәмлүктер тарихы мен Бейбарыс сұлтанның өмірі туралы маңызы өте зор. Тіпті мәмлүктер тарихын оқуда осы қолжазбадан бастан дұрыс дер едік. Себебі, автор қолжазбада келтіретін мағлұматтардың дереккөздерінің басым бөлігі өз көзімен көрген

оқиғалары және Бейбарыс сұлтан мен Мәмлүктер мемлекеті туралы өзі тікелей білген ақпараттар. Сондықтан автордың қолжазбаны жазуда өзге тарихшылардың еңбектеріне жүгінбей, көрген-білгендерін ашық жазып қалдырған.

Осылайша, автор Бейбарыс сұлтан туралы еңбектер жазған өзге тарихшылардан ерекшеленеді. Сұлтанға қатысты саяси, әскери, әлеуметтік, тұлғалық тұрғыдан аса маңызды тарихи деректерді келтірген. Басқа тарихи еңбектерде кездеспейтін деректерді қамтыған. Міне, осы қырынан қолжазба аса бағалы теңдессіз тарихи еңбек болып саналады.

Алайда бізге осы еңбектің 1271 жылы басталып, сұлтанның дүниеден өткен уақытына дейін қамтылған II томы ғана жеткен. Бұл қолжазбаның жалғыз нұсқасы Түркияның Эдирне қаласының Селимия қолжазбалар кітапханасында сақталған.

Қолжазбада Бейбарыс сұлтан заманындағы уақиғалар мен тарихи мәліметтерді жылдарға бөле отырып, хронология бойынша жазған. Сондай-ақ автор әрбір жылдың соңында сол жылы қайтыс болған кейбір тұлғаларды алфавиттік ретпен атап өтеді. Әрі олардың өмірбаянына тоқталады.

Қолжазбаның алғашқы толық нұсқасы, өкінішке қарай біздің заманымызға жетпеген. Қолжазбаның бірінші томы жоғалып кеткен. Біздің қолымызға тигені тек жалғыз нұсқасы сақталған екінші томы. Бағзы ғалымдар бұл нұсқа автордың өз қолымен жазылған деген көзқарасты алға тартады.

Әйгілі шығыстанушы Клод Каэн «қолжазба Бейбарыс сұлтан опат болған соң жазылып, тәмамдалған» деген пікірді алға тартады.

Шығыстанушы Клод Каэн қолжазбаны «эр-Раудуз-Зәһир фи сирати әл-Мәлик әз-Зоһир» деп атаған. Ал Дәиратул-Мағариф әл-Исламияда (Ислам энциклопедиясы) бұл қолжазбаның атауы «Хаяту Бейбарыс» делінеді.

Ортағасырлық бағзы ислам тарихшылары еңбектерінде аталған қолжазбаны «Сирату әл-Мәлик әз-Зоһир» және «эр-Раудуз-Зәһир фи сирати әл-Мәлик әз-Зоһир» деп атайды. Ал қолымызға тиген қолжазбада еңбектің атауы «Тариху әл-Мәлик әз-Зоһир» деп берілген.

Қолжазба 272 парақтан тұрады. Әр бетте 15 қатар жазу бар. Ұзындығы – 26 см, ені – 19 см. Қолжазбаны жібектен жасалған, жартылай күңгірт, жұқа немесе қалыңдау қағаз түріне түсірілген. Алғашқы бетінің жоғарғы жағында: «Барша мадақ Аллаға тиелісі. Біздің мырзамыз Мұхаммедке, оның отбасына Алланың салауаты мен сәлемі болсын! Бұл кітаптың авторы ең ұлы, аса құдіретті ұлы Алла Тағалаға шүбәсіз сенетін Әбу Бәкір ибн Омар ибн Әбу Бәкір ибн Омар» деген жазу бар. Алғашқы бетінің орта тұсында: «Жеңімпаз патшаның тарихы кітабының екінші томы, Алла Тағала оны өз рақымына бөлесін! Әмин!» деген сөз бар.

Қолжазба Бейбарыс сұлтанның он жеті жылдан астам билік жүргізген жылдарының он екінші жылынан басталады. Қолжазбаның алғашқы парағынан кейінгі екі парағы түсіп қалған. Автор 192 парақтан бастап сұлтанның тұлғалық қасиеттері мен ерекшеліктеріне тоқталудан бастайды. Сұлтанның қасиеттерін он бес тарауға бөліп қарастырғанын да баяндайды. Алайда қолжазба он төртінші тараумен бітеді. Демек, еңбектің он бесінші тарауы бізге жетпеген. Бұл соңғы тарау болжаммен 3 парақтай болған. Еңбек жалпы 28 тарауға бөлінген. Ибн Шәддад Сұлтан Бейбарысты еңбегінің басты тақырыбы етіп, ал оқиғаларды тарихи жыл хронологиясы бойынша жүйелі түрде әңгімелейді.

Автордың еңбекті оқырманның оқуына барынша қолайлы етіп жазғаны байқалады. Еңбегінде әрбір оқиғаның жылы мен күнін нақты көрсетіп отырады. Оқиғалардың мазмұнын бірден білдіретін тақырыптар қойған. Сондай-ақ әрбір жылды сол жылы дүние салған мәшһүр ғұламалардың, әміршілердің және мемлекеттік маңызды тұлғалардың есімін атап, қысқаша өмірбаянына тоқталып аяқтайды. Осы бірізділікті сұлтан қайтыс болған һижри 676 жылға дейін жалғастырады.

Қолжазбаның екінші томында Бейбарыс сұлтанның 1272-1278 жылдар аралығындағы ғұмырын қамтыған. Автор бұл еңбекте сұлтанның қол жеткізген жетістіктері мен жеке тұлғалық қасиеттерін әңгімелейді. Сұлтанның қайтыс болуын, жерленуін, артына қалдырған қайырымдылық мақсатындағы уақып істерін жан-жақты баяндаған. Автор сұлтанның мемлекет істеріне

қатысты іс-әрекеттерін, қабылдаған шешімдерін мемлекеттің ішкі және сыртқы саясаты тұрғысынан қарастырған.

Мысалы, Бейбарыстың алғашында жаяу әскер құрамында болып, кейіннен қылыштасу мен садақ тартудағы шеберлігін көрсетті. Тағы біраз уақыт өте өзінің батырлық бейнесін танытқан аттың жалын тартып, ерге отырды. Әскери, қолбасшылық дәрежелері уақыт өткен сайын өсе берді. 1249 жылы француздардың тарихта Каирге «Жетінші крест жорығы» аталатын шабуылы кезінде Бейбарыс өзінің мықты стратегиясымен олардың бетін қайтарып, әл-Мансура шайқасында жеңіске жетті. Ал Шам аумағында өткен Айн-Джалут шайқасы өзінің қиян-кескі жойқындығымен белгілі. Бұл шайқас тек Шам халқы ғана емес, бүкіл мұсылмандардың тағдырын шешкен алапат еді. Мысыр сұлтаны Аюби оны өзінің хатшысы етіп тағайындады. Сол кезеңде Бейбарыс басқарған Мәмлүк мемлекетінің әскері орта ғасырлардағы екі ірі қолға – "крестілер жорығы" мен моңғол басқыншыларына тойтарыс берді. 1260 жылы Күтіз сұлтан қайтыс болғаннан кейін, Бейбарыс таққа отырды. Сондай-ақ, тарихшы ғалым мемлекеттің ішкі істерінде Бейбарыс сұлтан өзінің құзыретін қуаттау үшін исмаилиттердің (шииттердің алтыншы имамы Жағфар Садиктің ұлы Исмаилды өздеріне көшбасшы еткен шииттік ағымдардың бірі) қамалдарын басып алуын, ара-тұра мемлекетке қауіп төндіріп шабуылдаған көршілес нубилерді (Ніл өзенінің жағасынан бастап Суданға дейінгі өлкені мекендеген африкалық жергілікті халық. Бұлар мекендеген өлке Нубия елі деп аталады) жазалауын, мемлекеттің ішкі ісіне араласып өзіне қарсы шыққан әміршілерді кешіргенін әңгімелейді. Сонымен қатар қолжазбада сұлтанның саяси шешіміне қарсы шыққандарды қалай жөнге салғаны, әскер арасында беделді әміршілерді әртүрлі тәсілмен өзіне жақындатуы айтылады. Соның ішінде Қалауын секілді әміршінің қызын ұлы Сағитке айттыруын келтіреді. Өз заманында ислам әлемінің көшбасшысы деңгейіне көтерілу үшін сұлтанның жұмсаған қайратын һәм сол биік мәртебеге дін жолындағы қажырлы еңбегінің арқасында жете білгенін егжейлі-тегжейлі жеткізген.

Шындығында, Бейбарыс сұлтан 1261 жылы Хулагу құлатқан халифалық билікті Мысырда қайта құрды. Мұсылмандардың құқын қорғап, шариғат тыйым салған істердің жүзеге асуын, мас қылатын ішімдіктердің сатылуын тоқтатты. Мемлекет ішінде әділдік орнауы жолында тиісті шаралар қабылдай білді. Тіпті, бұл жолда өзіне жақын жандарды жазалаған кезі де болды. Жаңа мешіттер салуға, ескі мешіттерді қайта жөндеуден өткізуге ерекше көңіл бөлді.

Қажылық жасап, арнайы жасатқан жабуын ерекше салтанатпен Қағбаға жапты. Қағба жабуының жыл сайын Мысырда тігіліп, айрықша сән-салтанатпен жабылуын қамтамасыз етті. Міне, осы жасаған істері, тағы да басқа дер кезінде қабылдаған шешімдерінің арқасында Бейбарыс сұлтан аз ғана уақыт ішінде ислам әлемінің абыройлы билеушілерінің қатарына кірді.

Автор өз еңбегінде Бейбарыс сұлтанның елдің, саудагерлер мен кәсіп иелерінің жағдайымен санасып отырып іс жүргізгенін айтады. Атап айтқанда, елдің дамуына ықпал ететін мемлекеттің ішкі істеріне ерекше ыждағатпен көңіл бөлген еді. Соның бірі халыққа салық салу жөнінде пәрмен шығарып, алайда елдің бұл салықты төлеуден бас тартып, наразылық танытқанын естіген бетте салық жинаудан бас тартты. Сұлтан мемлекеттің ішкі қауіпсіздігін ерекше назарға алып, ел ішін әрдайым аралап отырған.

Кейде салтанатты түрде, кейде хат таситын хабаршы ретінде, тіпті кей уақытта қарапайым адам ретінде елді аралап шығатын. Осылайша, өзі тағайындаған әкімдер мен уәзірлердің жұмысын бақылайтын еді.

Автор қолжазбасында Бейбарыс сұлтанның сыртқы саясатын екі тұрғыдан: әскери және саяси жағынан қарастыруға күш салғанын жазады. Әскери тұрғыдан сұлтанның елхандық моңғолдармен текетіресін сөз еткен. Себебі моңғолдар Сейфуддин Күтүз сұлтанның басшылығымен болған Айн-Жалут (қазіргі Палестинаның солтүстік жағында Наблус қаласы мен Бисан қаласының арасындағы Жалут деген бұлағы бар жазық жердің аты) шайқасында күйрей жеңілсе де, енді ғана іргесі қаланған Мәмлүк мемлекетіне қауіп төндіруді қоймады. 1272-1276 жылдары моңғолдар бірнеше рет тынбастан жорықтар ұйымдастырды. Мәселен, олар 1271 жылы Харранға (қазіргі Түркия еліндегі Шаңлыурфа провинциясындағы ең ескі шаһар) шабуыл жасап, қаланы тас-талқан етіп қиратты. Алайда сұлтан дәл сол жылы Ефрат өзені бойында оларға ауыр

соққы жасап, жеңіске жетті. Міне, осы шайқас туралы Ибн Шәддад әңгімелей келе сұлтанның әскерін өзеннен өткізу үшін арнайы көпір жасатқанын, әскерді өзі бастап өткенін, оның шайқаста көрсеткен батырлығын кеңінен баяндайды.

Автор қолжазбада Бейбарыс сұлтанның дипломатиялық қатынстарды мемлекет игілігі үшін шебер пайланған. Сұлтанның елдің сыртқы қарым-қатынасында тек әскери күшке ғана емес, әскери күштен кем ықпал етпейтін дипломатиялық саясатқа жүгініп отырғанын баяндайды. Мұны сұлтанның еуропалықтармен және елхандықтармен жүргізген дипломатиялық байланыстарынан көреміз. Ол елхандықтарға қатысты саясатында оларды әлсірету үшін Алтын Орданың ханы Беркемен қарым-қатынасты күшейтуге әрекет етті. Мұсылман дінін қабылдаған ханға алуан түрлі сыйлық пен жиі- жиі елшілер жіберіп отырды. Берке ханмен одақтас болуға өзара келісті.

Елхандықтар мен алтынордалықтардың арасындағы келіспеушілік пен текетіресті арттыра түсу саясатын ұстанды. Сұлтанның Алтын Орда ханы Беркемен одақтас болуының басты мақсаты парсы жерінде билік жүргізген Хулагу мен оның ұрпақтарына қарсы күшті нығайту еді.

Мұсылман тарихында ислам құтқарушысы атанған, ислам дінінің төрт мазһабын теңестірген билеуші. Жүздеген мешіт, көпір, керуен сарай, медресе салғызған көсем. Алтын Ордамен дипломатиялық, сауда байланыстарын орнатқан, ана тілінде сөйлеп, күнделікті өмірінде ата дәстүрін ұстанған, жат жерде он жеті жыл сұлтандық құрған және басқа да өшпес істер қалдырған Ұлы даланың перзенті – Байбарыс еді. Қолжазбада келтірілген осындай мағлұматтар Бейбарыс сұлтанның мемлекеттің ішкі саясатын шебер жүргізгенін және халықаралық аренада аса абыройлы әрі беделді билеуші болғанын көрсетеді.

ТУРКИЙ ДУНЁ ДАВЛАТЛАРИ МУСУЛМОН ХУКМДОРЛАРИ ВА ҚОЗИЛАР ТАРИХИДАН

Каримов Кахрамон Садикович –

*Қўқон давлат педагогика иснтитутуи Тарих кафедраси доценти в.в.б.,
Тарих фанлари бўйича фалсафа доктори (PhD) qahramonjob876@umail.uz*

Республикамызда давлат ва ҳуқуқнинг пайдо бўлиши, ривожланиши тарихини ўрганиш муҳим аҳамият касб этади. Чунки, бу масалалар нафақат бўлажак ҳуқуқшунос кадрлар, балки жамиятнинг бошқа қатламларининг сиёсий ва ҳуқуқий онгининг шаклланишига, давлат ва ҳуқуқнинг жамият ҳаётида тутган ўрни, роли, шахс, жамият ва давлатнинг муҳим ҳаётий манфаатларини ички ва ташқи таҳдидлардан муҳофаза қилишдаги аҳамиятини тўғри тушуниб етишига, давлат органлари фаолиятидаги ҳуқуқ нормаларини ҳаётга татбиқ қилишда, мавжуд муаммоларнинг самарали ечимини топишда ёрдам беради.

Мамлакатимизда изчиллик билан олиб борилаётган ислохотлар силсиласида муҳим йўналиш сифатида қаралаётган фуқароларнинг ҳуқуқ ва эркинликлари ҳимоясига қаратилган суд-ҳуқуқ тизимини либераллаштириш алоҳида ўрин тутади. Ўзбекистонда мустақил, адолатли суд ҳокимиятини қарор топтириш давлат сиёсатининг устувор йўналишларидан бири бўлиб, у давлат раҳбари, соҳа ходимларининг доимий диққат марказида бўлиб келаётган масаладир¹⁹.

Ҳуқуқий тарбия бериш жараёнида шахсий ҳуқуқий тарбия муҳим ўрин эгаллайди. Ҳуқуқий тарбиянинг мазкур шакли сезиларли даражада самаралидир. Шахсий ҳуқуқий тарбия фуқаронинг ҳуқуққа бўлган ҳурматини шакллантириш, ўзини ўзи ўқитиш орқали ҳуқуқий қоидаларга қатъий риоя қилиш, ҳуқуқий воқеликни ҳамда шахсий амалиётни мустақил таҳлил этиш орқали амалга оширилади. Шахсий ҳуқуқий тарбия бошқа шаклларда ҳам амалга оширилиши мумкин. Масалан, биророрта давлат органининг, муайян ташкилотнинг ёки хўжалик юритувчи субъектнинг юридик хизмати томонидан маълум бир ҳуқуқий ҳужжат лойиҳаси кўриб

¹⁹ Одилқориев Х.Т. Конституция ва баркамол жамият орзуси. – Тошкент: Ўқитувчи, 2012. – Б. 406.

чикилиб, унга тегишли таклифлар билдириш, ҳуқуқий ҳатоларини тўғрилаш мақсадида ўзгартириш ва кўшимчалар киритиш ёхуд лойиҳанинг амалдаги қонун ҳужжатларга мос эмаслигини асослангирган ҳолда тегишли бошқарма (бойим, хизмат)га қайтариш, у ердаги мансабдор шахснинг ҳамда ходимларнинг ҳуқуқий онгини ва маданиятини оширишга муайян даражада хизмат қилади. Юридик хизмат томонидан ҳуқуқий ҳужжат лойиҳасига билдирилган фикрлар ва эътирозлар тегишли раҳбар, бошқарма (бўлим, хизмат) бошлиғи ёки мутахассис томонидан қайта кўриб чикилиб, камчиликлар бартараф этилади. Натижада келгусида улар томонидан бундай ҳатоларга йўл қўйилмаслик учун замин яратилади.

Ўзбек халқининг ижтимоий, маданий, маънавий ҳаётида, урф-одат ва анъаналарида ислом дини муҳим ўрин тутди. Ислом дини минг йиллар давомида ахлоқ нормалари ва миллий кадриятларга сингиб улар инсонлар ўртасидаги ўзаро муомала маданияти, ҳулқ-атвор қоидаларини шаклланишида катта аҳамиятга эга бўлган. Одамларга ҳаёт синовлари ва кийинчиликларини енгиб ўтишларида руҳий ва маънавий куч бағишлаган. Шунинг учун ҳам ислом дини инсонларни ишончли ҳамроҳи, инсонлар ҳаётининг бир қисми бўлиб келмоқда. Ўзбек халқининг ўзига хос хусусиятларидан бири шундаки, ислом дини бизнинг, қон-қонимизга сингиб, онгу шууримиздан чуқур жой олган.

Ислом диний-ҳуқуқий тизими деб таърифланадиган «мусулмон ҳуқуқи» ВИИ – Х асрларда араб халифалигида пайдо бўлган. Илк ислом даврида ижтимоий, иқтисодий, сиёсий масалаларга урф-одат ва Қуръони Каримга асосланган ҳолда ёндашилган. Ислом илоҳиётчилари бир неча аср мобайнида Қуръони Карим, Сунна, қиёс²⁰ ва ижмоъга²¹ суяниб шариат қонунларини ишлаб чиққанлар. Улар фикҳда шариат манбалари – «усул ул-фикҳ» деб эътироф этилган. Шариат диний-ҳуқуқий тизим сифатида ХИ – ХИИ асрларда тугал шаклланган. Жумладан, ислом оламида Мовароуннаҳр ва Хуросон фикҳ мактаблари машҳур эди. Бинобарин, фикҳ арабча «тушуниш» маъносини англатиб, Фикҳнинг физиогномияси²² мусулмон ҳуқуқшунослиги, шариат қонун-қоидаларини ишлаб чиқиш билан шуғулланувчи ислом илоҳиётининг бир соҳасидир. Фикҳ диний ҳуқуқшунослик сифатида икки соҳада – шариат манбаларини ишлаб чиқиш («усул ул-фикҳ») ва шариатни муайян бир соҳаларга татбиқ қилиш («фуруъ ул-фикҳ»)дан иборат²³.

Ғарб муаллифлари орасида «Ислом тарихининг ўрта аср даврини теократик тузум, ундаги ҳукмдор Худонинг ер юзидаги халифаси, унинг фармонларига ҳеч ким қарши чиқа олмайди» деган мулоҳаза кенг тарқалган. Бундай ҳукмдорларни фақатгина сарой ичидаги фитналар билан ағдариш мумкин. Ҳатто, шарқшунослар доим мактаб келадиган султон ва халифлар ҳар қандай фармон ва қарорларнинг мутлақ ҳокими сифатида қабул қилган, мусулмон дунёсининг тақдири уларнинг кайфиятига боғлиқ, деб қабул қилганлар.

Шарқшунослар фикрига кўра, мусулмон дунёси – ҳукмдори золим ё доим маст сархуш ахлоқсиз... Ғарб онгидаги мусулмон давлати ҳақидаги тасаввур ҳамон ўзгармаган. Ҳукмдорнинг ўй-хаёли хотинлар ва халқ фақат унга бўйинсиниши керак эмиш.

Бироқ, Ислом тарихини чуқур ўрганиб чиқсак, юқорида айтилган фикрлар ҳақиқатдан анча узоқ экани ойдинлашади. Аслида, Ислом ҳукмдорлари ўз маъсулияти ҳақида илғор ёндашувда бўлишган экан.

²⁰ **Қиёс** (араб. – таққослаш) – шариат манбаларидан бири (Қуръон, сунна, ижмо билан бирга). Қиёсда дастлабки 2 манба – Қуръон ва суннада берилмаган бирор ҳуқуқий масала улардаги шунга ўхшаш масала бўйича берилган қўрсатмага таққослаш йўли билан шарҳ этилган. Қаранг: (Электрон ресурс) (кириш вақти 19.04.2021й соат 15:33) [қомус.инфо/энсйслопедиа/кат-к/қиёс-уз/](https://qomus.info/encyclopedia/cat-i/kiyos-uz/)

²¹ **Ижмо** (араб. – яқдиллик, яқдиллик билан қабул қилинган қарор; ижмо ал-умма – диний жамоанинг ягона фикри) – Қуръон ва ҳадисларда аниқ қўрсатма берилмаган ҳуқуқий масалани ҳал қилишда фақиҳ ва мужтахидларнинг тўпланиб, ягона фикрга келган ҳолда ҳукм чиқариши (фатво бериши). Бу ҳақда қаранг: (Электрон ресурс) (кириш вақти 19.04.2021й соат 15:37) <https://qomus.info/encyclopedia/cat-i/ijmo-uz/>

²² **Физиогномия** – юз ҳаракат ифодаси, юз кўриниши. Ж. Ссхачт, Интродустион то Исламис Лав .Оxford: Сларендон Пресс: 1965, page 808.

²³ Юридик атамалар қомусий луғати. – Тошкент: Шарқ, 2003. – Б. 248.

Масалан, шарқшунос Уилям Мюр Мисрнинг энг буюк ҳукмдорларидан бири бўлган Султон Зоҳир Бейбарсни шавкатли ҳукмдор бўлганлигини ёзади.

Султон Бейборс мағуллар ва салбчиларга қарши катта ҳарбий ҳаракатларни амалга оширган ҳамда иқтисодий ва қишлоқ хўжалигига оид зарурий ислоҳатларни амалга оширган. Кўприклар, тўғонларни бунёд этган, мамлакатда тинчлик сақлаган ҳамда аҳолини ижтимоий таъминот билан таъминлаган. У кўзга кўринган истеъдодли ҳарбий раҳбар ва катта таъсирга эга шахс бўлган ҳисобланади. Замондошлари ундан кўрқиган. Кўпчилик уни золим бўлганини айтишади, бироқ тарих бунинг аксига гувоҳлик бермоқда. Султон жамоатчилик фикрини инобатга олган ва халқнинг манфаатларига мувофиқ сиёсат юритган²⁴.

Ўша даврларда фуқаролар жамиятининг пешволари сифатида уламолар ҳисобланар эди. Шундай уламоларнинг бири Изз ибн Абдусалом эди. У Миср тарихида муҳим ўрин эгаллаган. Султон Бейбарс уламолар фикрига қулоқ солган ва уларга қарши бормаган²⁵.

Яна, ҳукмдорлар ичида катта обрўга эга олим ва қози Тожиддин ибн бинт Ал-Ааз ҳам бўлган. Бейбарснинг муҳим вазирларидан бири Баҳоуддин бин Ханна Ал-Аазнинг халқ орасидаги катта обрўси туфайли унинг ёрдамига доим муҳтож бўлган, Бейбарс эса сиёсат масалалари бўйича уламо билан доим маслаҳатлашиб турган.

Жуда кўп асарларнинг муаллифи ва жуда кўп олимларнинг муаллими бўлган имоми Муҳиддин Нававий ҳам ҳукмдор билан узаро алоқада бўлганлигига яна бир мисолдир.

Султон Бейбарс Дамашқда баъзи объектларни мусадара қилганида имом Нававий Дамашқ аҳолисининг ҳуқуқини ҳимоя қилиб сиёсий кураш олиб борган. Имом Нававий Бейбарсга ҳукмдорнинг ўз халқига қандай муносабатда бўлиши кераклиги ҳақида Исломий ҳукмларни ёзиб, тушунтириб юборган. Ҳамда султоннинг Дамашқ аҳлига келтирган зарарини ҳам ёзган. Нававийнинг мактуби илтимос оҳангида эмас балки султоннинг шариатга (қонунга) амал қилиши ҳақида аниқ кўрсатмалар эди. Султон унинг мактубини ўқишдан бош торганида имом қатъиятлик кўрсатган. Бейбарс уруш учун аҳолининг мулкани мусадара қилмоқчи бўлганида ҳам Нававий султонни танқид қилган. Султон эса ўз ўринда уни Дамашқдан бадарға қилган. Сўнг Дамашқ уламолари султон қарорига қарши чиқиб, имоми Нававийни қайтаришга мувоффақ бўлган²⁶.

Уламолар ва султонлар ўртасидаги ихтилофлар кўпинча ҳукмдорлар мавқеи ва таъсирига боғлиқ бўлган ва султонларнинг уламоларнинг талабларига бўйинсиниши шахсий масала бўлмаган, балки халқ иродасига бўйинсиниш масаласи бўлган.

Юқорида зикр қилинган фактлар Ислом оламида ҳукмдорлар «амри маъруф ва наҳий мункар» тамойилига асосланган халқ иродасига бўйинсиниши кераклигини исботлайди. Омма, ҳукмдорга бўлган муносабатида ҳам мазкур тамойилга асосланган.

Адабиётлар рўйхати:

1. J. Schacht, Introduction to Islamic Law .Oxford: Clarendon Press: 1965, page 808.
2. Юридик атамалар қомусий луғати. – Тошкент: Шарқ, 2003. – Б. 248.
3. Одилқориев Х.Т. Конституция ва баркамол жамият орзуси. – Тошкент: Ўқитувчи, 2012. – Б. 406.
4. <https://qomus.info/encyclopedia/cat-q/qiyos-uz>
5. <https://qomus.info/encyclopedia/cat-i/ijmo-uz>

²⁴ Абу Муслим. Мусулмон ҳукмдорлар – золим бўлишганми? <https://e-tarix.uz/maqolalar/962-maqola.html>

²⁵ Абу Муслим. Мусулмон ҳукмдорлар – золим бўлишганми? <https://e-tarix.uz/maqolalar/962-maqola.html>

²⁶ Абу Муслим. Мусулмон ҳукмдорлар – золим бўлишганми? <https://e-tarix.uz/maqolalar/962-maqola.html>

**МЫСЫРДЫ ҚУАТТЫ ДЕРЖАВАҒА АЙНАЛДЫРҒАН ЖЕҢІСТЕРДІҢ АТАСЫ
АТАҒАН ДЕШТИ-ҚЫПШАҚ ҰЛЫ
ДЕШТИ – СЫН КЫПЧАКА, СТАВШИЙ ОТЦОМ ПОБЕД, СДЕЛАВШИХ ЕГИПЕТ
МОГУЩЕСТВЕННОЙ ДЕРЖАВОЙ
DESHTI IS A SON OF KYPCHAK, WHO BECAME THE FATHER OF VICTORIES THAT
MADE EGYPT A POWERFUL POWER**

Симтиков Жомарт Құдайбергенұлы – ҚазҰПУ,
саясаттану және әлеуметтік философиялық пәндер кафедрасының меңгерушісі,
т.ғ.д., профессор

Мысырды құдіретті державаға айналдырған Дешті-Қыпшақтың жеңімпаз ұлы Победоносный сын Дешти-Кипчака, превративших Египет в могущественную державу Жаңа Қазақстан жағдайында, әсіресе адал азаматты тәрбиелей отырып, әділетті қоғам орнату жолында жастар үшін шынайы тарихтың және ондағы тұлғалардың орны мен рөлі өте жоғары. Қазақ сөзі көне түркі тілінен аударғанда «азат, еркін, тәуелсіз адам» деген мағынаға сай.

Ал еркін адамдардың елі болып табылатын жерден шыққан тұлғалар біздің мемлекетте ғана емес барған жерінде де сол азаттыққа ұмтылған. Оны Таяу Шығыстағы Мысыр мен Сирия жерінде қыпшақ-мамлюгі тарихында ерекше орны бар Евразия мен Африка континентінде мойындалған Бейбарыс сұлтанның мысалынан көруге болады.

Ол туралы ХХ ғасырдың ортасында 1932 жылы жарық көрген американдық жазушы Роберт Ховардтың (The Sowers of the Thunder) «Найзағай сепкендер» атты фантастикалық әңгімесінде сұлтан Бейбарыс туралы кездеседі.

Бейбарыс сонымен қатар, британдық жазушы Робин Янгтың 2006 жылы шыққан (Brethren) «Бауырлар» немесе «Ағайындылар» және 2007 жылғы (Crusade) «Крест жорығы» романдарының басты кейіпкерлерінің бірі. М.Фильштинскийдің Мәскеуде 1975 жылы шыққан «Жизнеописание султана Бейбарса» - атты мысырлық фольклорлық эпостың орыс тіліндегі аудармасы ғылыми ортаға келсе, кейіннен 2016 жылы араб тіліндегі дереккөздерден тікелей қазақ тіліне аударылып, орысша аударылымда кеткен кейбір олқылықтар белгілі болды. Содан кейін барып сұлтан Бейбарыс жайлы мәліметтер мәдени ортада, кино арқылы кеңінен көпшілікке танымалдығы артты.

Біздің елде 1989 жылы түсірілген тарихи жанрдағы «Сұлтан Бейбарс» кино эпопеясы арқылы Булат Мансуров пен Морис Симашконың авторлығымен қалың көпшілікке таныстырылды.

Осы тұрғыдан алғанда, отандық мәдениеттанушылар жағынан оның көркем бейнесін жасауда объективті бағдар боларлық талпыныстар жасалуда. Белгілі кинорежиссер Ермек Тұрсыновтың «Мамлюк» романы 2009 жылы жарық көрді. Ол ерте орта ғасырлардағы Таяу Шығыс елдерінің тарихы бойынша көп жылдық ізденісінің нәтижесіндегі сұлтан Бейбарыстың өміріне арналған.

Дегенмен де жоғарыда келтірілген еңбектер арнайы ғылыми зерттеу болып табылмайды. 2016 жылы Қырым жазушысы Нүзет Умеровтың «Байбарыс – Мысыр сұлтаны» тарихи романы жарық көрді. Батыс әлемінде тарих тұлға ретінде ертерек танымал болса, өз отанында кешеуілдеп белгілі болып, насихатталып жатыр.

Европалық тарихшы С.Рансимен «Крест жорықтарының тарихы»: «Бейбарыс христиан әлемі үшін Саладиннен кейінгі ең қорқынышты жауы болды. Бейбарыс жауларына мейірімсіз, бітіспес, қаталдығымен есте қалды». (Бейбарс был самым страшным врагом для христианского мира после Саладина. Бейбарс был известен как беспощадный, непримиримый, принципиальный для врагов). [1]

Өкінішке орай, мәселенің ғылыми жағынан зерттелуі көп емес. Бүгінгі таңда ол туралы отандық кәсіби тарихшылардан гөрі тілші-әдебиетшілер шығыстанушылар тарапынан көбірек ізденіс жасалуда және нәтижесіз де емес.

Дегенмен, биылғы жылы Египет университеті Ислам мәдениеті орталығының директоры Сақы Қайрат Ұзақұлы Ш. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының директоры З.Е. Қабылдиновтың алғысөзімен «Байбарс-сұлтан малюков из Дешт-и Кыпчака» монографиясы жарық көруі қуантады. Монография араб тіліндегі дереккөздерге сүйеніп жазылғандығымен құнды.

Шыққан тегі Қазіргі таңда Бейбарыстың шығу тегі туралы түрлі пікірталастар бар. Жалпы қабылданған нұсқа бойынша Бейбарыс Еділ мен Жайық өзендерінің аралығындағы Дешті Қыпшақ даласында 1223 жылы малшылар әулетінде дүниеге келген.

Ол туралы XIV ғасырдағы Мысыр тарихшысы әл-Айни «Иқд әл-Жуман фи тарих ахл аз-азман» («Өз заманындағы адамдар тарихы жөніндегі маржан алқа») еңбегінде: «Байбарыс ибн Абдулла, шыққан тегі қыпшақ» деп хабарлайды. Кейбір деректерде оның тоқсоба, қыпшақ, дортөбе руларынан болғаны туралы мәліметтер де кездеседі.

Ибн Уасил (1207-1297), Ибн Шаддад (1217-1285), Ибн Абд әз-Захир (1223-1293), Бейбарыс әл-Мансури (1325 ж. өл.) өз еңбектерін мәмлүктер тарихына, ан-Нуайри (1331 ж.), Ибн ад-Дауадари (14 ғ. бірінші жартысы), Ибн Тағриберди (1311 ж. т.), әл-Макризи (1356-1441), аль-Юнини (XIV ғ.), әл-Айни (1361-1451), Ибн Йиас (1448-1524), т.б өз еңбектерін атап айтқанда Бейбарыс сұлтан билігіне арнағаны белгілі.

Белгілі ресейлік тарихшы, этногенез маманы В.В.Ушницкий болса Бейбарыстың шығу тегін кимақтардың құрамына енген Орта Азия татарларымен байланыстырады.

Жастайынан Қырымда оның ата-анасы қайтыс болып, өзі сол жерде Алдыңғы Азияға құлдыққа сатылған. Сұлтанның отаны Қырым даласы болған деген пікір кең тараған. Қалай болғанда да, Бейбарыс сұлтан атанған соң Қырымдағы Солхат қаласына мол сыйлықтар жіберіп, оның бұйрығымен мешіт салынғаны белгілі.

Ежелгі заманнан бері Бейбарыс мешіті деп аталған Қырымдағы ең көне мешіттің қирандылары Ескі Қырым қаласында күні бүгінге дейін сақталған. Ел аузында Сұлтан осылайша өз елінде өзінің есімін мәңгілікке қалдырған дейді.

Отандық ғалым-лингвист С.А. Аманжолов араб жазушысы әл-Айнидің деректеріне сүйене отырып, Бейбарысты қыпшақ тұқымынан Бржоғлыдан (Буржоғлы, Буржоғлы) шыққан дейді. Ал тарихшы Б.Б. Ирмұханов қазақтың беріш руын Бүржоғлы руының ықтимал мұрагері деп атады. Соңғы жылдарғы деректер көрсетіп отырғандай Бейбарыс тұлғасына академиялық тұрғыдан ерекше қызығушылық танытып отырған Қазақстандық мамандар. Деректер көрсетіп отырғандай, Бейбарыс армиясында Ұлы Даладан келгендерге сүйенген, атты әскерге басты көңіл бөліп, солардың дәстүріне қарай киіну, тамақтануды енгізген.

Ұлы Даламен Жошы ұлысымен тығыз байланыс болды, солармен сауда жасағандарды салықтан босатты. Берке ханның исламды қабылдауына оның әсерінің болғаны әбден мүмкін. Ол билік құрып тұрған кезде Мысыр мен Сирияға келген отандастарын қолдап, Каирдың қақпасының маңайынан жер телімдерін берген.

Өзі ана тілінде сөйлеп арб әлемімен тәржімашылар арқылы түсіністі. Жалпы, Мысырдағы қыпшақтар билігіндегі 1250-1382 жылдар аралығында Бейбарыс есімді 11 мәмлүкті кездестіруге болады. Одан кейінгі қыпшақтардан кейінгі кезеңде 1382-1517 жылдарда Бейбарыстың бір-нешеуі, оның ішінде екеуі өздері құрған Түркі мемлекетінің билігі дәрежесіне дейін жеткен [2].

Біз қарастырып отырған тарихи тұлға Бейбарыстың толық аты-жөні өзі билік құрған мәдени ортаға сай әл-Мәлик әз-Захир Рукн ад-Дуния ва-д-дин Бейбарыс әл-Бундукдари әс-Салих деп аталған. Мәмлүк - «Иман тірегі» Шығыстанушылар үшін мәмлүк тақырыбы ислам тарихындағы өзіндік орны бар мәселе. Бастапқыда мәмлүк сөзі ақшыл, ақшыл түсті құл дегенді білдірсе, уақыт өте келе бұл қорлау мағынасы жағынан таңғажайып түрленіп ол ұлылық пен күштің нағыз символына айналды. Бұл метаморфоздың себебі мәмлүк-түріктерінің құлдардан билеушіге айналуы және өз мемлекетін құруы болды. Қыпшақ-мәмлүктері туралы айтар болсақ, олар кәсіби жауынгерлер қастасы ретінде өздерінің мінсіз тәртібімен және жоғары ұйымшылдығымен ислам тарихында жарқын әрі өшпес із қалдырды.

Швейцариялық шығыстанушы араб тілінің білгірі Адам Мец мәмлүктерді «құл ақсүйектер» (аристократами невольников) - деп атады. Араб әлемі мен ислам тағдыры үшін дәл осы

бетбұрыс кезеңде Ұлы даланың тумасы қыпшақ-мәмлүгі Бейбарыс харизмалы тұлға ретінде ерекше дараланды. Оның мұсылмандықты кермет құрметтегені сондай, сол кездегі замандастары «Рукн ад-Дин» («Иман тірегі») - деп те атады.

Бейбарыс туралы «Екі қыбыланың қызметшісі, яғни Меккенің және Құдыстың қызметкері» - деп танылғандығы туралы пікірлер бар. Бейбарыс өзі өмір кешкен мекендерде мешіт, медреселер салдырып қана қоймай, пайғамбарлар мен сахабалардың жатқан жерлерін, көне мазарларды қалпына келтірген. Осы туралы белгілі қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қойшығұл Мұстафаұлы көлемді мақала берді [3].

Бізге белгілі деректерге сүйене отырып сұлтан Бейбарыстың қысқаша өмір жолына тоқталар болсақ, оны жас кезінде моңғолдар тұтқындайды.

Кейіннен Дамаск саудагері әл-Имад әл-Даигте 800 дирхамға құлдыққа сатылады. Бейбарыстың көзіндегі ақауды байқаған саудагер мәмілені тоқтатады, бірақ оны мәмлүк әмірі Ала ад-Дин Әйтегін (Айдакин) әл-Бундукдар сатып алады. Жас жігіт содан бастап Бейбарыс әл-Бундукдари деп атала бастайды. Барлық сатып алынған құлдар сияқты Ніл өзенінің Рода аралына оқуға жіберілген Бейбарыс тамаша әскери қабілеттерін көрсетеді. Әйтегін әл-Бундукдар мәмлүктерден айырылып қалғанда, Бейбарысты Египеттің Айюбид сұлтаны ас-Салих Айюб ибн Мұхаммед байқап қалады. Нәтижесінде Бейбарыс оның жеке гвардиясының бірінің қолбасшысы болады (1246).

Бейбарыс 1250 жылы Әл-Мансур және Фарискур шайқасында Айюбилер әскерінің қолбасшысы ретінде өзінің алғашқы әскери табыстарына қол жеткізді. Крест жорығының жетекшісі, Франция королі Людовик IX Әулие тұтқынға алынды, кейін ол үлкен төлем үшін босатылды. Мысырдың жаңа сұлтаны әл-Муаззам Тұран шах мәмлүктерге жеккөрінішті көзқарасымен қарсы шықты. Өздерінің әскери күшін сезінген Бейбарыс бастаған мәмлүк әмірлерінің бір тобы сол жылдың 2 мамырында Тұран шахты өлтіреді.

Сұлтан ас-Салихтың жесірі Аюб Шаджар ад-Дурр мен оның күйеуі болған мамлюк Айбек таққа көтерілді. Салах ад-Диннің шөбересі сириялық Айюбид ан-Насыр Салах ад-Дин Юсуф II Мысырды жаулап, Айбекті құлату үшін жасақ аттандырды, бірақ оларды алдымен әскери қолбасшы Ақтай (Байбарыс оның төңірегіндегі құрамында болды) сосын Айбектің өзі талқандады.

1253 жылы жоғарғы және орта Египетте ауыр көтерілістер болып, оларды әмір Ақтай басып тастады. Сирия билеушісі ан-Насыр Жүсіпті жеңіп, көтерілістер басылғаннан кейін Ақтайдың мәмлүктер арасындағы беделі айтарлықтай артып, Айбек билігіне қауіп төндіре бастады.

1255 жылы күзде Айбек сұлтан мен әмір Құтұз Ақтай әмірінің ықпалының күшеюінен қауіптеніп, оны өлтіреді. Бейбарыс, қалаун және Ақтайға жақын басқа да мәмлүктер өздерін де дәл осындай тағдыр күтіп тұрғанынан қауіптеніп, Сирияға қашады.

Бейбарыс 1259 жылы 12 қарашада Кутуз таққа отырғанға дейін жергілікті билеуші ан-Насир Салах ад-Дин Юсуфаның қызметінде болды. Құтуз Бейбарыс пен басқа да мәмлүктердің қайту қауіпсіз екеніне сендірді, ал Бейбарыс Мысырға оралды. Құтуз бітімге келу мақсатында Бейбарысқа Қалюб қаласын оның айналасымен, сондай-ақ Ливия шөліндегі оазистерді иелікке (икта') берді. Сұлтан Бейбарыс мұсылмандықты аса құрметтеп идеологиялық тұрғыдан басты құндылық деп санады. Сол арқылы ел бірлігін сақтап, діндарлар үшін ол сенімнің теңдесі жоқ қорғаушысының, ізгілік пен әділдік салтанат құрған билеушінің символына айналды. (Р.Рен Пол)

Сұлтан Бейбарыс – жеңістердің атасы Бейбарыс таққа 17 жыл (1260 жылдан 1277 жылға дейін) отырды. Ол Мысырды қуатты державаға айналдыру үшін көп еңбек сіңірді. Каналдар мен кеме жасау зауыттары, ел шекарасында әскери бекіністер, Каирде сарайлар мен мешіттер салынды, қолөнер, ауыл шаруашылығы, ғылым, сауда, өнер дамыды.

Палестина мен Сириядағы Иранның моңғол Илхандарына және еуропалық крест жорықтарына қарсы сәтті соғыстарымен танымал болды.

Әл-Мәлик әз-Захир Рукн ад-Дин Бейбарыс әл-Бундукдари (1223-1277 ж. 1 шілде, Дамаск) – Бахри әулетінен Мысыр мен Сирияның мәмлүк сұлтаны (1260-1277). Иран Илхандығы мен Батыстың крест жорықтарының басқыншылығына тойтарыс берудегі ең маңызды табыстарға

Таяу Шығыстың көрнекті қолбасшысы, ел арасында Әбіл-Футух, яғни «Жеңістердің атасы» деген лақап атқа ие болған.

Жеңістердің атасы, Иман тірегі атанған Сұлтан Бейбарыстың жеке тұлға ретіндегі қадір-қасиетін айшықтайтын ерекшеліктер: Біріншіден, Бейбарыс сол кезеңдегі ерекше харизмаға ие құлдық дәрежеден ел билеуші сұлтандыққа көтерілген тұлға. Екіншіден, бар ғұмырын әскери қызметке арнаған қатардағы жауынгерден, қолбасшылық дәрежеге жеткен әскербасы. Бүгінгі тілмен айтқанда генерал. Үшіншіден, тағдырдың кез келген қиыншылығына төтеп бере алатындай мінез-құлыққа бай бәсекеге қабілетті жан. Төртіншіден, баға жетпес ұйымдастырушылық қабілеті бар өзі келген өңірін гүлдентуге атсалысқан адал азамат. Бесіншіден, өмірдің қатал сабағынан тәжірибе алған ол әскери қимыл барысында аса қаталдығымен де ерекшеленген қолбасшы. Ол моңғолдармен соғыста анық байқалды. Нәтижесінде, алғашында Сирияны содан соң Египетке билік жүргізетін болды. Алтыншыдан, ол шебер дипломат. Өз кезегінде дипломатиялық мәселелерді аса шебер меңгеріп, мәселелерді оңды шеше алды. Ол моңғолдардың одақтастарымен, сельджуктармен Рум сұлтанаты, Грузия патшалығымен Византия императорымен келісімінің арқасында Қара теңізде Египет кемелері еркін жүзе алатын дәрежеге жетті.

Шығыста Сицилия королімен достықта болды. Ең басты одақтасты Алтынордалық Беркеханмен тіл табысып, Кавказдағы Хулағуды ауыздықтады. Жетішіден, оны Қыпшақ даласына исламды таратуға ықпал етуші ретінде де қарауға болады. Ол Алтын Ордалықтарды 1262 жылы Бейбарыс сұлтан алан саудагерімен хан Беркеге ислам дінін қабылдау туралы ұсыныспен хат жолдады. Сегізіншіден, оны бауырмал тұлға ретінде де бағалау керек.

Өзі билік құрып отырған жерде, өзі шыққан жердің ұландарына арқа сүйене отырып билігін нығайтты. «Сол кезде Алтын Ордалықтар италяндық көпестер арқылы Мысырға көп мөлшерде құлдар (сақалиба) жеткізіп тұрды. Ол мәмлүктердің әскери кастасын нығайтты» - деген деректер бар. Тоғызыншыдан, ол нағыз-елжанды патриот, қаншама жыл бөтен елде билік құрса да өзінің ана тілінде сөйледі, елінің салт-дәстүрін ұмытпауға ұмтылды. Оныншыдан, өз заманында жалпы мұсылмандардың қорғанына айналды.

Ол 1261 жылы маусымда Каирде Бағдад халифасы Әз-Захир Биамрилланың (1225-1226) ұлы деп танылған әл-Мустансирді халифа етіп жариялау арқылы мұсылман әлеміндегі беделін нығайтты. Мұсылман әлемінің қолбасшы-қорғаушысы ретінде крест жорығын тоқтата алды.

Ал енді Бейбарыс сұлтанның өлімі жөнінде де бірнеше түрлі болжамдар бар. Сол болжамдар оның қымызға қосылған удың қалдығынан уланғанын айтады.

Арада 14 күн өткеннен кейін 1277 жылы 8 шілдеде түс ауа өмірден озады. Өмірден өтерде артындағы ұлы Беркеханға арнайы хат жазып бірнеше өсиет қалдырды. Оның денесі Дамаскіде қасында медресесі бар мавзолейде жерленген.

Жақын маңда белгілі философ Дешті-қыпшақтың тағы бір әйгілі ұлы әл-Фараби мәңгілік орын тепкен. Бейбарыс сұлтан Мысыр, Сирия және Хиджазда 17 жыл 2 ай 12 күн билік құрды. Ең бастысы ол өзінің шыққан тегін ешқашан ұмытқан емес. Жалпы, сұлтан Бейбарысты қолбасшылық қасиетінің ерекшелігіне орай жеңістердің атасы деп те атады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Runciman S. Хачли СеНачи Seferleri Tarihi. История Крестовых походов Анкара,1992. 1226 с. Кайрат Саки Байбарс – султан мамлюков Дешт-и Кыпчака. Алматы, 2023, 176 с.

2 Кайрат Саки Байбарс – султан мамлюков Дешт-и Кыпчака. Алматы, 2023, 52 б.

3 Қойшығұл Мұстафаұлы Әділеттің алдаспаны // Егемен Қазақстан 2023 жыл 4-желтоқсан, 8-бет

ӨЗБЕК ТІЛІНДЕГІ АҚПАРАТ СЕГМЕНТІНДЕГІ БЕЙБАРСХАН ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Камбарова Шоирахон Аскарровна – *Кокандский государственный педагогический институт, доктор философии по истории, доцент кафедры История*
Kambarova Shoirakhon Askarovna – *Kokand State Pedagogical Institute, Doctor of Philosophy in History, Associate Professor of the Department of History*

Бейбарсхан – орта ғасырларда өмір сүрген, Мысырда билік құрған әйгілі тарихи тұлға, ол туралы Мысыр мен Қазақстанның ақпарат құралдарынан бөлек, дүниедегі ақпараттар арасында қандай деректер бар екені кім-кімді де қызықтыратыны заңдылық. Атап айтқанда, Бейбарсханның есімі өзбек ақпарат әлеміндегі көптеген дереккөздер мен мақалаларда аталды.

Түркі мәмлүктерінің тарихын көрсету барысында Бейбарыс хан және оның тарихы туралы мәліметтер айтылады.

Мәселен, Өзбекстан ұлттық энциклопедиясында бұл мемлекеттер туралы мынадай мәліметтер келтірілген: «Бахрийлер – Мысырды билеген екі мәмлүк әулетінің алғашқысы (1250-1390). Айюбилерді тақтан түсіріп, билікті өз қолына алды. Бахри 1249. Олар Мысыр сұлтаны Наджмуддин Айюб (1208-50) сарай күзетшісі ретінде сатып алған түрік тұтқындары болды және алғашқы күндері Бахр анилиндегі (Ніл өзені) аралдарының бірінде тұрғандықтан осылай аталды. Әулет өкілдері: Әл-Алик әл-Муизз Айбек (1250-57), Әл-Мәлік әл-Мансур Әли I (1257-59), Әл-Мәлік әл-Музаффар Кутуз 1259-60), Әл-Мәлік әл. -Захир Бейбарыс I (1260 -77) [1]”

Салахуддиннен кейін оның ізбасары Наджмидди Айюби (1240-1249) Каирдің оңтүстік шекарасындағы ар-Равда аралында түрік мамлюктерінің әскерін орналастырды және осы кезеңнен бастап олар «Бахри», яғни түрік мамлюктері деп аталды. Бұл әулетке жататын сұлтандардың билігі 1250-1382 жылдар аралығында болды. Сондықтан бұл аймақты сол кездегі тарихшылар да «Давлат ат-түрк» деп атаған. Бұл кезеңде Муиддин Айбек ат-Түркмани, Айбек Түркмани, әл-Музаффар Сайфиддин Кутуз, әз-Захир Бейбарыс, әл-Мансур Сайфиддин әл-Калуун сынды әскери қолбасшылар Мысыр сұлтаны дәрежесіне жетті. Олардың түркі халықтарынан, атап айтқанда Дешті Қыпшаққа қоныс аударған қыпшақтар, оғыздар және басқа да түркі тайпалары немесе моңғол шапқыншылығынан қашқан хорезмдерден тұратыны атап өтіледі [2].

Бейбарсханның ұлты мен өмір жолы туралы Өзбекстанның ақпараттық жүйесіндегі мәліметтерге тоқталайық.

Рукниддин Бейбарыс әл-Бундукдари – лақап аты аз-Захир – Қибжак қаласында дүниеге келген. (қазіргі Қазақстан) Ол хижраның 625 жылы Орта Азияға жасаған моңғол жорықтарында тұтқынға түсіп, Наджмуддин Айюб (қ.ж. 647 ж.) патшаға жеткенше құл базарларында сатылған деседі. мақала [3].

«Халқ сөзі» газетінің 2023 жылғы 7 наурыздағы санында жарияланған «Мың жылдық ортақ тарих» атты мақалада Бейбарыс сұлтан туралы мынадай мәліметтер келтірілген: «Құтұз сұлтаннан кейін таққа отырған Захир Бейбарыс сұлтан 1260-1277 жылдар аралығында билік құрды. дейін билік етті Ол 1258 жылы Бағдадқа моңғол шапқыншылығынан кейін Аббасид халифатын 1261 жылы Каирге көшірді. Осы себепті оның есімі Мысыр халқының ауызекі еңбектерінде Аббасид халифі Харун ар-Рашид және Салахиддин Айюбимен қатар аталады. Сұлтан Бейбарыс, қазіргі араб зерттеушісі Зәки Мұхаммед Хасан туралы: «Әскерді ұйымдастыруды, оны қатаң басқаруды, жол салуды, теңіз порттары мен бекіністерді жөндеуді, алым-салықтарды жеңілдетуді ескерсек, ол ұлы саясаткер. Ахмад ибн. Тулун халифатты Мысыр астанасына көшіру туралы жазған, Мұхаммед Тудж ихшидтердің арманын сәтті жүзеге асырды». [2]

Навруз Хожаев «Бейбарыс сұлтан – моңғолдар мен крест жорықтары» атты мақаласында «Бейбарыстың шығу тегі туралы пікірталастар жалғасуда» деп жазады. «Ақиқатқа ең жақын дерек – Қыпшақ руынан. Моңғол шапқыншылығы кезінде тұтқынға түсіп, құлға сатылған. Оны мәмлүктердің әмірі Алауддин Әйтегін сатып алады. Кейін билеушілермен келіспеушілік туындап, құлдарын алып кетеді. Бұл кезеңде Бейбарыс Аюби сұлтан әл-Салихтың назарына ілікті. Әл-Салих

оны өз бөлімшелерінің біріне қолбасшы етіп тағайындайды. Оның алғашқы ірі әскери жеңісі 1250 жылы Әл-Мансур және Фариксур шайқастарында 7-ші крестшілерге қарсы болды. [4]

Өзбек ақпарат кеңістігінде Сұлтан Бейбарыс есімі тағдыры ұқсас Сайфиддин Құтуз есімімен байланысты аталады. «Сұлтан Бейбарыс (1223-1277) – бұл тарихи тұлға туралы әртүрлі қарама-қайшы деректер белгілі.

Бір жағынан, қатыгез де сатқын билеуші Сайфиддин Құтуздың қанішері, екінші жағынан, моңғолдар мен крест жорықтарына қарсы соғысқан батыр» деп жазады өз мақаласында Навруз Ходжаев.

Тағы бір мақаласында «1254 жылы Бахри әмірі Ақтой басқа әмірлермен сөз байласып, Айбек сұлтанға қарсы шықты. Алайда, басқа тарихи деректерге қарағанда, мәмлүктер арасында Әмір Ақтойдың ықпалы күшейген. Себебі, 1253 жылы Египетте ірі көтерілістер болды және бұл көтерілістер

Әмір Ақтой басып тастаған. Ақтойдың беделі көтеріледі деп қауіптенген Айбек сұлтан оны өлім жазасына кеседі. Ақтойға жақын болған Рукниддин Бейбарыс (Мысыр сұлтаны).

Қалаун және басқа да мәмлүктер өздерін осындай тағдыр күтіп тұр деп қауіптеніп, Сирияға қашады. Кейін билікті қолына алған Қутуз Рукниддин Бейбарыс пен басқа да мәмлүк әмірлеріне хат жазып, Мысырға оралуын сұрайды. Осыдан кейін Бейбарыс Мысырға оралды. Құтуз Бейбарысты Ливия шөліндегі оазистерге билеуші етіп тағайындайды» [5]. Мәліметтерге қарағанда, Хулокумен күресте Сайфиддин Қутуз мен Рукниддин Бейбарыс бірге шеберлікпен шайқасып, жеңіске жеткен. Екі генерал жауды Бет-Шинге дейін қуып жетіп, жеңді. Бейбарыс моңғолдарды қуып Сириядағы Алеппо бекінісін алмақ болды. Алайда сұлтан Сайфиддин Құтуз бұған жол бермеді. Нәтижесінде Бейбарыс пен Құтуздың қарым-қатынасы бұзылады. 1260 жылы 25 қазанда сұлтан Мысырға қайтып келе жатқанда, Газа маңында Бейбарыс пен бір топ әмірлер Сайфиддин Құтузға қарсы қастандық ұйымдастырады. Олардың арасындағы келіспеушілік себебін Навруз Хожаев былай түсіндіреді: «Бейбарыс пен Құтуздың арасында жаулық туды, өйткені Құтуз Ойбекке қызмет етті, бірақ моңғол шапқыншылығын тоқтату үшін Құтуз өшпенділігін тастап, бәрін айналасына жинады. Тіпті жауы Бейбарысты да жинайды. Біріккен мұсылмандар Айн әл-Жалут шайқасында моңғол әскерін талқандады. Бейбарыс Каирге қайтып келе жатқан жолда Құтузды өлтірмекші болады. Осылайша Бейбарыс таққа отырады және сұлтан Бейбарыс I атын алады» [4].

Соған қарамастан, Рукниддин Бейбарыстың ислам әлеміне жасаған қызметі Өзбекстанның жаңалықтар сегментінде лайықты бағаланды. «Көптеген жеңістерінен кейін оған «Жеңістердің атасы» деген мағынаны білдіретін «Абул Футух» деген атақ берілді. Айтып өткенімдей, Бейбарыс сұлтан даулы тұлға, бірақ моңғолдар мен крест жорықтарына қарсы жорық жасап, мұсылман әлемін құтқарғаны үшін оны бағалауымыз керек деп ойлаймын! - Навруз Ходжаев өз мақаласының соңында айтады.

Рукниддин Бейбарыс Аббасидтердің қорғаушысы ретінде де айтылады. 1258 жылы моңғолдар Бағдатты жаулап алғаннан кейін Аббаси халифтерінің соңғысы Мұстасим Моғол ханы Хулокудың бұйрығымен өлтірілді. Аббасидтер әулетінің қалған өкілдері Египетке қоныс аударды. Мамлюк сұлтандары тұсында (1517 жылы түріктер Египетті жаулап алғанға дейін) Аббасидтер қасиетті адамдар ретінде Кохирада өмір сүрді. 1261 жылы мәмлүк сұлтаны Бейбарыс Аббасидтердің бірі Әл-Мустансирді халифа деп жариялады.

Хазірет Усманның тұсында жазылған Құран кітабы туралы сөз болғанда республикамыздың сирек қазыналарының бірі Бейбарыс сұлтанның есімі тағы бір мәрте аталады. 2000 жылы 28 тамызда ЮНЕСКО-ның халықаралық ұйымы бұл Мұсхафтың түпнұсқа көшірмесі екенін растайтын сертификат берді. Хазірет Имам кешеніне қарасты «Мойи Мұбарак» медресесінде сақталған Құран Кәрімнің ең көне данасы хазірет Усман Мұшафидің тарихына қатысты түрлі болжамдар бар. Ақиқатқа ең жақын деп есептелетін болжамда Бейбарсханның аты аталады.

Мысыр сұлтаны Захир Рукнуддин Бейбарыс хазірет Усман Мұшафиді достық белгісі ретінде Ұлық Сарай мен Татар хандарының бірі Дешті Қыпшақ билеушісі Барака ханға берді. «Тәлфикүл ахбар тарихы».

«Қазан және бұлғар» тарихи кітабының авторы шейх Мұхаммед Мұрад ибн Абдулла ар-Рамзи Мушафи Усманның Орта Азияға келуі туралы былай деп жазады: «Мушафи Усман деген атпен белгілі Құран Самарқандтан Петербургке апарылған және қазір Императорлық кітапханада сақталған, Сарай аумағында орналасқан және бұл Әмір Темірдің сол жерді жаулап алған кездегі көшірмесі болуы керек, бұл шындыққа жақын болжам. Бұны жоққа шығарушыларда нақты дәлел жоқ» [6].

Қорыта айтқанда, Бейбарсхан сұлтанның тағдыры күрделі, тарихта өз сөзін айта білген билеушілердің бірі екенін айту керек. Оның күрделі тағдыры күллі түркі халықтарының ішінде өзбек халқын да қызықтырады. Бүгінгі конференцияның нәтижесінде Өзбекстанның ақпараттық жүйесінде Бейбарсхан туралы тың деректер пайда болады деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ўзбекистон Миллий Энциклопедияси. Б ҳарфи. www.ziyouz.com кутубхонаси
2. Ming yillik mushtarak tarix – ИАУ. <https://iaau.uz/oz/news/2050>
3. Al-Zaher Baybars.. eng ko'zga ko'ringan va eng uzoq hukmronlik qilgan Mamluk sultoni – Islom hamkorlik tashkiloti axboroti. <https://una-oic.org/uz/hisobotlar/2023/05/29/Mamluklarning-eng-ko%27zga-ko%27ringan-sultoni-Al-Zohir-Baybars/>
4. Navruz Khodjayev . Sulton Beybars - mo'g'ullar va salibchilar kushandasi – Telegraph. <https://telegra.ph/Sulton-Beybars---mogullar-va-salibchilar-kushandasi-11-06>
5. Sardor Ali. So'nggi Xorazmshoh. Misr sultoniga aylangan sobiq qulning hayoti. <https://xabar.uz/uz/mualliflar/sardor/songgi-xorazimshoh-misr-sultoniga-aylangan-sobiq-qulning-hayoti>
6. Ҳазрати Усмон мусхафи. <https://islom.uz/maqola/17144>

МЫСЫР БИЛЕУШІЛЕРІНІҢ ТАРИХЫНАН: СҰЛТАН БЕЙБАРЫС

Оразова Рая Кадысовна – *Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университеті, шығыс филологиясы және аударма кафедрасының аға оқытушысы*
Orazova Raya Kadysova – *Kazakh National Pedagogical University named after Abai, senior teacher of the Oriental philology and translation department*

Андатпа. Мақалада қыпшақ даласының ұлы перзенттерінің бірі, атақты қолбасшы аз-захир сұлтан Бейбарыстың өмірі мен ел билеген уақыттарына шолу жасалады. Сол замандағы тарихи оқиғалар, жорық кезіндегі Бейбарыстың ерліктері туралы әлемдік зерттеушілердің еңбектерінен дәлелдемелер келтіріледі. Атағы әлем билеушілерімен қатар тұрған қыпшақ сұлтаны туралы еліміздегі зерттеулер араб, ағылшын және орыс тілдеріне қарағанда ауыз толтырып айтарлықтай емес. Дегенмен, біраз тарихи ескерткіштерді зерттей келе, кезінде Мысырға сұлтан болған қыпшақ батыры туралы азды-көпті біраз еңбектер жазылды. Жалпы, адамзат тарихындағы белгілі бір елдің батырлары мен көсемдері туралы еңбектер жазылған жерлеріне байланысты әртүрлі болып келуі мүмкін. Алайда, өзі туралы көбіне оң пікірлермен тарихта қалған билеушілер де аз емес. Солардың ішінде қалың қазақ жұртына қан туыстығымен, шыққан ортасымен жақын әйгілі Мысыр елінің тарихта қалған билеушілерінің бірі аз-Захир сұлтан Бейбарыс.

Жат жұрттардағы қыпшақ әдебиетінің бүкіл Шығыс елдеріне кең тараған туындыларының бірі – осы қазақ сахарасының перзенті қыпшақ Сұлтан аз-Захир Бейбарыс жайлы қиссалар. Сұлтан аз-Захир Бейбарыс деген кім? Ол бүкіл ислам әлемін кіресшілердің (кірескерлер) шабуылынан және мен моңғол шапқыншылығынан құтқарып, қарапайым құлдан мемлекет билеушісі дәрежесіне дейін көтеріле алған қыпшақ батыры. Түркі даласындағы шапқыншылық кезінде қолға түсіп, бала кезінде құлдыққа сатылған жігіттің сұлтан дәрежесіне дейін көтеріліп, өзге елдің билеушісі ретінде тарихта қалуының өзі ерекшелік.

Араб халқы шығарған Бейбарыс жайлы аңыздар, қисса, әңгімелер бір емес, бірнеше ғасырдың жемісі.

Кілт сөздер: қыпшақ даласы, мысыр сұлтаны, моңғол шапқыншылығы, жорық, амлюктердің ерлігі.

FROM THE HISTORY OF EGYPTIAN RULERS SULTAN BEIBARYS

Abstract. The article reviews the life and reign of Sultan Beybars, one of the great sons of the Kipchak steppe, the famous commander Az-Zahir Sultan. Evidence from the works of world researchers about the historical events of that time, the heroism of Beybars during the campaign. Studies in our country about the Kipchak sultan, who is famous alongside world rulers, are less interesting than in Arabic, English and Russian. However, after studying a number of historical monuments, a number of works were written about the Kipchak hero, who was once the sultan of Egypt. In general, works about heroes and leaders of a particular country in the history of mankind may vary depending on where they were written. However, there are many rulers who have left their mark on history. One of them is Az-Zahir Sultan Beybars, one of the most famous rulers of Egypt, who is close to the Kazakh people.

One of the most popular works of Kipchak literature in the whole East is the story of the Kipchak Sultan az-Zahir Beybars, a son of the Kazakh Sahara. Who is Sultan az-Zahir Beybars? He is a Kipchak hero who was able to save the entire Islamic world from the onslaught of the invaders and the Mongol invasion, and rose from an ordinary slave to the ruler of the state. A young man who was captured during the invasion of the Turkic steppes and sold into slavery as a child, rose to the rank of sultan and went down in history as the ruler of another country.

Legends, stories and tales about Beybars, written by the Arab people, are the result of several centuries.

Key words: Kipchak steppe, Egyptian sultan, Mongol invasion, campaign, Mamluk heroism.

Адамзат әулеті өз тарихы мен тағдырына иелік еткен ықылым заманнан бергі жерде, тұтас әлемді уысында ұстауды мансұқ еткен қаншама қайсар көсемдерді көргені аян. Солардың ішінде қалың қазақ жұртына қан туыстығымен, шыққан ортасымен жақын әйгілі Мысыр елінің тарихта қалған билеушілерінің бірі аз-Захир сұлтан Бейбарыс.

Жат жұрттардағы қыпшақ әдебиетінің бүкіл Шығыс елдеріне кең тараған туындыларының бірі – осы қазақ сахарасының перзенті қыпшақ Сұлтан аз-Захир Бейбарыс жайлы қиссалар. Сұлтан аз-Захир Бейбарыс деген кім? Ол бүкіл ислам әлемін кіресшілердің (кірескерлер) шабуылынан және мен моңғол шапқыншылығынан құтқарып, қарапайым құлдан мемлекет билеушісі дәрежесіне дейін көтеріле алған тұлға. Ең алдымен «мамлюк» сөзінің төркінін талдап көрейік:

Арабтың «мамлюк» деген сөзінің көп мағынасының бірі – ақ құлдар. Ал осы мамлюктердің бір тобы қазіргі қазақ сахарасы мен Еділ, Жайық, Қара теңіз бойында моңғол шапқыншыларымен болған қырғын соғыс кезінде тұтқынға алынған қыпшақтар болған.

XIII ғасырдың 40-шы жылдарында, Дешті-Қыпшақ мемлекетіне моңғол әскері шабуыл жасап, болашақ сұлтан тұтқынға алынды. Бұл заман – құл саудасының өркендеген кезеңі еді. Белгілі ғалым И.М. Фильштинскийдің зерттеулеріне қарағанда, моңғолдар өзгелермен бірге қыпшақтарды да шетелдік көпестерге, әсіресе италиялық саудагерлерге сатып отырған. Ал олар мұндай өтімді «тауарды» Жерорта теңізінің арғы жағалауындағы Мысыр еліне апарып, артық бағамен қайта сататын болған (Фильштинский И.М., 1985-123). Тұтқындар ішінен қыпшақтардың батырлығына, ер жүректілігіне, төзімділігіне, шыдамдылығына қызыққан Мысыр сұлтандары оларды әскери қызметке тартқан, сарай жасақтары еткен. Әлемде көшпенділерден артық шабандоздар жоқ екені барлығына белгілі болғандықтан, құлдыққа сатылған жас қыпшақтарды әскери дайындығын жақсарту үшін Ніл өзенінің ортасындағы аралға жіберіліп отырған. Мысыр билеушілері, мемлекетті жаулардан қорғау үшін жергілікті халықты емес, көшпелі түркі жастарын қолданған. Осылайша қыпшақтар арабтардың «мәмлүктер» сөзімен тарих көшіне енді.

Біртіндеп жоғары әскери қолбасшы мәртебесіне қолы жеткен қыпшақтар жұрты қолдамаған сұлтандарды тақтан оп-оңай-ақ тайдырып отырған. Мысырлық қыпшақтардың салтанат құруы, әсіресе, XIII ғасырдың екінші жартысынан басталады. Мысалы, 1250-57 жылдары Египетті түркінің бахрлықтар деп аталған Айбек бастаған қауымы билеген. Олардың бахрлықтар деп аталуына себеп болған жайт қыпшақтардың әскери казармаларының Ніл өзені ортасындағы аралда болғандығынан еді. Сондықтан да олар «бахрлықтар», яғни «аралдықтар» деп аталып

кеткен. Мемлекет билігі қолдарына тигеннен кейін қыпшақтар күрдтер әулетін аластаған. Сөйтіп, олар Египетті ұзақ уақыт билеген. Олардың басын біріктіріп, жеңістерге жетелеген, күні бүгінге дейін аты халық аузында аңыз боп қалған қыпшақ текті сұлтан аз-Захир Рукн ад-Дин Бейбарыс болған.

Бейбарыс Жамақұлы (1223-1277ж.) – түркі әулеті Бахриден шыққан мамлюктердің Египетті билеген төртінші сұлтаны. Оны тарихи шығармаларда Бейбарыс, Бибарыс деп те атайды. Жазба деректерге қарасақ, Бейбарыс 1223 жылы моңғолдар ойрандаған Дешті Қыпшақ даласында дүниеге келген. Оның шыққан тегі – қыпшақ. Бірақ қай жердің қыпшағы дегенге келгенде әр түрлі деректер айтылып, бірі – Хорезм, Дербент қыпшақтарынан десе, екіншілері маңғыстаулық еді дегенді айтады. Соңғы зерттеулер бұл күдіктің түйінін шешіп, Бейбарыстың қыпшақ тайпасының Беріш руынан шыққан атақты әулеттің тұқымы екенін анықтауға мүмкіндік берді, яғни тарихи деректерге сәйкес, ол қазіргі Атырау облысының аумағында туылған.

Араб елдерінің «Мың бір түнмен» қатар қоятын халық романы – «Бейбарыста» оның әкесі Жамақ, шешесі Әйек деп, олардың нақты есімдерін атап көрсеткен. Бейбарыс өмір бойы қыпшақ тілінде сөйлеген, алдыңғы Азиядағы араб тілдес халықтармен тілмәш арқылы түсініскен. (2)

Жетім қалған жас бала Бейбарыс өзге де тұтқындармен бірге Дамаскінің базарында 800 дирхемге құлдыққа сатылғаннан кейін жаңа қожайыны Айдакин Бундукдаридің атымен әл-Бундукдари деген есімге ие болды. И.М. Фильштинский еңбектеріне қарағанда жас батыр әуелі Сириядағы әскери мектепте оқығаннан кейін, мамлюк жасақтарына жазылады. Әл-Мансур деген жерде болған алғашқы шайқаста-ақ ол ерлігімен көзге түскен. Кейін Бейбарыстың ерекше қабілетін байқаған Айюби әулетінің сол кездегі күрд текті сұлтаны Салих Нажмуд-д-дин оны өзінің жеке гвардиясының бір бөліміне сардар етіп алады. Сөйтіп ол енді жаңа әміршісінің атымен өзіне әл-Салихи деген есімді және қабылдайды. Бейбарыс өзін мықты сарбаз және қабілетті стратег ретінде көрсетіп, көп ұзамай, Мысыр сұлтанының жеке гвардиясының қолбасшысы етіп тағайындалды. Ол осында жүргенде крест жорығына қатысушыларға қарсы күресте Египет әскеріне қолбасшылық етеді. Өзінің алғашқы әскери табысына, кірескерлер жорығы кезінде жетті. Ол 1250 жылы Франция королі Луи IX-дың әскерін талқандап, корольді тұтқынға алған. Бұл шайқастан соң, мәмлүктердің күші және беделі өскенімен, олар бұнымен қанағаттанғысы келмеді. Сол себепті, Бейбарыстың басшылығымен сарай төңкерісі жасалып, мемлекет билеушісі Тұран шах өлтірілді. Алайда, мәмлүктер бұл жолы билік басына келе алмай, Египеттің жаңа сұлтаны Муиззэддин Айбек Бейбарысқа қарсы болып, қашуға мәжбүр етеді. Ол бас сауғалап, Сирияға қоныс аударып, қашып кетеді. Содан мамлюктер Айбекті өлтіргеннен кейін ғана ол Каирға қайта оралады. Мұнда таққа жаңа отырған Құтұз сұлтанмен одақтасып, оны әскеріне басшы етіп, Сирия жеріне ішкерілей кірген моңғолдарға қарсы күреске аттанады. 1260 жылы Айн-Жалут түбіндегі өткен шешуші шайқаста Бейбарыс 2 мыңдық әскерімен, 20 мың моңғол сарбазына қарсы тұрды. Моңғол әскерін Хулагу ханның қолбасшысы – Кетбұға басқарды. Қарсыластың саны едәуір басым екенін ескеріп, қыпшақтар атты әскерге қарсы зеңбіректерді қолданған. Нәтижесінде, моңғолдардың жылқылары шошынып, артқа қаша жөнелді, мамлюк қолы моңғолдардың тас-талқанын шығарады. Осы соғыста Бейбарыс ер жүректілігімен айрықша көзге түседі. Бірақ Құтұз, неге екені белгісіз, басқаларға сый-сияпат жасап, Бейбарысты елеусіз қалдырады. Осыған өкпелеген Бейбарыс өзіне ниеттес адамдармен келісіп, Каирға қайтар жолда Құтұзды өлтіреді. Жақтастары Бейбарысты Египеттің сұлтаны деп жариялап, билікті өз қолдарына алады. Сөйтіп ол әл-Мәлік әз-Захир Руки-эд-Дүние уә-д-Дин Бейбарыс әл-Бундукдари әс-Салихи деген есіммен Египеттің тағына отырады. Билік басына келісімен Бейбарыс бар күш-жігерін крест жорығына қарсы шабуылға жұмсайды. Негізгі шабуыл 1265 жылы басталып, крест тағушы франктердің қамалдары бірінен кейін бірі алынады. Бұдан кейін Кіші армения патшалығына (1267ж), Кіші Азия селжуқтарына қарсы жорықтар жасап, берберлерді бағындырады.

Крест тағушыларды талқандағаннан кейін, өзінің негізгі қарсыласы Туран шах пен бақталасы Кутузды да тақтан тайдырған Бейбарыс үкімет басына келген тұс моңғолдардың 1258 жылы Бағдадты қиратып, Аббастан тараған халифалар әулетінің бірқатарын дарға асып үлгірген

кезі болатын. Солардың тірі қалған біреуі соңынан Шамға қашып кеткен. Оны сол жерден Бейбарыс Мысырға алдырып, 1261 жылы әл-Мустансир деген атпен халифа етіп жариялаған. Сол жаңа халифаның қолынан өзі де сұлтан лауазымын алған. Бейбарыс енді Машриқ елдерін жаулап алып, Мысырға ұмтылған монғолдардың тас-талқанын шығарған. Әскер ішінде темірдей тәртіп орнатқан.

Осы қыпшақ батыры тұсында Мысырдың егін шаруашылығы мықтап дамыған. Суландыру жүйелері жөнделіп, қалпына келтірілген. Қыпшақ текті көптеген әскербасыларға Сирия мен Египеттен жер бөліп берілген. Бейбарыс басқарған жылдары Мысыр сөйтіп, тез дами бастады. Оның басқаруымен Мәмлүк мемлекеті гүлденіп, халықтың әл-ауқаты артты. Қолөнер, ауыл шаруашылығы, ғылым және сауда дамыды. Ол тұрғызған мешіттер, медреселер, бекіністер мен көпірлер әлі күнге дейін сақталған. Египеттің әл-Искандария (Александрия), Дамиятта, Әл-Қаһира (Каир) секілді қалалары ірі-ірі сауда орталықтарына айнала бастаған. Бұл елге әлемнің түкпір-түкпірінен саудагерлер келе бастады. Сауданың өсіп-өркендеуіне Бейбарыс та барынша жағдай жасауға тырысқан. Мұнда Венеция Сицилия, Генуя, Индия, Орта Азияның сауда керуендері мен кемелері соқпай кетпейтін. Сол үшін де қыпшақтар олардан көп заттар алатын. Бейбарыс медреселер салуға көп күш жұмсайды, каналдар мен бөгеттерді жөндетеді. Каир қаласында ол салдырған мешіттердің бірі қазір де «Бейбарыс мешіті» деп аталады. Кейбір араб тарихшылары, бұл кезеңді - «алтын жылдар» деп атайды.

Бейбарыс ойлы да кемеңгер мемлекет қайраткері, батыр да жігерлі қолбасшы болған. Әуелі ол елдің әл-ауқатын көтерді. Мұсылман текті халықтардың ежелгі жауы – крест тағушыларды талқандады. Монғолдарды Мысырға қарай қия бастырмаған.

Көп ұзамай-ақ Бейбарыстың есімі де «Мың бір түн» хикаяларының негізгі кейіпкерлерінің бірі Аббас әулетінен шыққан халифа һарун ар-Рашид (786-809) секілді аңызға айналған, Өйткені, Бейбарыс жайлы риуайаттарда ол да халифа һарун ар-Рашид сияқты қарапайым киініп, түнгі Каирді аралап кетеді екен. Халық өмірімен жақын танысқандықтан, қылмыстыларды жазалап, күнәсіздерге көмектеседі екен. Міне, оның осы қырына мұхаддистер де ол туралы қиссаларда ерекше мән беріп, ұзағырақ айтатын болған.

Араб халқы шығарған Бейбарыс жайлы аңыздар, қисса, әңгімелер бір емес, бірнеше ғасырдың жемісі. И.М. Фильштинский Бейбарыс туралы халық романдарына негіз болған деп қыпшақ батырының хатшысы әрі оның ғұмырнамасын жазған Мухий ад- Дин ибн Әбд аз-Захир (1223-1292), тарихшы-шежірешілер әл-Мақризи (1362-1442) мен Ибн Тагрибердилер (1409-1470) қалдырған мағлұматтарды атаған.

Египетте біраз жылын өткізген ағылшын шығыстанушысы Э.У. Лэйн: «Каир қаласында отызға жуық қиссашылар бар деседі. Олардың бәрі де тек «аз-Захирдің» («Сират аз-Захир» немесе «ас-Сира аз-Захирийа») ғұмырнамасы атты шығарманы жатқа айтады» – дейді («ас-Сира аз-Захирийа» ғұмырнама). (Э.У. Лэйн, 2009-36).

Египеттің осы заманғы тамаша ғалымы, классик жазушысы Таха Хуссейн (1889-1975) де өзінің «Айям» («Күндер») деп аталатын өмірбаяндық жазбаларында бала кезінде өзінің ең көп естігені Бейбарыс батыр жайлы риуайаттар еді деп еске алады. Мұнда да бір белгілі шындық бар екені даусыз.

Бейбарыс заманында өмір сүрген тарихшы Вильгельм Тайпольский де оған: «Бейбарыс— жауынгерлігі жағынан Гай Юлий Цезармен терезесі тең тұратын қаһарман» деген баға берген. (5)

Бейбарыс Хулагу әулетіне қарсы күресу мақсатымен Алтын Орда ханы Беркеге елші жібереді. Осыдан бастап Египет пен Алтын Орда арасында тұрақты дипломатиялық қатынас орнап, екі ел арасындағы одақтастық қашан Алтын Орда ыдырағанға дейін сақталады. Өйткені бұл байланыстың осыншалық ұзақ уақытқа ұласып, берік сақталуының негізінде Египет елін билеген Бейбарыс сұлтанның бір кезде тағдырдың қатал кесімімен қол үзіп қалған туған жеріне, ата-бабасының еліне жақындауды мақсат тұтқан арман-тілегі жатқан еді. Бұл, сайып келгенде, Мысыр елін «Қыпшақ Египеті» атандырған мамлюк-қыпшақтардың ортақ мүддесі болатын. Сондықтан олар Бейбарыстан кейін де, қашан мамлюк қыпшақ әулетінен күш кеткенше «Алтын Орда» атанған қыпшақ елінен, өздерінің ата мекенінен қол үзбеуге ұмтылады. Берке ханмен байланыс және туыстық қатынас орнатты. Қатал тағдыр тағы да олардың жолын кесті. Египетте

мамлюк-қыпшақтар билік басынан қуылды, Қыпшақ даласында Алтын Орда ыдырап кетті. Кезінде жат елге құл болып сатылып барса да, тектілігін танытып, қажымас қайраттың, мұқалмас жігердің үлгісін көрсетіп, билік басына көтерілген мамлюк қыпшақтардың рухы тек арада жеті ғасыр өткенде ғана барып, Бейбарыс есімі арқылы ата мекеніне оралды. Қазір өзінің кіндік қаны тамған жерінде – Жайық өзенінің атырауында биік тұғырға орныққан Бейбарыстың ескерткішке айналған алып тұлғасы тәуелсіз елдің арайлы таңын жерлестерімен бірге қарсы алып, өшпес айғағындай болып асқақ тұр.

Қорытынды. Халық аузында Бейбарыс қапыда 1277 жылы Қалауын деген уәзірдің қолынан қазаға ұшырайды. Ол жауыздықпен батырдың балаларына да у беріп өлтіреді. Жақын жолдастары мен зайыбын қуғын-сүргінге ұшыратады. Бірақ Қалауынның өзі де өлім құшады. Әйгілі сұлтан Дамаск қаласында жерленді.

Осындай қыпшақ батыры, жауынгер азаматы жайлы қиссалардың бір нұсқасын шығыстанушы В.Н. Кирпиченко араб тілінен орыс тіліне тәржімалап, 1975 жылы Мәскеуде басып шығарған. Иә, Бейбарыс жайлы осындай классикалық дүние өткен заман оқиғаларының сәулесін елестетіп қана қоймай, тарихи оқиғаларды суреттеу негізінде туған шынайы да көркем шығарма ретінде ғасырдан ғасырға жетіп, елеулі мұра ретінде ел аузынан түспей келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Ас-Сира аз-Захирийа» ғұмырнама, араб тілінде.
2. <https://faktiler.kz/sultan-bejbarys-turaly-malimet/>
3. Фильштинский И.М. «История арабской литературы» V-начало X-века. (Истории литературы Востока), 1985 г. – С.123
4. Э.У. Лейн. Арабский мир в эпоху «Тысячи и одной ночи». – М., 2009. – С.36
5. <https://aikyn.kz/244008/zholbarys-zhurekti-beybarys>

СУЛТАН БЕЙБАРЫС-ТҮРКІ ӘЛЕМІНЕ ОРТАҚ ТҮЛҒА СУЛТАН БЕЙБАРЫС – РАСПРОСТРАНЕННАЯ ФИГУРА В ТЮРКСКОМ МИРЕ. SULTAN BEYBARYS IS A COMMON FIGURE IN THE TURKIC WORLD

Тулекова Мереке Кокеновна – *тарих ғылымдарының докторы, профессор*
Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, Әлем тарихы кафедрасы
(Алматы, Қазақстан)

Tulekova MEREKE Kokenovna – *doctor of historical sciences, Professor Abai KazNPU,*
Institute of History and Law, Department of World History, Almaty

Ерлік пен елдікті ту еткен мемлекет қайраткерлерінің бірі, Дешті Қыпшақ даласының атақты перзенті, Мысырда мәмлүктер мемлекетінің негізін қалаған және оны 17 жыл билеген Сұлтан Бейбарыстың туғанына биыл 800 жыл.

Орта ғасырлардың өзінде араб тарихшылары «Байбарыс исламның ең ірі патшасы» деп баға берген екен.

Бейбарыс сұлтандық билікке келе сала өзін алысты көре білетін данышпан саясатшы ретінде кеңінен мойындатады. Орта ғасыр, араб жазба деректеріне сүйенсек өзінің ақылдылығы, қайраттылығы, ер жүректігімен ерекшеленген Бейбарыстың бойында әділдік, атқамінерлік және батылдық қасиеттерімен кеңінен әйгілі болады. Ол мемлекетті нығайту үшін бірден маңызды іс шараларды жүзеге асырады. Біріншіден, сұлтан Бейбарыс сұлтандық билігін нығайту мақсатында мәмлүк әмірлерінің барлығын өзінің туы астында басын қосады. Сонымен қатар қалың бұхараны өзінің қоластына топтастыруға ұмтылады [1].

Екіншіден, жергілікті халықтың қолдауын табу үшін сұлтан Бейбарыс Мысыр тұрғындары төлейтін алым-салықтарды едәуір азайтады. Үшіншіден, Мысыр түрмелерінде отырған саяси

тұтқындардың бәріне кешірім жасап, түрмеден босатады [2]. Төртіншіден, барлық мұсылман әмірлері мен билеушілеріне хат жолдап онда Мысыр елінде болып жатқан өзгерістер туралы, мамлюк мемлекетінің әскери қуаты туралы хат жазады [3].

Сұлтан Аз Захир Бейбарыстың жұмсаған үлкен күш-жігері мен жүйелі жүзеге асырған шаралары мен әрекеттерінің арқасында Мысыр жерінде қалыптасқан өркендеген бұл дәстүр барлық мамлюк сұлтандарының билігі кезінде де қатаң сақталып келді. Мұсылман әлемінің діни, ғылыми және мәдени өмірінің барлық жақтарын қамтыған суфизмнің дамуы бүкіл ислам тарихы үшін маңыздылығы мен рөлі аса зор болды. Оның осы күнге дейін сақталған архитектуралық ескерткіштерінің ішінде зәулім салынған мешіттер, медреселер мен суфилер үйі қазіргі Каирда сол заманның жәдігері десек болады.

Сұлтан Бейбарыс ішкі және сыртқы саясатты байсалды жүргізе білді. Оның әскери – соғыс саласында көрегенді қолбасшы ретінде көрсетумен бірге, басқа елдермен қарым-қатынастарда мықты саясатшы әрі білімді дипломат ретінде танытты. Ол өзінің 17 жылдық билігі кезінде Мәмлүк мемлекеттерінің алыс және жақын көрші, дос пен дұшпан мемлекеттермен қай бағытта қарым-қатынасты дамыту стратегиялық бағытының негізін қалап берді деуге болады. Жалпы сұлтан Бейбарыс кезінде қарым-қатынас орнатқан елдерді екі топқа бөлуге болады. Оның біріншісі-мұсылман елдері: Алтын Орда, Шам еліндегі Әй-Айубилер, Хиджаз елі (Қазіргі Сауд Арабиясы), қазіргі Тунис жерінде билік еткен Әл-Хафсилер мемлекетімен қарым-қатынаста болды.

Екінші топқа мұсылман емес мемлекеттер: Нубия мемлекеті, Таяу Шығыстағы христан мемлекеттері және кресшілер ордендері, Кіші Армения мемлекеті, Ирандағы Елхан мемлекеті, Рум Селжук түріктер мемлекеті, Византия империясымен, Батыс Еуропа елдерімен қарым-қатынасы

Сұлтан Бейбарыс ата жұрты Алтын Ордамен тікелей дипломатиялық байланыс орнатуға ерекше маңыз берген. Оның себебі ортағасырлық тарихшылар көрсеткендей, тек Хулагу хан мемлекетіне қарсы әскери одақ құру ғана емес, туған жерімен қарым-қатынас орнату, өз ұлтының ұлдары мен қыздарының Мысыр еліне тұрақты түрде келіп тұруын қамтамасыз ету еді. Осы мақсаттарды орындау үшін Байбарыс Алтын Орда хандарымен елшіліктер алмасты.

Байбарыс билігі кезінде Алтын Орда хандары елхандар арасында саяси текетірес қарулы қақтығыстарға ұласқан еді.

Байбарыс заманында Хулагу хан иеліктерінен түркі тайпаларының біршама өкілдері балашағаларымен қыпшақ сұлтанының қоластына саяси баспана іздеп келеді. Байбарыс алдына келгендерді жылы қарсы алып, азаматтық беріп орналастырып отырған. Сұлтан Байбарыс Қыпшақ даласымен сауда-саттық жүргізген саудагерлерді алымнан босату туралы жарлық шығарған. Байбарыстың данқының алысқа жеткені соншалық, жарлығы Берке хан, Мөнке темір хан иеліктерімен қатар, өзінің бітіспес жаулары-елхандар билеп тұрған парсы елінде танылатын еді.

Қыпшақ даласының перзенті-тағдырдың тәлкегімен Мысыр жеріне еріксіз әкелініп, кейін атағы шар тарапқа кеткен сұлтанның сүйегі, түркінің тағы бір данасы әл-Фараби жатқан Дамаск қаласында қалады.

Қорыта айтқанда, Байбарыс Исламның ең ұлы патшасы еді. - Әл-Мақризи XIV ғ. мұсылман тарихшысы.

Ортағасырлық тарихшы Ибн Айбек ад-Дауадари өзінің «Түркі мемлекеті туралы маржан моншақ» атты шығармасында «Байбарыс ер жүрек, даңқты мәлік, жаужүрек батыр еді, өлімнен қорықпайтын. Айла-әдісі мол, саясаты жайлы, істері әдемі, қимылы сәтті, соғыста ақжолтай, ешқашан қорғалақтамайтын. Халықты, әсіресе Дамаск тұрғындарын, мекемелерді көп тәркілейтін. Оларды жек көретін. Байбарыс екі рет Дамаскіні өртеп жоқ етпек болды» - деп жазды. XIV ғасырда өмір сүрген мысырлық тарихшы әл-Айни «Заман тұрғындары туралы маржан моншақ» атты еңбегінде Байбарыс ұлты қыпшақ, түркінің Бурш ұғылы тайпасына жатады дей келе Байбарысты сипаттауда теңеулерді аямайды «Жеңімпаз патша, қарасұр, көкшіл көзді. Дауысы жер жаратын. Бойында ұлылық және еріксіз құрметтеу сезімін тудыратын айбындылық бар еді. Бойы ұзынға келетін. Қайсар, ержүрек, сақи, жігерлі, тұңғыық, өжет, көзсіз батыр, сұлтандық

ісіне көп көңіл бөлетін, ислам және мұсылмандардың жеңісіне және патша рәсімдерінің орындалуына ұмтылған еді» дейді.

Тарихшы Ибн Тәңірбеді «жеңімпаз мәлік ержүрек, батыл, жихангер, муджахид, елді сақтаушы, патша болуға жаратылған, жеңіл, жылдам, ұрысқа өзі бастап кіретін» дей келе, «Байбарыс мемлекет басқару ісінде Шыңғысханның Ясасын және түркінің Турасын басшылыққа алатын болған. Тура түрікше жол, бағыт дегенді білдіреді» - деп жазады [4].

Мәмлүк-қыпшақ мемлекетінің негізін салушы сұлтан Байбарыс әкімшілік жүйені дамытып қана қоймай бұл жерге бұрын белгісіз басқа ережелер кіргізді. Тарихшы Ибн Тәңірберді ол туралы «Байбарыс мемлекет басқару ісінде Шыңғыс ханның «Йасысының» және түркінің «Турасын» басшылыққа алатын болған. Жеңімпаз патша мемлекетінде орнатқан мансаптар кейбіреулері одан бұрын болғанымен дәл осы түрде емес еді» деп жазады.

Мамлюк династиялары басқарған түркі мемлекетінің басында сұлтан тұратын. Оны өзара тең саналатын ірі әмірлер сайлайтын. Қыпшақ мәмлүктер сұлтандық әкеден балаға мұра етіп қалдыруға тырысса, кейінгі мәмлүктер кім күшті билік соныкі деген принцип ұстанғаны тарихтан белгілі. Оны мұсылман тарихшылары «түркі заңы» деген.

Сұлтан абсолюттік биліктің иесі, алайда сұлтан Байбарыс ақсақалдар кеңесін құрған қыпшақ сұлтаны саналады. Ол әртүрлі мемлекеттік сұрақтар бойынша тәжірибелі мәмлүк ақсақалдарымен ақылдасып отыратын.

Сұлтан аптасына екі рет иеліктерінің тұрғындарының арызын қарайтын. Барлық іс қағаздарды қыпшақ тілінде жүргізіп отырған.

Сұлтан Байбарыстың шеру тартуы ерекше әсер қалдыратын протоколды шара саналған. Сұлтан ерекше бір жағдайларға байланысты немесе діни мейрамдарға және аңға шығу кезінде нөкерлері мен мәмлүктері ерекше салтанатты киініп қала көшелерімен жүріп өтетін. Осы кездегі әскери парадтар секілді шараға мәмлүктер қару-жарақтарын асынып шығып, айбат көрсететін. 1261 жылы Байбарыс бірінші рет сұлтан тамғасын көтеріп шығып Каир қаласын айналып келіп, Жеңіс қақпасына кіреді. Қала қақпасына кірісімен әмірлер аттан түсіп сұлтанның алдында жаяу жүріп отырады. Каир қаласының сұлтанның құрметіне сәнделіп, оның аяғының астына күміс дирхемдер мен алтын динарлар шашылады. Сұлтанның басындағы сәлдеге алтын жіппен аты-жөні, титулы жазылған сары лента оралған. Ірі әмірлер сұлтанның үстіне алтынмен жиектелген жібек шатыр ұстап келе келе жатады. Шатырдың төбесінде алтын жалатылған күміс құс орнатылған. Сұлтанның алдында қыпшақтардың билік рәмізі саналған, алтыннан жасалған тоқым ұстап жүреді. Сұлтанның шеруін жаяу айбалта ұстаған мәмлүктер бастап келе жатады. Тарихшы әл-Қалқашанди өзінің шығармасында «Теріден жасалынған алтынмен жиектелген тоқым, тебінгі, терлік. Сұлтан шеру тартқанда алдында екі жаққа қаратып алып жүреді. Осы мемлекеттің белгілерінің бірі»-деп көрсетеді [5]. Сұлтанның оң жағында басы үлкен шоқпар ұстаған оққағарлар жүріп отыратын. Сұлтан Байбарыстың шеті алтынмен кестеленген сары жібектен жасалған «исаба» деп аталатын үлкен туы болған. Екінші үлкен туы аттың құйрығы байланған «жалыш» деп аталған және «санжак» деп аталатын басқа да кіші сары туларының беттеріне сұлтанның аты-жөні және титулдары жазылған. Сұлтанатта әртүрлі әлеуметтік топтар болған: жүздік әмірлері-мыңбасылар, таблхана әмірлері-қарамағында қырық салт атты мәмлүк болған; онбасылар, бесбасылар, қатардағы мәмлүктер, халқа мәмлүктері» соғыс жарияланғанда ғана әскермен бірге шығатындар, сан жағынан ең көбі).

Сұлтан Байбарыс құрған түркі мемлекетінің ірі мансап иелеріде әртүрлі болған: сұлтанның Мысырдағы орынбасары мәмлүк мемлекетіндегі екінші мансап және сұлтанның ең жақын адамы болған. Байбарыстың наибы қызметін әмір Иззуддин Айтемір әл-Хилли атқарған. Сұлтандық наибынан кейін мәртебе бойынша және маңыздылығы бойынша атабек мансабы келеді. «Атабек», «атабеки» немесе «атабек ал-аскар» деп аталады. Мағынасы әскер басшысы. Сұлтан Байбарыстың атабегі әмір Ақтай болған. Рас-ан науба-кезекшілік басы деп аталатын мансапты төрт әмір иеленген. Олар сұлтан әмірімен құрылған әскери мыңдықтарды басқарған. Мәжіліс әмірі-сұлтан мәжілістерін өткізу. Бұл мансапқа бір ғана әмір ие болып, сұлтан

дәрігерімен байланыс ұстап отырған. Байбарыстың әмір мәжілісі (Кештоғды-Күштоғды) аз-Закири болған.

Амир силах-қару-жарақ әмірі. Амир ахур-сұлтанның ат қорасын ұстаушы; Амр дауадар-парсы сөзі қазақша сөзбе –сөз «дәуіт ұстаушы» деген мағына береді. Сұлтан канцеляриясының меңгерушісі. Жандар-сұлтанды күзету қызметінің басшысы; Жашангир-парсы тілінен «дәм алушы» сұлтан алдына берілетін тамақтарды одан бұрын татып көруші.

Нақиб ал-джеш-әскери қараушы. Түркі мемлекетінің жоғарғы мансаптарының бірі саналатын. Сұлтанға қажетті әмірлер мен қатардағы мәмлүктерді апаратын қызмет атқарған. Жалпы алғанда кадр мәселесімен айналысқан. Силахдар-сұлтанның қару-жарағын тасушылардың басшысы. Сұлтанның әр қаруының түрі бойынша тасушысы болған. Байбарыстың қарушысы әмір Бадруддин Бекташ ал-Фахри болған. Оның қарамағында жүзден астам қару ұстаушылар болған.

Ұстадар- Байбарыстың алғашқы ұстадары әмір Джамалуддин Ақ үш ас-Салихи ан-Наджами. Мәмлүк арасында құрметке ие. Хаджиб-камергер, сұлтанға рұқсатсыз кірмеуді қадағалайтындар. Аталған мансаптармен қатар сұлтан Байбарыстың уәзірі болған. Уәзірлер басында білімді адамдардан тағайындалған, кейіннен сенімді адамдар қойылған. Олар негізінен салық, қаражат және басқа да мемлекеттік істерді атқарған.

Уәзір Диуан ал-инша-мекемені басқарған. Басты міндеті мөр басылған хаттарды сұлтан алдында оқу, жазу, арыздарды қарау, қаржы мәселесін шешу болған. Байбарыс уәзірмен мемлекет істері бойынша кеңесіп отыратын. Ол сұлтанмен бұхара халық арасындағы дәнекер қызметін атқарған. Ал сұлтанның Каир қаласы бойынша уәлиі әмір Саримуддин каймаз әл-Масғуди қала ішіндегі тәртіп үшін де жауап берген. Уәли қала әкімі және полиция бастығы қызметін қоса атқарған. Қызыр бин Аби Бақр бин Муса әл-Адауи сұлтан Байбарыстың пір тұтқан атақты шейхі. Аптасына екі рет барып тұрып оған барлық істерін айтып ақылдасып отырған. Байбарыс шейхті әскери жорықтар кезінде де ертіп жүрген. Байбарыс мемлекетінде сот және жазалау жүйесін құрған.

Байбарыс «түрік поштасы» деген атпен енген құрлық поштасын Мысыр мен Шамада жолға қойған билеуші. Пошташылар мемлекет есебінен айлық алған, пошташылар күніне 10 рет ат алмастырған, әр бекеттің арасы 28 мильден аспайтын. Байбарыс тек құрлық поштасымен шектелмей әуе поштасы-кептер поштасын да кеңінен қолданған, арнайы бекеттерге салынған мұнараларға келіп қонған пошта кептерлерін кептерші ауыстырып жіберіп отырған. Пошта ісі жалпы алғанда реформатор Байбарыстың жүзеге асырған істерінің бір бөлігі болып саналады.

Сұлтан Байбарыс тұсында мәмлүк мемлекетінің экономикасы, әсіресе сауда, егін шаруашылығы және қолөнер жақсы дамытылды. Мемлекеттің қарқынды дамыған экономикасы Байбарысқа сыртқы жауларға тойтарыс беруге қажет қуатты, жан-жақты жабдықталған күшті кәсіпқой мәмлүк әскерін құруға мүмкіндік берді. Байбарыс санымен қатар мемлекеттің астанасы-Каирде кең құрылыс жұмыстарын жүргізіп, оның басқа мұсылман қалаларымен салыстырғанда салтанатты болуына ерекше көңіл бөлген.

Байбарыстың аса көңіл бөлген салаларының бірі соғыс құрал-жабдықтарын дайындайтын қолөнер өндірісі болды. Сонымен қатар Мысырда кілем тоқу, қамыс қантын өндіру мемлекет қазынасына айтарлықтай табыс берген. Байбарыс сұлтан мемлекетінің негізін нығайтуда Мысырдың тоқсан жолдың торабында тұрған стратегиялық орналасуын көрші мемлекеттермен сауда қатынастарын дамытуда тиімді пайдалана білді. Байбарыс көрші елдермен, оның ішінде христиан мемлекеттерімен тиімді екі жақты сауда байланыстарын дамыту үшін қажетті құқықтық негіз орнатты. Байбарыстың шебер дипломатиясы арқасында Мысырлағы түркі мемлекеті Сицилия, Генуя, Севилья, Арагон, Византия императорымен, Кастилия, Сицилия, Жерорта теңізі бойында орналасқан елдермен арнайы сауда келісімдеріне келді. Сұлтан Байбарыс кезінде түркі мемлекетінің негізгі қаржы көздері төмендегілер болды: харадж - өнімнен алынатын ақшадай салық, зәкет-мал салығы; джизия - Каир қадасында тұратын басқа дін өкілдерінен алынатын салық; шетелдік саудагерлерге арнайы салықтар салынды. Мәмлүк мемлекетінің Александрия, Думият және тағы басқа теңіз порттарындағы сыртқы саудаға кедендік салық салынды. Мысыр мен Шам елдері арқылы басқа елдерге қатынайтын кемелерге арнайы салық салынды. Қазба

байлықтарды бақылап сұлтан қазынасына құятын болған, иесіз қалған мүліктерді бақылап оны қаржы үйіне құйып отырған [6].

Өзінің құлдан шыққандығына қарамастан өнер мен құрылыс ісіне камкорлық жасайтын, қалаларын көркемдеуде, бекіністерін жаңалауда үлкен күш жігер жұмсайтын-С.Рансиман, батыс шығыстанушысы.

Байбарыс тұсында атақты тарихшылар өмір сүрген, олар сұлтанның өмірбаянын жазған, мәмлүктер арасынан хатшылық пен тарихты зерттеуші бір топ ғалымдар шыққан. Медреседе білім алушыларға үлкен мүмкіндіктер берілген. Әр медресенің жанында мұғалімдер мен шәкірттерге арналған кітапханалар болған. Мәмлүк сұлтандары мен әмірлерінің мешіт, медресе, күмбез салуға ерекше көңіл бөлгендігінен мәмлүк дәуірі ислам сәулет өнеріндегі алтын ғасыр болып саналады. Каир қаласындағы Бейбарыс мешіті, Калауынның мешіт – медресесі, сұлтан Хасанның мешіт-медресесі, көп қабатты сарайлар, көпірлер, әскери мақсаттағы ғимараттар салынған.

Мәмлүк сұлтандары тұсында металдан бұйым жасау, темір өңдеу өнері ерекше дамыған. Сурет өнері ерекше дамыған.

Билік тізгінің мықтап қолға алған Байбарыс әрбір қалада тұрақты әскер ұстады. Мемлекеттегі тәртіпті нығайтты. Сарай маңында орын алатын өзара қырқысуларды түпкілікті тоқтатты. Оның тұсында мәмлүк мемлекеті көркейе түсті. Мәмлүктерге әлемнің түпкір түпкірінен көпестер ағылып келе бастады. Барлық өзендерге көпір және әрбір қалаға бір мешіттен салынды. Сұлтан Мысыр мен Дамаскіде көптеген медреселер салуға көп күш жұмсайды, каналдар мен бөгеттерді жөндетеді. Каир қаласында ол салғызған мешіттің бірі қазір Байбарыс мешіті деп аталады. Ол ислам әлемін кресшілердің шабуылынан және моңғол шапқыншылығынан құтқарды. Заң саласында бұрын сонды болмаған өзгеріс енгізді. Ал оның әскери жаңалықтарын Европа мемлекеттері пайдаланды.

Қорыта келгенде орта ғасырлық ғалымдардың Байбарысқа берген пікірімен аяқтасақ:

«Ақтай мен Байбарыс-Ислам дауиялары (рыцарлары)» Тарихшы Ибн Уасил, XIII ғасыр. «Байбарыс патшалардың ішінен батырлық, қаталдық және шариғатқа мойынсұнғандығы жағынан ең ұлысы еді. Әл-Джабурти, ХҮ ғ. мұсылман тарихшысы [7].

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Средневековая история стран Азии и Африки. В 2-х тмах. Т.2. - М.,1987.
2. Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Востоковедные исследования в Казахстане. - Алма-Ата, 1989.
3. Султанов Т.И. Письмо золотоордынских ханов. Тркологический сборник. - М.,1975.
4. Қайрат Сәки Сұлтан Байбарыс. «Фолиант». Астана-2000. №-260 б. (25-26 бб.).
5. Сонда 158-159 бб.
6. Кумеков Б., Саки К. Султан Бейбарыс. История, личност, время. – Алматы: «Аруна», 2004. - 96 с.
7. Ұлы дала тұлғалары көне түркі тұлғалары мен арғықазақтар. Ғылыми-танымдық, 1-кітап. - Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ, «Ұлағат»

СЕКЦИЯ ЖҰМЫСТАРЫ

КӨНЕ ТҮРІКТЕР МЕН ҚЫПШАҚ МӘМЛҮКТЕР: ӘСКЕРИ ӨНЕРІНДЕГІ САБАҚТАСТЫҚ ДРЕВНИЕ ТЮРКИ И КЫПЧАКСКИЕ МАМЛЮКИ: ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ В ВОЕННОМ ИСКУССТВЕ ANCIENT TURKS AND KIPCHAK MAMLUKS: SUCCESSION IN MILITARY ART

Махаева А.Ш. – тарих ғылымдарының докторы,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
Әлем тарихы кафедрасының асс.профессоры

Махаева А.Ш. – д.и.н., асс.проф. кафедрасы Всемирной истории КазНПУ имени Абая
Makhaeva A.Sh. – Associate Professor, Department of World History KazNPU named Abaya

XIII ғасырда қалыптасқан геосаяси ахуалға байланысты Египетке қыпшақтардың көптеп әкелінгені белгілі. Зерттеушілер бұл Наджмуддин Аюбидің кезі болатын деп көрсетеді. Қазіргі тарихшылар мәмлүктерді бахрит-қыпшақтар және бурджит-черкестер деп жіктеп көрсетсе, ортағасырлық мұсылмандық тарихшылар мәмлүктерді қыпшақтар мен черкестерге бөлмеген, олардың бәрін түріктер деп есептеген. Мәмлүктердің арасында небір ұлыстың өкілдері болғанымен, олардың ішінде түріктер, атап айтқанда, қыпшақтар ерекшеленіп тұратын (Саки, 2023:84-85).

Ортағасырлық автор әл-Макризи «Ас-сулук» деген еңбегінде Бейбарыстың түрі екенін айта келіп, оны Мәлик ас-Салих Наджмуддин Айюб сатып алғанын көрсетеді.

Түрік қағанаты ыдырағаннан кейінгі кезеңде геосаяси ахуалдарға орай жеке мемлекеттік құрылымдарды құруға ұмтылған түркі этникалық топтары ендігі жерде «қыпшақ» атауымен топтаса бастайды. XI-XV ғасырларда Дешті Қыпшақ жері ұлан-ғайыр территорияны алып жатты (Вәлиди, 1992: 136).

«Дешті-Қыпшақтағы этникалық байланыстардың тереңдеуі мен дамуы аймақтағы этно-мәдени белгілердің бірыңғайлыққа ұшырап, қыпшақтардың қалыптасуына әсер етті. Біртұтас этникалық аймақ, шаруашылық тәсіл, қоғамдық қатынастар мен ортақ тіл қыпшақтардың басқа этникалық топтармен араласуына әсер етті. Қыпшақтардың саяси салмағының артуынан көптеген басқа этникалық топтар мен тайпалар өздерін «қыпшақтармыз» деп атап, осы этнонимді қабылдады» (Кумеков, 1987: 45).

Қыпшақ мәмлүктер өздерінің соғыс өнерінде көп жағдайда сонау көне түріктер кезінен келе жатқан әскери дәстүрді одан ары жалғастырушылар болды. Олардың соғыс өнерінде сабақтастық дәстүр орын алғаны байқалады.

Қыпшақ даласынан шыққан Бейбарыс аюбидтердің бұрынғы әскерін түгелімен өзгерткені белгілі. Ол өз заманының талабына сай әскер құра білді. Қатаң әскери тәртіп, дарынды қолбасшылық, жауынгерлерінің ержүректілігі, қару-жарақтың жарамдылығы, соғыс жүргізу тактикасы мен стратегиясының дұрыстығы – бәрі де жеңіске, табысқа жеткізетіндей етіліп құрылды. Жауынгерлер қатарын саудаға түскен тұтқын жас түрік жігіттері толықтырып отырды. Қыпшақ мәмлүктердің бойынан сонау көне түріктер кезіндегі жауынгерлік рух байқалатын. Енді сол көне түріктердің әскери өнеріне тоқталып өтейік.

Мінездері өр және табанды болып келетін көне түріктердің жауынгер болып қалыптасуына даланың қатаң табиғаты да әсер етті. Түріктердің арыстандай айбатғы қасиетіне көңіл аударған ортағасырлық әр тілді авторлар олардың әскери өнерді жетік меңгергендіктерін баса көрсеткен. Араб жылнамашылары түріктердің бар ынта-жігері соғыс өнерін меңгеруге бағытталғандығын, бұл өнер түріктерге зор ләззат пен мақтаныш әкелетіндігін, әрі арабтардан басым түсетіндігін, түріктің он окты әр бағытқа атып үлгергенде, араб жауынгерінің бір ғана оқ ататынын айтып, таңқала әңгімелеген.

Көне түріктердің соғыс өнерін жете меңгеруге ұмтылысы қорғаныс қажеттілігінен де туындаған. Осы жағдайды З.Валиди сынды түркітанушы ғалым былай деп көрсеткен-ді: «Түріктердің оңтүстік тарапында қытайлар һәм Иран халықтары тұрған. Олар көп уақыт түріктермен соғысып ғұмыр кешкен һәм кейбір уақыттарда тәуелді болып, алым (хараж) беріп тұрған. Түрік жеріне шапқыншылық жасап кірсе де, еш пайда таба алмаған. Ұлы түрік халқы һәм олардың зор жерлері хақында қытайлықтар мен ирандықтар арасында небір қорқынышты хикаяттар тараған. Сондықтан да олар түрік жеріне басып кіруге бата бермеген» (Валиди, 1992: 16-17).

Көне түріктердің соғыс тактикасының табысты болуы әрбір жауынгердің жеке әзірлігіне байланысты болды. Жекпе-жек сол кездегі ұрыстың маңызды бөлігін құрайтын. Жекпе-жекке шығатын батырлар әскердің айбынды тобын құрайтын және олардың өлімі сапта үрей тудырып, кейде оны жеңіліске ұшырататын.

Түрік әскерлері ұрыс тәсілінің қарапайым түрі – жауды орағытып өту немесе тұтқиылдан тап беруді кеңінен пайдаланған. Тоныкөктің: «...Әскермен жорыққа аттандық. Алтын қойнауын жолсыз астық, Ертіс өзенін өткелсіз кештік. Түн қаттық. Болшыға таң ата жеттік»; «Күн демей, күн демей желіп бардық, қырғыздарды ұйқыда бастық» – деуі осыны аңғартса керек.

Дұшпанның әскері, жер жайы т.б. жөнінде астыртын мәлімет жинау, жол бастаушы, хабаршы жігіттердің қызметін пайдалану, екі жақтың елшілік алмасуы секілді әрекеттер де болған. «Оғыздардан елші келді»; «Жершіл жігіт іздеді»; «Үш хабаршы келді»; «Тіл, сөз алып отыр» және т.б. Тоныкөк жырындағы жолдар көне түріктердің соғыс барысындағы іс-қимылдарын білдіргендей.

Сап құрап соғысу тактикасын түріктер сирек болса да қолданған. Бұл тәсіл жазық жерлерде ғана болмаса, тау – тасты өңірде онша көп орын алмаған (Махаева, 2002:57).

Түрік қағанатының әскері әр уақыттарда 100 мыңнан 400 мыңға дейін жеткен. Көне түріктерде әскер оң және сол қанатқа, Шығыс Түрік қағанатының қолбасшысы Қапағанның кезінде екі қанатқа және орталыққа бөлінген. Түріктерде әскерді ғұндар секілді ондықтарға, жүздікгерге бөлу жүйесі де болғанға ұқсайды (қытай деректері мәліметтеріне қарағанда).

Түрік әскерлерінің ішінде бөрілер деп аталатын Ашина руынан шыққан қағандардың сауытты атты ерекше бөлімдері болған. «Оққағарларды бері деп атайды, ол - шыққан тектерінің бері екендігін есте сақтағандары. Олар ат үстінен садақты шебер атады, табиғатынан жауыз, аяуды білмейді», – делінеді қытай жылнамасында.

Түрік әскерлерінің басым бөлігін садақ пен жебесі бар атты жауынгерлер құраған. Таяу қашықтықтағы және қоян-қолтық ұрыстарда найза, қылыш, алдаспанды қолданды.

Түркілердің әскері жеңіл және ауыр қаруланған әскерден тұрды. Көне түрік жауынгерінің әскери қабілеті өз заманында барынша жоғары болды. Олар өз дәуірінде шығысында Маньчжуриядан батысында Қырымға дейінгі кең аймақта әскери қимылдар жүргізді. Көне түріктердің әскери құрылымы ондық жүйе бойынша: 10, 100, 1000, 10000 болып құрылды. Армия 2 қанатқа: оң және сол болып бөлінді.

Ауыр қаруланған кавалерияның қару-жарағы садақ, семсер, қылыш, найза, айбалта болды. Олар сақтану үшін сауыт, темір сауыт киді, қалқан ұстады, ат жабу тақты. Жеңіл қаруланған әскердің қару-жарағы садақ, қанжар, шот балтадан тұрды.

Ұрысқа алдымен атты садақшылар жіберілді, кейін ауыр қаруланған кавалерия кірді.

Әскерді басқару үшін түріктер «бөрінің алтын басы бар туларды», бұйрық беру үшін «алтын ұшты мөрі бар жебені» пайдаланған.

Қағандар әскермен санасып отырған, жауынгерлер қолдауынсыз олар елді ұзақ билей алмаған. Қытай деректеріне қарағанда, жужандарды түпкілікті жеңген Мую хан Кигинь (Мұқан қаған) қатаң да қатал, батыл да ақылды болып, көптеген ұрыстарда әскерді жеңіске бастап қана қоймай, өнеге – үлгі де көрсете білген.

Араб жылнамалары халиф елшілері келгенде түрік қағаны өз қолымен ер тұрман жасап отыр екен дейді. Түріктер керекті жебе, найза және басқа қару-жарақты басынан аяғына дейін өз қолымен жасаған. Қаған да бұл тәртіпті бұзбаған. Зерттеуші Қ.Сартқожаұлы түріктер он оқ жүйелік әскери-әкімшілік құрылымды ғұндардан мұра етіп алды, түріктердің әсери басшылығы

он қолбасшыдан құрылған Кеңестің қолына шоғырланды деп көрсетеді (Сарткожаулы, 2002:126).

Түріктердің жұмыс үстіндегі тағы бір қасиеті, арабтардың байқауынша, ешкімнен жәрдем және ақыл сұрамайды екен. Қытайлық тарихшылардың «түріктер басшыларды сыйламайды» деуіне қарағанда, еркіндік сүйгіш, өр мінезді жауынгер түріктерді басқару да оңайға түспесе керек. Дегенмен де «Елхан» атанған Бумын, одан кейінгі Мұқан, Күлтегін секілді ержүрек қолбасшылар, Тоныкөктей данагөй кеңесшілер, Йолығ тегіндей тарихшылар ел бірлігін келтіріп, біліктіліктерімен көзге түскен. Түріктер соғыста өлгенді даңқ санаса, ал аурудан өлгенді намыс көрді.

Міне, осы қасиеттердің көбі қыпшақ мәмлүктерде де болғаны байқалады. Қыпшақ даласынан барған жігіттердің бойынан олардың арғы бабаларына тән қасиеттердің бәрі дерлік табылатын. Мәмлүктер де батылдықты, адалдықты, даналықты жоғары бағалады.

Мәмлүктер де көне түріктер секілді «Ер қанаты – ат» деп білді. Соғысқа мінетін аттарға ерекше көңіл бөлінді. Мәмлүктерден басқалардың қалада атпен жүруге құқы болмайтын.

Мәмлүктерде аттың 3 түрі болды: түрік, араб және екеуін бұдандастыру арқылы алынатын «хаджиб» жылқысы. Түрік жылқысы «акдиш» деп аталатын және ол Қыпшақ даласынан алдырылатын. «Ираб» деп аталатын араб жылқысы Мағриб, Хиджаз, Неджд, Йемен, Шам, Ирак, Египет секілді елдерден әкелінетін (Саки, 2023:105).

Султандар жылқы мәселесіне көп көңіл бөлетін. Олар Дешті Қыпшақ даласынан түрік жылқысын алдыртатын. Таза қанды араб жылқысын да сақтай алды. Оларды будандастырып, үшінші түрлі сапалы тұқым алуды да білді.

Жылқы саудасына мән беріп, мәмлүк билеушілері жер жерге саудагерлерді арнайы жіберіп, жүйрік аттарды алдыртатын. Қай жерде, қай елде асыл тұқымды аттар барын біліп отыратын және де қожайыны қандай баға қойса да ол аттарды ақысын төлеп, өздеріне алдыртатын.

Ал соғыс кезінде жарақат алған немесе ауырған жылқылар болса, оларды емдеуге тырысатын. Қайта жарамды болғанша, ем-домын жасатып, күтімге алатын болған.

Бейбарыс өзінің әскерін түрік сөзімен «түмен» деп атады. Түмендегі жауынгерлердің әскери дайындығына, дене шынықтыруына баса назар аударды. Ат жарыстарын өткізіп, аңға шығатын. Ат ойындары, мәмлүктердің түсінігінше, бейбіт кезде соғысқа дайындық жүргізудің бір тәсілі іспеттес болды.

Соғыс қару-жарақтары қатарында сонау көне түріктер кезінен келе жатқан садақ ату басты орын алатын. Садақ мәмлүктердің басты қаруының бірі болды. Садақ атушыны мәмлүктер «оқшы» деп атаған. Найза, айбалта, сойыл сияқты қаруларды да қолданды.

Бейбарыс сұлтан дарынды қолбасшылық қабілетінің арқасында ислам әлемін кресшілерден, моңғол әскерлерінен қорғап қала алды. Оның тарихтағы рөлі аса жоғары. Бейбарыс – ислам және түрік әлемінің көрнекті өкілі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Вәлиди Ә.З. Кыскача төрек-татар тарихы. – Казан: Татарстан китап нәшрияты, 1992. – 181 б. (татар тілінде).
2. Кумеков Б.Е. Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам. – Алматы: Гылым, 1987. – 121 с.
3. Махаева А.Ш. Көне түріктердің рухани мәдениеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 68 б.
4. Саки К. Байбарс – султан мамлюков из Дешт-и Кыпчака. – Алматы: ТОО «Литера-М», 2023. – 230 с.
5. Сарткожаулы К. Объединенный каганат тюрков. – Астана: «Фолиант», 2002. – 204 с.

**ЗАМАНАУИ ТАРИХ САБАҒЫНДА ТҮЛҒА ТАРИХЫН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА АУДИО
ДЕРЕККӨЗДЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ
АКТУАЛЬНОСТЬ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ АУДИОИСТОЧНИКОВ ПРИ ПРЕПОДАВАНИИ
ИСТОРИИ ЛИЧНОСТИНА СОВРЕМЕННЫХ УРОКАХ ИСТОРИИ
THE RELEVANCE OF USING AUDIO SOURCES WHEN TEACHING PERSONAL
HISTORY IN MODERN HISTORY LESSONS**

Асымова Дария Болатовна – PhD/Asimova Daria Bolatovna –
Абай атындағы ҚазҰПУ-нің аға оқытушысы, PhD докторы

Соңғы онжылдықтарда әлем постиндустриалды, ақпараттық қоғамға көшуді бастан өткерді. Мәдениетаралық өзара әрекеттесу аясы айтарлықтай кеңейді. Қазақстан Республикасының 2016 жылға дейінгі Әлеуметтік жаңғырту ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық даму тұжырымдамасында «Цифрландыру әртүрлі білім беру жүйелері арасындағы бәсеке жаһандық жүйенің негізгі элементіне айналған технологияларды үнемі жаңартып отыруды, инновациялардың жедел дамуын, жылдам бейімделуді талап ететін бәсекелестік динамикалық түрде өзгертін әлемнің сұраныстары мен талаптарына дайын болуымыз керек». Бұл цифрландыру үдерісі өміріміздің барлық салалары мен тұстарын қамтуы тиіс деп тұжырымдалған. Әрине бұл үдерісте білім беру саласы да шет қалмай ілгері дамуы қажет.

Қазіргі жаһандану заманында адамның үлкен көлемдегі ақпаратпен жұмыс істей алу қабілеті бірінші орынға шығып отыр. Бұл, әсіресе, жалпы білім беретін орта мектеп оқушылары үшін маңызды. Бүгінгі күні тарих сабағын құжатсыз, алғашқы дерек көзінсіз, белгілі тарихшылардың еңбектерінсіз елестету мүмкін емес. Оларды тиімді пайдалана білу өзара байланысты мәселелерді шешуге мүмкіндік береді: білім деңгейін толықтыру, оны тереңдету және нақтылау, білім алушылардың ойлау қабілетін дамыту, өз бетімен қорытынды жасай алу қабілетін дамыту. Орыс педагогі К.Д. Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Президент өзінің жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр.

Бұл мақалада заманауи мектеп оқушыларының назарын сабақ тақырыбында ұстау, оқушының тарихи сананы қалыптастыру мақсатында тарихи дереккөздерді қолдау мәселесі. Сонымен қатар білім алушылардың дерек көздермен жұмыс істеуге баулуға тәрбиелеу болып отыр.

Елімізде орта білім беру мазмұнын жаңарту шеңберінде білім беру үдерісінің құрылымы мен мазмұнына өзгерістер енгізілуде. Осындай цифрлық мүмкіндіктер заманында жас ұрпақтың жаңаша ойлау қабілетін, белсенділігін арттыру, білімге деген құштарлығын ояту, алған білімін өмірде оны қолдана білу, отансүйгіштік қасиетін одан әрі дамытуға бағыттау ұстаздың басты міндеті болып табылады. Осы орайда мұғалімнің сабақты әсерлі етіп өткізудің қажеттілігі туындап отыр. Қазіргі жас өспірімдердің назары олардың күнделікті қолданыстағы гаджеттерінде байлаулы екені белгілі. Сол себепті мұғалім білім беру үдерісін бұрынғысынша дәстүрлі сабақ ретінде өткізе алмайды. Себебі ол білім алушының назарын өзіне қарата алмайды, қарата алғанымен ұстай алмайды. Бұл дамыған цифрлық қоғамның кері әсері ретінде қабылдауға болады. Бірақ ол факт. Қазіргі жастар көзбен және тыңдау арқылы көбірек қабылдайтыны дәлелденді. Мұғалім сабақта визуалды сонымен қатар аудио материалдарды, деректерді қолдануы абзал болды. Осы уақытқа дейін бұл дерек түрлерін қолдану ол тек иллюстрациялық материал немесе

көрнекілік ретінде болса, қазіргі таңда бұл деректер өзінің ғылыми әлеуетін бар екендігі дәлелденіп отыр. Сонымен қатар психолог ғалымдардың аудио визуалды құжаттардың адамға деген әсерінің өте үлкен екеніне ғылыми зерттеулерге негізделіп көз жеткізіп отыр.

Мектептегі тарихты оқытуда тарихи дереккөздердің маңызы зор, бірақ сабақта әр алуан дереккөздер қолданыла бермейді. Тарихты оқыту үдерісін жобалауда тұлғалық іс-әрекет тәсіліне негізделген оқушылардың жеке нәтижелеріне тиімді қол жеткізуге бағытталған тарихи дереккөздер ықпал ете алады. Бұл мақалада негізгі аудио дереккөздер топтары талқыланады, сонымен қатар оларды зерттеу бойынша әдістемелік ұсыныстар қарастырылады.

Дерек мұғалімнің әңгімесін жанды әрі анық етіп, тақырыптың түйінін неғұрлым шынайы етіп көрсете алады. Тарихи деректің маңыздылығы оның тарихи материалды нақтылауға көмектесуінде, сол дәуірдің рухын сезінуге мүмкіндік беруінде және оқушыларды тарихқа қызықтыра алуында жатыр. Дерек көздерімен жұмыс жасау оқушылардың тарихи санасының қалыптасуы мен білімінің жетілуіне әсер етеді. Олардың өзіндік жұмыс жасау қабілеттері дамиды: құжатты оқу, талдау, құжаттың бұрынғы және қазіргі кезең үшін құндылығын анықтау. Оқушылар тарих ғылымы үшін құжаттардың қаншалықты маңызды екендігін ұғынады, мәселен аудио деректер арқылы кезінде өмір сүрген тұлғалардың дауысын естіп, көз алдына елестетіп көре алады. Сол себепті де, қазіргі күні мектепте тарихи білім беруде оқушылардың тарихи дерек көздерімен жұмыс жасау қабілетін дамыту негізгі мәселе болып отыр. Қазақстандық тарих ғылымының дамуы, тарихи зерттеулердің сапасы мен тиімділігінің артуы, олардың қоғамдық дамудың әлеуметтік-саяси және мәдени-тәрбиелік мазмұнына ықпалы белгілі бір дәрежеде деректердің зерттелуімен анықталатындығы белгілі. Осыған орай, мектеп бағдарламасына сәйкес тарих сабағында тақырыптарға қажетті дерек көздері қамтылады.

Дерек көздерімен жұмыс жасаудың әдістері оқушылардың жасына, білім қабілетіне, зерттеліп отырған тақырыптың күрделілігіне қарай әртүрлі болып келеді.

1) Дәйекті-мәтіндік зерттеу

Тарихи материалды дәйекті-мәтіндік зерттеу әдісі бойынша мұғалім оқушыларды дерек көзін іздеу және меңгеруде жоғары нәтижеге қол жеткізу үшін негізгі ережелермен таныстырады.

Бірінші ереже – негізгі идея мен оқиғаны анықтау, құжатқа байланысты сұрақтарды құрау және соларға жауап беру.

Тарихи білімді терең меңгеру жолында неге? не үшін? қандай мақсатпен? деген секілді сұрақтардың тууы заңды құбылыс. Сұрақ қою арқылы жұмыс істеу барысында оқушы тек мәтінді көшіріп жазып қана қоймай, сол материалды толықтай меңгере алады.

Екінші ереже – дерек авторының өзі қойған сұрақтармен жұмыс жасау және оған жауап беру.

Бұл ереженің іске асуында оқытудың диалогтық формасы қолданылады. Дерек авторлары өз мәтіндерінде риторикалық сұрақтан бастап мәселелі сұрақтарға дейін қояды. Бұл оқушыны ойлануға және талқылауға, яғни дайын қорытындыны алып қана қоймай, дәлелдеуге, қарсы шығуға, пікір таластыруға үйретеді. Негізінен, авторлар сұрақ қоя отырып, оған өздері жауап табуға тырысады, осылай оқушымен бірге шындыққа жетуге шақырады. Автордың сұрағы оқушыға оқуды тоқтатып, ойлануға, сұраққа өз жауабын беруге тырысуға мүмкіндік береді. Осы жағдайда оқушы автормен бірге болған оқиғаны, ондағы мәселелерді түсіне алады.

Үшінші ереже – автор атап өткен фактілерді, оқиғаларды, тұлғаларды талдау.

Алғашқы дереккөздерінің авторлары көп жағдайда оқиғаны сипаттауда көп мәліметтерді айтпай кетеді. Мұның себебі, сол кезеңнің тікелей куәгері болғандықтан ол мәліметтер авторға онсыз да белгілі. Ал ол фактілер мен біздің арамызды ондаған немесе жүздеген жылдар бөліп жатыр. Оқушы бұл фактілерді әр қырынан қарастыра алуы керек. Фактілердің мағынасын түсініп болғаннан кейін, олардың туындауына қандай себептер әсер еткенін анықтау қажет. Оқушы автор көрсеткен мәліметтің мағынасы мен туындау себебін анықтап алғаннан кейін, оның тарихи процесске қалай әсер еткендігін түсінуге ұмтылыс жасайды.

Зерттеліп отырған фактілердің заңдылықтарын түсінгеннен кейін, оқушы, бұл фактінің сол кезең үшін және қазіргі кезең үшін маңыздылығын бағалауға тырысады. Бағалау барысында «маңызы зор», «үлкен», «белгілі орны бар», т.б. секілді қарапайым сөздермен емес, нақты түйінді ойларын көрсету қажет.

Төртінші ереже – деректе көрсетілген оқиғалардағы идеяларды қазіргі қоғамның мәселелерін шешуде тарихи тәжірибе ретінде қолдана алу.

Әрине, бұл – оқушылар үшін күрделі тапсырма. Алайда, теорияны практикалық тұрғыда қолдану тарихи деректерді зерттеудің түпкі мақсаты болып саналады. Оқушылар бұл тапсырмамен өз бетінше жұмыс жасауына болады. Тек оларға дұрыс бағыт-бағдар сілтеп отыру қажет.

Осылайша, деректің идеясы мен маңыздылығын шынайы ортамен байланыстыру аяқталады.

2) Логикалық тапсырма әдісі.

Оқушының жасы жоғарылаған сайын тарихи деректі зерттеуде сандық тұрғыдан ғана емес, сапалық тұрғыдан да зерттеу өзекті бола түседі. Зерттелуге тиіс дерек көздерінің санын мұғалім қадағалайды (тарих курсының стандарты бойынша). Дерекпен жұмыс жасауда тек оқу және конспект жасау тапсырмасын беріп қана шектелуге болмайды, мұндай жағдайда оқушылардың жұмыс нәтижесі тек формальды сипатқа ие болады. Өзіндік жұмыста ең бастысы ішкі түсініктің қалыптасуы. Осы нәтижеге қол жеткізу үшін логикалық тапсырмалар қолданылады.

Логикалық тапсырмалар базада бар білімнің негізінде жаңа ой, идеяларды қалыптастырудағы ақыл-ой әрекетін дамытады. Логикалық тапсырмаларды үш блоктан тұрады деп қарастыруға болады.

Бірінші блок – деректің пайда болған уақыты, себептері, сонымен қоса, мәтінде кездесетін түсініксіз сөздерді анықтау. Мұғалім оқушыларға бағыт бере отыра, негізгі терминдерді анықтау тапсырмасын береді.

Екінші блок – керекті материалды табуға, оны терең меңгеруге бағытталған сұрақтардан тұрады.

Үшінші блок – жинақтаушы және практикалық тапсырмалар. Жинақтаушы тапсырмаларды орындау барысында оқушыға бір тақырып негізіндегі түрлі ойларды бір ортаға жинақтап, жалпы идеяны, концепцияны анықтауға мүмкіндік беріледі.

3) Дереккөздерді кезең-кезеңмен зерттеу әдісі. Дереккөздерді кезең-кезеңмен зерттеу әдісі жұмыстың өзара байланысты үш кезеңін қамтиды:

I. дайындық кезеңі;

II. дереккөздер мазмұнын меңгеру;

III. қорытынды мен практикалық тапсырмаларды орындау.

I кезең – дайындық кезеңі. Бұл кезеңнің негізгі мақсаты – оқушылардың негізгі мазмұнды тиімді қабылдауын қамтамасыз ету. Егер бұл жұмыс кезеңін елемесеңіз немесе "шегіндіретін" болса, оқушы дерек мазмұнын түсіне алмайды. Бұл кезеңде мынадай міндеттер шешіледі:

1) дерек көзінің негізгі мағынасын ашатын терминологияны түсіндіру;

2) туындының жасалу себептерін, уақытын және тарихи жағдайларын анықтау.

Оқушылар үшін ең бастысы - шығарманың жазылған жылын білу ғана емес, неліктен бұл дерек көзі дәл сол кезеңде жазылғанын, сол уақыт кезеңі қандай тарихи жағдайлармен сипатталғанын, сол кезеңде қандай оқиғалар болғанын және т.б. білу.

Оқушылар жазылған кітаптар, заң немесе жарлық шығару, меморандум немесе декларация қабылдау - бұл тарихшының, императордың, заң шығарушының, патриархтың және т.б. қарапайым тілегінің емес, сонымен қатар болып жатқан өмірлік үдерістер негізінде қоғам дамуының объективті қажеттілігінен туындайтын салдары екенін түсінуі тиіс. Бұл жерде мұғалімдердің бағыттаушы сұрақтары әртүрлі болуы мүмкін.

3. мәтінге автор енгізген фактілер мен оқиғаларды талдау; автор көрсеткен тұлғалардың сапалық сипаттамаларын анықтау.

II кезең - дереккөздер мазмұнын меңгеру. Оқушылардың көпшілігі дереккөзді әңгіме, повесть сияқты оқиды, яғни бір беттен кейін екінші бетті оқиды, демек, олар мәтін бойынша жүйелі түрде есте қалады. Бірақ мәтінді қарапайым оқу тарихты түсіну үшін де, практикамен байланыстыру үшін де жарамсыз. Оқу барысында белгілі бір білім жүйесін құру үшін бірқатар әдістемелік операциялар жасау қажет:

1. Дерек бойынша негізгі, түйінді мәселелерді анықтау. Мұнда екі жол бойынша әрекет етуге болады:

а) мұғалім оқушылардың назарын алдын ала басты сұрақтарға аударады. Осының арқасында оқушылар мақсатты түрде жұмыс істейді. Негізгі материал басты назардан түспейді, екінші дәрежелі материалды басты материалмен шатастыру орын алмайды.

б) оқушылар дерек көзін оқи отырып, негізгі идеяларды өз бетінше анықтайды, содан кейін оларға қатысты материалдарды бөледі. Бұл жол алғашқыдан әлдеқайда күрделі. Бірақ мұғалім оқушылардың білімі мен дайындығын анықтау үшін әрдайым осыдан бастайды. Тек осыдан кейін оқушылардың әрқайсысына олардың білімі мен дағдыларына сәйкес келетін әдіс ұсынылады. Жұмыстың осы түрін ұйымдастырудың түпкі мақсаты - барлық оқушыларға дереккөздерді зерттеудің екінші жолын пайдалануға үйрету.

2. Оқылатын тақырыптың, курстардың тарихи аспектілерін бөлу. Дерек көздерінің бәрі бірдей толық тарихи сипатқа ие емес, сонымен қатар барлық тарихи материал қарастырылатын тақырыпқа немесе курстың бөліміне сәйкес келмейді. Сондықтан дерек көздерін зерттеу кезінде осы тақырыпқа тікелей қатысты материал қарастырылады. Қалғандары тарихи мәселелерді түсінуді тереңдету мақсатында қарастырылады немесе мүлде қарастырылмайды.

3. Тарихтың кейінгі кезеңдерінде даму алған идеялар мен жағдайларды түсіндіру.

Жылдарға, ғасырларға, мыңжылдықтарға жалғасқан тарихи тәжірибе қазіргі ұрпаққа дейін жетті. Сондықтан әрбір ұрпақ фантазиялық нәрселер емес, кезінде бастамашылармен ойлап тапқанды, әзірленгенді, шығарылғанды ары қарай жетілдіру керек.

4. Конспект рәсімдеу (дереккөздің мазмұнын жазу). Жазбалар, оқушылардың екінші кезеңдегі жұмысының нәтижесі ретінде міндетті болып саналады, себебі оқушылар әлі жетілмеген, қабілеті төмен. Мектеп беруге тырысатын әр түрлі пәндер бойынша білімді оқушылар оңай меңгеруі мүмкін, бірақ білімді есте сақтау терең жұмыс жасауды талап етеді. Сондықтан материалды жақсы есте сақтау үшін, оны жүйелеу, оқу деңгейіне дейін өңдеу және жазылған мәтінді қабылдау дағдыларын қалыптастыру үшін де жазбалар қажет.

III кезең - жалпылама және практикалық тапсырмаларды орындау. Жалпылама және практикалық тапсырмаларды қолданудың орындылығы мен қажеттілігі бірқатар себептермен түсіндіріледі:

1. Оқушылар практикалық тұрғыда әрекет ету үшін теориялық білімнің не бергенін жиі түсіне алмайды.

2. Оқушылар теорияны, 50, 100, 200 жыл бұрын болған идеяларды бүгінгі таңда орын алып жатқан жағдайлармен байланыстыруға қиналады.

3. Оқушылар көбіне болған нәрсені ғана талдайды, ал болуы мүмкін және болуы керек болған жағдайларды талдауға мүмкіндігі жетпейді. Практикалық тапсырмаларды орындауда мұғалім оқушыларға халықтың бай тарихи тәжірибесін пайдалануды үйретеді. Кезең-кезеңмен зерттеу әдісін жүзеге асыру барысында оқушылардың ұйымдастырушылық және әдістемелік жұмысы басқарушы сипатқа ие болады. Бұл ретте олардың еңбегінің тиімділігі артады, білімі тереңдей түседі, оқушылар оларды жинақтап, тәжірибеде қолдануды үйренеді.

Оқытушының әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекетінде жеке дара шығармашылық пен ізгілендіру бағытындағы көрінісінің (ойлау, бірлескен іс-әрекет, сөйлеу мәдениеті, өзара қарым-қатынас мәдениеті, педагогтың коммуникативтік қарым-қатынасының) алатын орны ерекше. Жаңаша білім беру жағдайында ұстаз білім алушылардың талғамына орай оқушының өзін-өзі жетілдіруге, рухани қазынасын байытуға, рухани-адамгершілікті, азаматтық жауапты тұлға қалыптастыруға бағыттап отыруы қажет. Білім мен ақпарат үстемдік құрған білім беру жүйесінде бүгінгі маманның құзыреттілігін, яғни өз саласы бойынша ой-пікірінің қалыптасуын, кәсібилігін, өмірдің өзгермелі жағдайына бейімділігін, оған сай өз білімін пайдалану ғана емес, оны қажеттілікке қарай толықтыруды талап етеді. Бұл мақала ЖТН АР14871932 ҚР ҒЖБ министрлігінің қаржыландыруымен жүзеге асырылып жатқан ғылыми жобасы негізінде даярланған.

Қолданылған әдебиеттер мен деректер:

1. Тарихы білімнің цифрландыруы - Қазақстан тарихы әдістемелік журнал. - Алматы, 2013.

2. Тарих сабағында дереккөздерді пайдаланудың тиімділігі. - Қазақстан мектебі. - Алматы, 2012 ж.

3. Специфика использования аудиовизуальных средств в процессе обучения истории – Международный научно-исследовательский журнал. №4(82). 2018 г.

4. Проектирование и реализация образовательных аудиовизуальных ресурсов – Мир науки культуры, образования №3 (70). 2018 г.

5. М.Байжанов «Педагогикалық инновация және оқытудың қазіргі технологиялары» Қызылорда 2000 ж.

6. С.Қалиев, Ш.Майгаранова, Г.Нысанбаева, А.Бисенбаева, «Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудың педагогикалық негіздері» - Қазақстан тарихы әдістемелік журнал. - Алматы, 2013 ж.

7. Опыт использования аудиовизуальных средств обучения в преподавании истории в школе – электронный методический журнал Инфоурок <https://infourok.ru/iz-opyta-ispolzovaniya-audiovizualnyh-sredstv-obucheniya-na-urokah-istorii-4264708.html> дата обращения 10.09.2023 г.

"БЕЙБАРС И ЕГО ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА" "BAIBARS AND HIS FOREIGN POLICY"

*Дайрабаева Айжан Ергалиевна – кандидат педагогических наук,
доцент кафедры Всемирной истории КазНПУ имени Абая
Дайрабаева А.Е. – педагогика ғылымдарының кандидаты,
Абай атындағы ҚазҰПУ, Дүние жүзі тарихы кафедрасының доценті*

В средние века Египет стал одним из интеллектуальных и культурных центров арабского и исламского мира. В середине 13 века образовался Мамлюкский султанат в Египте. Основали его мамлюки - юноши-рабы тюркского происхождения из Евразийской степи, которые пополняли армию рабов-солдат в эпоху Аббасидов. Аббасидский халифат - одна из великих династий мусульманской империи халифата, которая была разрушена монгольским вторжением в 1258 году.

В 1250 году при султанате Айюбидов во главе, которой стояла курдская династия Айюбидов, мамлюки захватили власть, чтобы основать свою династию, которая правила с 1250 по 1517 годы Египтом и Сирией. Само название Мамлюкский султанат происходит от арабского слова, обозначающего раб, невольник.

Главные достижения мамлюков заключались в изгнании оставшихся крестоносцев из Леванта и разгроме монголов в Палестине и Сирии, тем самым они заслужили благодарность всех мусульман за спасение арабо-исламской цивилизации от разрушения. Сомнительно, однако, их целью было скорее всего, воссоздание Египетской империи. Мамлюки также стремились распространить свою власть на Аравийском полуострове, в Анатолии (азиатская часть Турции) и Нубии (северо-восточная часть Африки) для защиты тыла Египта.

Чтобы укрепить свои позиции в исламском мире, мамлюки возродили халифат, разрушенный монголами в 1258 году, и поставили под своим надзором халифа в Каире. Этой же цели служило их покровительство правителям священных городов Аравии, Мекки и Медины. Впечатляющие успехи в войне и дипломатии были экономически подкреплены поддержкой мамлюков развитие ремесел и торговли, а также восстановление Египта как основного торгового и транзитного пути между Востоком и Средиземноморьем.

Среди выдающихся мамлюкских султанов был Аль-Малик аз-Захир Рукн ад-Дин Байбарс аль-Бундукдари из династии Бахритов (Бахриты - первая мамлюкская династия тюркского происхождения, правившая Египтом с 1250 до 1382 года, пока их не сменили Бурджиты). Также известен как Байбарс I, выдающийся полководец Ближнего Востока, получивший в народе,

прозвище Абуль-Футух, то есть «Отец побед», который правил Египтом и Сирией с 1260 по 1277 годы.

Бейбарс родился в стране тюрков-кипчаков. Хотя до сих пор ведутся споры о происхождении Бейбарса. По общепринятой версии, половец Бейбарс родился в Дешт-и-Кипчаке (Половецкая степь), между Волгой и Яиком (Уралом). Египетский историк XIV века аль-Айни в своем труде «Икд аль-джуман фи тарих ахль аз-азман» («История человечества в разные эпохи») сообщает: «Бейбарс ибн Абдулла, по происхождению кипчак». Данных о его детстве, о среде, в которой он рос очень мало.

Наиболее полно отражена политическая жизнь Бейбарса в произведениях средневековых арабских авторов, в трудах его современников и приближенных таких, как Ибн Шаддад (1217-1285) и Ибн Абд аз-Захир (1223-1293), произведения которых посвящены описанию биографии мамлюкского султана Бейбарса: «Сира аз-захир Бейбарс» ("Жизнеописание Захира Бейбарса") Мухаммада бин Али Ибрагима бин Шаддада ал-Халяби (ум. 1286) и «Ар-рауда аз-захир фи сира ал-малик аз-Захир» ("Видный сад в жизнеописании ал-малика аз-Захира") Мохи ад-дина Абдуллаха бин Абд аз-Захира бин Нишвана ал-Хазами ал-Масри (ум. 1292). Труд Ибн Шаддада, касающийся жизнеописания Бейбарса, не сохранился до наших дней в полном объеме, вторая часть была издана в Висбадене в 1983 году (Ибн Шаддад, 1983, с.35). Эта часть содержит описание жизни султана Бейбарса в период 1272-1278 гг., подробности, связанные с его похоронами, рассказы об имуществе, отчужденном от его имени в вакф, а также приложение о положительных качествах султана и его достижениях, где проливается свет на внутреннюю и внешнюю политику Бейбарса. Значимость данной работы в том, что это единственный список книги, состоящей из 270 листов, который хранится в библиотеке Сулеймания в г. Эдирне (Турция), и «основным источником для Ибн Шаддада служили реальные события, свидетелями которых был сам автор, или слышал от людей, достойных доверия» (Зайнуddинов, 2012, с.10).

Как и Ибн Шаддад, Мохи ад-дин Абд аз-Захир являлся одним из приближенных Бейбарса, точнее был судьей и личным писцом султана, и именно его рукой было написано первое послание золотоордынскому хану Берке. Абд аз-Захир, скорее всего, был придворным писателем и создавал это сочинение при личном вмешательстве Бейбарса. Этим и объясняется то, что сочинение не содержит каких-либо данных о детстве и юности Бейбарса. Сделано это было, возможно, что сам Бейбарс не желал оставить в своей биографии сведения о том, что он был рабом (мамлюком). Таким образом, и сохранный копия сочинения Ибн Шаддада, и рукопись Абд аз-Захира содержат сведения, рассказывающие о времени, когда Бейбарс уже взошел на трон. Однако во введении книги Абд аз-Захира есть такие строки: «Этот султан, малик аз-захир Рукн ад-дин Абу-л Фаттах Бейбарс бин Абдулла ас-Салихи ан-Неджми, тюрк, из рода Барлы.

В ходе вторжения монголов в Дешт-и-Кипчак, Бейбарс был продан в рабство, известно, что «Бейбарс был продан в Дамаск за 800 дирхемов одному купцу. Но поскольку у Бейбарса было на глазу бельмо, купец отказался от сделки. В дальнейшем Бейбарса купил эмир ал-Бурундукари и по традиции он стал называться Бейбарсом ал-Бурундукари. Тюркоязычные рабы, которые стали военной опорой большинства исламских государств, высоко ценились, и в конечном итоге Бейбарс перешел во владение султана аль-Салиха Наджда ад-Дина Айюба. Отправленный, как и все вновь приобретенные султаном рабы, для военной подготовки на остров в Ниле, Бейбарс продемонстрировал выдающиеся военные способности. По окончании учебы он был назначен командиром отряда телохранителей султана.

В качестве командующего армией Айюбидов, Бейбарс, одержал первые крупные военные победы. Особенно хочется подчеркнуть битву при Фарискуре. Это было последнее сражение Седьмого крестового похода при поддержке папы Иннокентия IV короля Франции Людовика IX против Египта. Основная цель похода - свержение династии Айюбидов в Египте и Сирии и захват Иерусалима. Руководство египетского войска приняли Фарис ад-Дин Актай и Бейбарс аль-Бундукдари (будущий султан Бейбарс I). В этой битве крестоносцы были полностью разгромлены и Людовик IX был пленен, позже освобожден за большой выкуп.

Ощущая свою военную мощь и растущее значение в Египте, группа мамлюкских офицеров во главе с Бейбарсом в том же году убила нового султана Туран шаха II. Пишут, что султан

открыто оскорблял мамлюкских амиров последними словами, а в пьяном виде даже наносил им побои. В начале 1250 года Туран-шах предпринял неудачную попытку отнять у мамлюков Каир. Во время одной из последовавших за поражением попок султан вновь затеял драку с амирами мамлюков, в результате которой амиры подняли мятеж, а Туран-шаху пришлось бежать. Султан укрылся в деревянной башне, но после того как мамлюки подожгли её, Туран-шах бросился в Нил, однако один из амиров, будущий султан Бейбарс I, настиг его и убил. Правление Туран-шаха II продолжалось всего 40 дней.

За смертью последнего султана Айюбидов последовал период замешательства, который продолжался на протяжении первых лет правления султаната Мамлюков. Разозлив первого султана мамлюков Айбака, Бейбарс бежал с другими лидерами мамлюков в Сирию и оставался там до 1260 года, когда их обратно приветствовал в Египте третий султан Аль-Музаффар Саиф ад-дина Кутуз. Он вернул им место в армии и пожаловал Бейбарсу деревню.

В 1260 году войска мамлюков разбили монгольскую армию возле Наблуса в Палестине. Бейбарс отличился как лидер. За свои военные достижения Бейбарс рассчитывал получить в награду город Алеппо; но султан Кутуз его разочаровал. По пути домой через Сирию Бейбарс подошел к Кутузу и попросил у него в подарок пленную монгольскую девушку. Султан согласился, и Бейбарс поцеловал ему руку. По этому условному сигналу мамлюки напали на Кутуза, а Бейбарс нанес ему удар мечом в шею. Бейбарс захватил трон и стал четвертым мамлюкским султаном.

Как только он был признан султаном, Бейбарс приступил к укреплению своей власти. Восстановил все сирийские цитадели и крепости, разрушенные монголами, построил новые арсеналы, военные корабли и грузовые суда. Чтобы добиться единства командования против крестоносцев, Бейбарс объединил Сирию и Египет в единое государство. Захватил три важных города у князей Айюбидов, положив тем самым конец их правлению в Сирии. С 1265 по 1271 год Бейбарс почти ежегодно совершал набеги на крестоносцев. В марте 1265 года султан Бейбарс I во главе армии начал сорокадневную осаду Арсуфа (древний город на территории современного Израиля), после которой крепость пала и более никогда не восстанавливалась. Он занял Атлит (расположено поселение Атлит, чуть южнее от Хайфы, на побережье Средиземного моря) и Хайфу. В 1260 г. Бейбарс предпринял серию атак на крепости Тамплиеров, в том числе на Сафет (один из четырёх священных городов для евреев, наряду с Иерусалимом, Тверией и Хевроном). В 1266 г. он истребил христианское тамплиерское население и превратил город в мусульманский, под названием Сафед или Сафат (Цфат). Два года спустя Бейбарс повернул к Яффе (один из главных портов Древнего Израиля), которую захватил без сопротивления. Самым важным городом, захваченным в мае 1268 года Бейбарсом, была Антиохия (древний эллинистический город на территории современной Турции). В 1271 году ему удастся захватить замки крестоносцев после, которого, они так и не смогли оправиться от своих территориальных потерь. Кампании Бейбарса сделали возможными окончательные победы, одержанные его преемниками.

Будучи султаном Египта, он оказывал большое содействие переселенцам, прибывшим с территории Золотой Орды. Как сообщает ал-Омари: «Цари из них (т.е. египетские султаны из тюркских мамлюков) чувствовали склонность к своим родичам и хлопотали об усилении числа их, так что Египет заселился ими и стал охраняем ими со всех сторон. Из них были светила государевой свиты, представители собраний, предводители войск и вельможи земли его (Египта) (В.Кирпиченко, 1975, с. 232). Так, Бейбарс выделил прибывшим в Египет тагарам жилища в престижном месте рядом с воротами Каирской крепости Баб ал-Лук (сейчас это центр современного Каира) (В.Кирпиченко, 1975, с. 232).

Главной задачей внешней политики Бейбарса в первые годы правления было создание коалиции против монголов и их союзников, поэтому постоянной целью Бейбарса было сдерживать продолжающиеся нападения монголов на Сирию как с севера, так и с востока, которые угрожали самому сердцу исламского Востока. За 17 лет своего правления он участвовал в девяти битвах с монголами в Персии. В Сирии Бейбарс уничтожил сирийских фанатичных членов исламской

секты Ассасинов (Ассасины - члены религиозно-военизированного формирования отдельного государства исмаилитов-низаритов, активного в XII-XIII веках), захватив их основные опорные пункты между 1271 и 1273 годами.

Аннотация. В статье рассматриваются важные и интересные факты, связанные выдающимся индийским борцом за свободу, социальным реформатором и политическим лидером в конце 19-го и начале 20-го веков Лала Ладжпат Рай, чье полное имя было Лала Ладжпат Рай Агравал, был, такие как его личная информация, образование и карьера, достижения и почетные награды и многое другое.

Аңдатпа. Мақалада Үндістанның көрнекті бостандық күрескері, әлеуметтік реформатор және 19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдың басындағы саяси көшбасшы Лала Ладжпат Рай, толық аты-жөні Лала Ладжпат Рай Агравал болған, оның жеке ақпараты, білімі мен мансабы, жетістіктері мен құрметті марапаттары сияқты маңызды және қызықты фактілер қарастырылған және тағы басқа.

Annotation. The article discusses important and interesting facts related to the outstanding Indian freedom fighter, social reformer and political leader in the late 19th and early 20th centuries Lala Lajpat Rai, whose full name was Lala Lajpat Rai Agrawal, such as his personal information, education and career, achievements and honorary awards and much more.

Введение. Лала Ладжпат Рай – известный индийский политик. Он был одним из ключевых членов Индийского национального конгресса (ИНК). Во время Первой мировой войны Рай жил в Соединенных Штатах и создал Лигу гомруля индейцев Америки. Рай был студентом юридического факультета, который в конечном итоге работал в Хисаре адвокатом. Трио Лал-Бал-Пал, в которое входили Лала Ладжпат Рай, Бал Гангадхар Тилак и Бипин Чандра Пал, поддерживало движение свадеши. В 1928 году он предложил резолюцию законодательного собрания, призывающую бойкотировать британскую Комиссию Саймона по конституционной реформе. Он был издателем, а также редактором газеты «Arya Gazette», которую он основал в свое время. Лала Ладжпат Рай также был соучредителем Национального банка Пенджаба в 1894 году.

Лала Ладжпат Рай – выдающаяся фигура в истории Индии и один из ключевых политических лидеров национального движения за свободу. Его вклад в борьбу за независимость Индии был неоспорим, и его принципы и идеалы до сих пор оказывают влияние на политическую сферу страны. Он был известен своими пламенными речами и величайшими качествами по отношению к независимости Индии, вдохновляя людей на участие в освободительном движении. Занимался политикой и стал членом очень старой партии, известной как Индийский национальный конгресс.

Ладжпат Рай родился 28 января 1865 года в семье джайнов. Отец учитель урду в персидской государственной школе Мунши Радхи Кришан, мать Гулаб Деви. Его отец переехал в Ревари в конце 1870-х годов, для работы в школе, где позже Ладжпат получил начальное образование. Либеральные взгляды Рая и его вера в индуизм находились под влиянием его отца и глубоко религиозной матери, которые он успешно применил в карьере, реформируя религию и индийскую политику. (В.. Гупта Мохини Гупта, 2000, 47-52).

Он изучал юриспруденцию в правительственном колледже Пенджаба в 1880 году. Там он встретил многих других борцов за свободу, таких как Лала Ханс Радж и Пандит Гуру Датт. Он был одним из хроникеров газеты "Арья Газетт" в Пенджабе, в округе Лахор. Изучая право в Лахоре, Лала попала под влияние индуистского реформистского движения Свами Даянанда Сарасвати и стала членом Арья Самадж Лахор. По его словам, индуистское общество должно вести собственную борьбу с кастовой системой, положением женщин и неприкасаемостью. Твердо верил в то, что индуизм, а не национальность, является ключевым моментом, на котором должен основываться индийский образ жизни при изучении права (Лала Ладжпат Рай 1907, 334с). Его связь с лидерами индуистской Махасабхи вызвала критику со стороны Науджаван Бхарат Сабхи, потому что Махасабха не была светской и не следовала системе Индийского национального конгресса. Этот акцент на индуистских ритуалах на субконтиненте в конечном итоге привел его к продолжению ненасильственных протестов в поддержку демонстраций за независимость Индии (В.. Гупта Мохини Гупта, 2000, 47-52).

Его отец переехал в Рохтак в 1884 году, и Лала Ладжпат Рай последовал за ним после окончания учебы в Лахоре. В 1886 году он переехал в Хисар, куда переехал его отец, и начал заниматься юридической практикой. Он и Бабу Чурамани были членами-основателями Совета адвокатов Хисара. У него с детства было сильное желание служить своей стране, и он дал обет освободить ее от иностранного владычества в 1886 году, когда основал районное отделение Индийского национального конгресса в Хисаре. Вместе с Бабу Чурамани, Лалой Чхабил Дасом и Сетом Гаури Шанкармом он был одним из четырех делегатов от Хисара, присутствовавших на ежегодной сессии Конгресса в Аллахабаде в 1888 и 1889 годах. В 1892 году он переехал в Лахор, чтобы практиковать в Высоком суде Лахора (Тидрик, Кэтрин, 2006, 113-114). Он также занимался журналистикой и часто сотрудничал со многими газетами, в том числе с The Tribune, чтобы сформировать политическую политику Индии в преддверии независимости. Он поддержал Махатму Хансраджа в основании националистической англо-ведической школы Даянанда в Лахоре в 1886 году (В.. Гупта Мохини Гупта, 2000, 52-59).

Лала Ладжпат Рай оставил юридическую практику в 1914 году, чтобы посвятить себя независимости Индии, и в 1914 году он отправился в Великобританию, а затем в Соединенные Штаты.

Лала Ладжпат Рай был депортирован в Мандалай после вступления в Индийский национальный конгресс и участия в политических беспорядках в Пенджабе, но не было достаточных доказательств, чтобы обвинить его в подрывной деятельности. Сторонники Ладжпата Рая попытались, но не смогли избрать его на пост президента партии в Сурате в декабре 1907 года. Бхагат Сингх был выпускником Национального колледжа, который он основал в Брэдли-холле в Лахоре в качестве альтернативы британским учебным заведениям (В. Гупта Мохини Гупта, 2000, 59-66).

На специальной сессии в Калькутте в 1920 году он был избран президентом Индийского национального конгресса. В 1921 году он основал в Лахоре Общество «Слуги народа»,

некоммерческую благотворительную организацию, которая перенесла свою штаб-квартиру в Дели после раздела и теперь имеет филиалы по всей Индии.

Он был избран президентом Индийского национального конгресса на специальной сессии в Калькутте в 1920 году. В 1921 году он основал Общество слуг народа, некоммерческую благотворительную организацию, в Лахоре, который после раздела переместил свою базу в Дели и имеет филиалы во многих частях Индии. По его словам, индуистскому обществу необходимо вести собственную битву с кастовой системой, положением женщин и неприкасаемостью. Веды были важной частью индуистской религии, но низшей касте не разрешалось их читать. Лала Ладжпат Рай одобрила, что низшей касте должно быть разрешено читать их и повторять мантры (Юрлов, 2010, 47с.).

Ладжпат Рай отправился в США в 1917 году, а затем вернулся во время Первой мировой войны. Он совершил поездку по сикхским общинам вдоль США Западное побережье; посетил университет Таскиги в Алабаме; и встретился с рабочими на Филиппинах. В его путеводителе Соединенные Штаты Америки (1916) подробно описаны эти путешествия и даны обширные цитаты ведущих афроамериканских интеллектуалов, в том числе W.E.B. Дюбуа и Фредрик Дуглас. Находясь в Америке, он основал в Нью-Йорке Лигу самоуправления индейцев и ежемесячный журнал «Молодая Индия и Ассоциация информационных услуг Индостана». Он подал прошение в комитет по иностранным делам сената американского парламента, представив яркую картину плохого управления британским владычеством в Индии, стремления народа Индии к свободе среди многих других пунктов, решительно ищущих моральной поддержки международного сообщества для достижения своих целей. независимость Индии. 32-страничная петиция, которая была подготовлена в одночасье, обсуждалась в Сенате США в октябре 1917 года. Книга также отстаивает понятие «цветовой касты», предполагая социологическое сходство между расой в США и кастой в Индии. Во время Первой мировой войны Ладжпат Рай жил в Соединенных Штатах, но вернулся в Индию в 1919 году и в следующем году возглавил специальную сессию партии Конгресса, которая положила начало движению против сотрудничества (В.. Гупта Мохини Гупта, 2000, 78-92).

Жизнь Лалы Ладжпат Рай оборвалась из-за жестокого инцидента, который навсегда останется в борьбе Индии за независимость.

В 1928 году за 1920 год., британское правительство учредило Комиссию во главе с сэром Джоном Саймоном (позже лорд Саймон, 1-й виконт Саймон) для отчета о политической ситуации в Индии.. Индийские политические партии бойкотировали Комиссию, потому что в ее состав не входил ни один индеец, и она встретила протесты по всей стране. Когда Комиссия посетила Лахор 30 октября 1928 года, Ладжпат Рай возглавил ненасильственный марш протеста против нее. Протестующие скандировали «Симон, вернись» и несли черные флаги.

Суперинтендант полиции, Джеймс А. Скотт, приказал полиции убить протестующих и лично напал на Рай. Несмотря на тяжелые ранения, Рай впоследствии обратился к толпе и сказал: «Я заявляю, что удары, нанесенные мне сегодня, будут последними гвоздями в гроб британского правления в Индии " (В.. Гупта Мохини Гупта, 2000, 103-112). Он не полностью оправился от полученных травм и умер 17 ноября 1928 года. Врачи считали, что удары Скотта ускорили его смерть. Однако, когда этот вопрос был поднят в британском парламенте, британское правительство отрицало какую-либо причастность к смерти Рая.

Лала Ладжпат Рай внес огромный вклад в индийское освободительное движение. Он был членом трио «Лал Бал Пал» во время движения за независимость. Его окрестили «Пенджабским Кесари» или «Львом Пенджаба». Он помог в создании нескольких школ по всему региону. Он также был движущей силой создания Национального банка Пенджаба. Чтобы помешать христианским миссионерам получить опеку над этими детьми, в 1897 году он основал Индуистское движение помощи сиротам. Он умер после того, как полиция применила смертоносную силу против демонстрантов, протестовавших против прибытия комиссии Саймона.

Наряду с основанием Арьи Газетт в качестве редактора, он регулярно сотрудничал с несколькими крупными газетами и журналами на хинди, пенджаби, английском и урду. Он также

является автором следующих опубликованных книг. Наиболее важными работами Ладжпата Рая являются «История моей депортации» (1908), «Арья Самадж» (1915), «Соединенные Штаты Америки: впечатление индуса» (1916), «Долг Англии перед Индией: историческое повествование о фискальной политике Великобритании в Индии» (1917) и «Несчастливая Индия» (1928).

Ладжпат Рай был известен своей решительностью, принципиальностью и глубоким убеждением в правде и справедливости. Он активно выступал против колониального правления Британии, отстаивая права индийского народа. Своим харизматичным лидерством он способствовал массовой мобилизации людей для борьбы за свободу.

Важно отметить, что Лала Ладжпат Рай также был ярким сторонником социальных реформ, особенно борьбы за права фермеров и рабочих классов. Он часто выступал за установление равноправия, справедливости и экономической независимости для всех слоев общества.

Наследие Ладжпата Рая продолжает вдохновлять и восхищать многих людей в Индии и за ее пределами. Его роль в национальном движении за свободу остается незабываемой, а его принципы и ценности являются фундаментом для строительства справедливого и свободного общества.

Лала Ладжпат Рай занимает уникальное место среди политических лидеров Индии. Он был важной фигурой в национальном движении за свободу, выступая за независимость Индии от колонизаторов.

Рай был известен своей страстной борьбой против британского правления и социально-экономического неравенства. Он призывал к национальной единственности и способствовал массовому участию людей в движении за свободу. Своим лидерством и красноречием Лала Ладжпат Рай был востребованным политическим деятелем того времени, а его мысли продолжают оказывать влияние на сегодняшних лидеров и граждан Индии.

Основываясь на его примере, можно сделать вывод о значимости политических лидеров Индии и их роли в национальном движении за свободу. Лала Ладжпат Рай является одним из ярчайших представителей этой эпохи, помогая строить и формировать современную Индию.

Ладжпат Рай активно участвовал в различных социальных и политических движениях, направленных на решение таких вопросов, как кастовая система, права женщин и неприкасаемость в индуистском обществе.

Он был основателем страховой компании "Лакшми", которая до сих пор носит его имя. Его главным желанием было основать больницу во имя своей матери и после смерти матери; он создал больницу, которая находится в Пакистане. В настоящее время это крупнейшая больница в мире.

Лала Ладжпат Рай был одним из самых важных пионеров в борьбе за свободу. Многие люди узнают о его вкладе в индийское движение за свободу, а также в литературу. Он был из семьи среднего класса.

Он получил образование в Ревари. Только с детства он твердо верил в индуизм и с уважением относился к другим религиям. Раньше он не верил в существование неприкасаемых, в которые свято верило большинство людей индийского общества. Его вклад в борьбу за свободу был очень значительным. Он также был одним из авторов, которые вдохновляли многих других борцов за свободу своими произведениями.

Лала Ладжпат Рай оставила после себя наследие национализма, единства и силы. Он твердо верил в независимость Индии и посвятил этому делу всю свою жизнь.

Список использованной литературы

1. «Молодая Индия» Лалы Ладжпат Рай в южноазиатско-американском цифровом формате Архив (SAADA) 161p. [Электронный ресурс] <https://www.saada.org/sites/all/themes/saada/bookreader.php?title=WW91bmcgSW5kaWEgKEphbnVhcnkgMTkxOck=&folder=MjAxMi0wMA==&object=aXRlbS15aS0xOTE4LTAxLQ==&pages=MTU=#page/1/mode/1up3>. Нагар, Пурушоттам (1977) Лала Ладжпат Рай: человек и его идеи Manohar Book Service

2. Сагиш К. Капур, Он дал толчок борьбе за свободу, Tribune [Электронный ресурс] <https://www.tribuneindia.com/1998/98nov15/sunday/head8.htm>

3. Тидрик, Кэтрин (2006) Ганди: политическая и духовная жизнь И. Б. Таурис ISBN 978-1-84511-166-3 стр. 113–114 (Тидрик, Кэтрин, 2006, 113-114)
4. Юрлов Ф.Н., Юрлова Е.С. История Индии XX век. – М.: Институт востоковедения РАН, 2010. — ISBN 978-5-89282-434-7. 488с.
5. Gupta V. P., Gupta M. The life and legacy of Lala Lajpat Rai. New Delhi, 2000; Pabla A
6. Lala Lajpat Rai: the man in his word by Lajpat Rai, Lala, 1865-1928, 1907, 334с.

СҰЛТАН БЕЙБАРЫС ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІКТЕР ЖӘНЕ ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР

Акнұр Шыңғысханқызы – *Астана қаласы,*

№ 82 "Дарын" мамандандырылған Лицейі, Тарих пәні мұғалімі

Aknur Chingyskhanovna – *Astana city, Specialized Lyceum No. 82 "Daryn", history teacher*

Ата тарихтың арқау түйіні мен айдау жолына көз салсақ, қашанда тарихты тұлғалар жасайтынын аңғарамыз. «Көп түркі енші алып тарасқан» (Мағжан) Ұлы даланың ұлан белінен атқа мініп, дүниеге танылған тұғырлы тұлғалар аз емес. Сондай танымал тұлғалардың алдыңғы легінде Мысырдағы Мәмлүктер мемлекетінің даңқты сұлтаны әрі мұсылман әлемінің қорғаны ретінде тарихта жарқын із қалдырған Байбарыс сұлтан, өз дәуірінің атаулы рәсімімен айтсақ, әл-Мәлік әз-Захир Рукн ад-Дин Байбарыс ибн Абдуллаһ әл-Салихи әл-Бундукдари тұрары хақ. Сұлтан Байбарысты замандастарының «дүние мен діннің тірегі, сайыпқыран, тандалған тұлға, арабтың, ғажамның һәм түріктің сұлтаны, кәпірлердің қалаларын алған баһадүр, өз дәуірінің Ескендірі, екі теңіздің үкімдары, мұсылмандардың әміршісі, қос құбыланың мәлігі, Мекке мен Мәдинаның қызметшісі» деп атағаны көп жайды аңғартса керек.

Әл-Фараби сияқты әлемге әйгілі тұлға болғандықтан, түрлі жиындар алуан тараптан сұлтан Байбарыстың тарихнамасын қаузары хақ. Ғылыми әдебиеттер мен зерттеулерде Байбарыстың шыққан тегі мен есім-сойына қатысты қарама-қайшы пікірлер бар. Сондықтан ең әуелі, қара базарда сатылған құлдықтан айбары асқан, алтын тәж киген, сұлтандыққа дейін көтерілген, атағы әлемге жайылған әйгілі сұлтанның тегін нақтылап алған жөн. Біріншіден, деректер мен шежірелерде, жылнамалар мен көне тауарих кітаптарында сұлтанның аты «Байбарыс» деп айтылады. «Бейбарыс» деген ат қазір құлаққа сіңісті болып, әсіресе Симашконың әйгілі шығармасынан кейін кеңінен қолданысқа түсіп кеткенімен, мұның жаңсақ екенін айтқанымыз жөн. Байбарыстанушы Қайрат Сәки мырза да осы пікірді айтып жүр. Байбөрі, Байтайлақ деген сияқты, Байбарыс деген атау да оның тегін әйгілей түседі. Сондықтан баһадүр бабамызды тарихи атауымен Байбарыс деп атаған жөн сияқты. Екіншіден, Ибн Абд-аз-Захир әр-Рауз әз-Захир Байбарысты «қыпшақ тайпасының бөрілі руынан тарайды» деп нақтылап жазады. Үшіншіден, Байбарысқа қатысты барлық ескерткіштерде барыс бейнесі қашалғаны баршамызды ойландырарлық себеп екенін де ұмытпау керек. Төртіншіден, замандасы Ибн Шәддад Байбарыстың туған інісінің берген мәліметіне сүйене отырып, оны «1227 жылы қыпшақ даласында дүниеге келген» деген дерек айтады. Ал, XIV ғасырдағы мысырлық тарихшы ал-Айни Байбарыстың Бурдж тайпасынан шыққанын, оған «мин Бурдж оглы кабиятун мин түрк» деген өзінің сөзі дәлел, деп хабарлайды. Қалай болғанда, әл-Мәлік әз-Захир Рукн ад-Дин Байбарыс ибн Абдуллаһ әл-Салихи әл-Бундукдари ретінде тарихта өшпес із қалдырған даңқты сұлтанның түркілік тегіне ешкім шүбә келтірмейді.

Араб, ғажам, түрік сұлтаны

Тарихи құжаттарда Мысыр мен Таяу Шығыста өз саяси үстемдігін орнатып, көшпелілерге тән мемлекет үлгісін құрған түркілер елін «әд-Дәулет әт-Түркийе», яғни «түркілер мемлекеті» деп атаған. Ұзақ тарихтың керуен жолымен жүріп өтер болсақ, «Түрік» атауымен аталатын мемлекеттік құрылымдар санаулы ғана. Атап айтқанда, кезіндегі айбарлы Естеми, Бумын қаған-дар билеп, тарихы тасқа қашалған Түрік қағанаты. Одан кейінгі осы атауды алған, сөзімізге тұздық болып отырған Мәмлүктер империясы. Кейін бұл айбынды атауды Мұстафа

Кемал Ататүрік Түркия республикасының атауына айналдырғаны белгілі. Байбарыс мұсылман әлемін сақтап қалу жолында Алтын Орда – Ұлық ұлыс билеушісі Беркемен одақтасып, бекем саяси-дипломатиялық байланыс орнатты. Байбарыс пен Беркенің әскери, саяси-дипломатиялық сәтті одақтастығы Хұлағу мен Кресшілер жорықтарына жой-қын тойтарыс беріп, Орта Азия мен Таяу Шығыста ислам дінінің өркендеуіне даңғыл жол ашты. Тарихи құжаттарда Мысыр сұлтанлығы мен Ұлық ұлыс арасында 50-ге жуық елшілік байланыстар жасалғандығы айтылады. Тіпті Байбарыс дүниеден өткен соң да мәмлүктер өздерінің атажұрты – Еділ-Жайық аймағы мен Орталық Азиядан қол үзбей, үнемі саяси және экономикалық байланыстар жасасып отырған екен. Қаһарлы Шыңғыс жорығынан жөңкіле шегінген түрік бектеріне қорған болған Байбарыс олардың басын біріктірген. Хорезмнен келген Берке ханның қызын алып, одан туған мұрагер ұлын Берке деп атауы соның бір айғағы. Байбарыс кезеңінің қым-қуыт, аласапыран заман болғаны белгілі. Шыңғыс хан дүниеден озып, жаңа ұлыстар пайда болып, тартыстар қыза түсті. Жер-жаһан жорықтардан қан сасып, алапат соғыстан сан мыңдаған бейбіт тұрғындар қырылып жатты. Балалар құлдыққа жегілді, әйелдер күндікте жүрді. Сол алмағайып заманда ата-анасынан айырылған Байбарыс та Қаратөз жағасында құлдыққа сатылды. Көк көзінде ақ дақ болғандықтан, ол бар болғаны 40 динарға бағаланыпты. Салыстыру үшін айтайық, мәселен, Қалауын 1000 динарға сатылған екен. Кейбір сымбатты жігіттер үш мың динарға дейін бағаланған. Құл сатушылықты арнайы пайда көзіне айналдырғандар олардың кейбірін ұрлап әкетіп сатса, енді бірін ата-аналары күнкөріс көзін қамтамасыз ету үшін, қарыз бен салықтарын төлеу үшін беріп жіберіп отырыпты. Байбарыс пен бауыры қастықпен қолға түсіріліп, қазіргі Түркия жеріндегі Сивас қаласында сатылған. Бай-барыс кейін сұлтан болғасын сол Сивас қаласындағы құл базарға барған. Батырлықпен бірге бойына тақуалықты да сіңіре білген данышпан өзін құлдықтан сұлтан-дық дәрежесіне жеткізген Тәңірге шүкіршілік етсе керек. Жалпы, Дешті қыпшақтың ұлдары мен түркінің кіндігінен тарайтын жас жігіттер жауынгер, қайтпас қайратты болғандықтан, құлдыққа көбірек түскен көрінеді. Бұл туралы әл-Омари «қыпшақ даласынан шыққан түркілер ержүрек әрі дене бітімі көз тартарлық сымбатты болып келеді» дейді. Әсіресе католиктік Еуропа тарапынан Мысырға қарсы жасалған Крес жорықтары кезінде Орта Шығыста мәмлүктердің маңызы арта түскені белгілі. Кейіннен олар Айбек, Құтыз, Байбарыс сынды қолбасшылардың жасағында Крес жорықтарына қарсы ғазуат майданында үлкен жетістіктерге жетіп, алдыңғы Азия аймақтарында саяси күшке ие болды.

Ніл бойында салтанатты сұлтандық құрған мәмлүктер адамзат тарихындағы ұлы бетбұрыстарға оң ықпал етіп, ислам мәдениеті мен түркі өркениетінің өркен жаюына айтарлықтай сүбелі үлес қосты. Сондықтан да, мемлекеттің негізін қалаған Муизиддин Айбек, Сәйф әд-Дин Құтыз, әл-Мансұр Қалауын, әз-Захир Байбарыс сынды аса көрнекті сұлтандар түркі-мұсылман әлемі тарихында жоғары құрметке ие тегеурінді тұлғалар саналды. Бұл ретте Сұлтан Байбарыс – адамзат тарихына бетбұрыс жасаған, өркениеттің дамуына айрықша ықпал еткен тегеурінді тұлға екені анық. Кейбір мұсылман тарихшылар оны пайғамбар әскерінің жеңімпаз қолбасшысы Халид ибн әл-Уалид және әйгілі сұлтан Салах-ад-дин Аюбимен салыстырады. Профессор Фуат Көпрулі сияқты ғалымдар Байбарысты бұлардан да жоғары бағалайды. Мұсылман тарихшылар арасында Байбарыс жеңіске жеткен Айн-Жалут соғысын әзіреті пайғамбар заманындағы атақты Бәдр шайқасына теңеушілер де бар. Осы тұста, хақ дініміз – исламды әкелген Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) болса, оның сақталып қалуы мен өркен жаюына зор үлес қосқан Байбарыс сұлтан екенін баса айтқанымыз жөн. Өйткені, 1260 жылы болған осы соғыс алдында ислам діні үлкен қатердің алдында тұрды. Халифатты Хұлағудың қатыгез әскерлері басып алды, мұсылман елдерінің бірқатары отарлық қамытын киді, қалған бөлігін де үрей биледі. Екінші жақтан Крес жорықшылары қыспаққа алып, ислам әлемінің жойылып кету қаупі тұрды. Бір айта кетерлігі, осы соғыста Хұлағу әскерін бастаған Кетбұға мен Шыңғыс ханның замандасы Кетбұға биді шатастырмаған абзал. Өйткені екеуінің арасында ғасырға жуық уақыт бар екенін ұмытпауымыз керек. Бұл шайқас Байбарыстың жеңімпаздық қырын, қолбасшылық әлеуетін жарқырата көрсетті. Ұлы даланың төсін дүбірлеткен аталарының көшпенділерге тән соғыс өнерін көрсетіп, мұсылман әлемін қорғаған сұлтанды сол кездегі жылнамашылар пайғамбар сахабасына теңейді. Қалай болғанда да, бұл соғыс діннің қасиетті жерлерін қорғап, исламның тынысын кеңейткен

символдық мәні асқақ ғазуат еді. Аин-Жалуттағы даңқты шайқастан кейін билікке келген сұлтан, сол жылы жеңісіне арнап ескерткіш соғуға бұйрық береді. Ибн Абд әл-Хахиридің куәландыруынша, ол мейманасын тасытқан осы ұлы жеңіс үшін құдайға алғысын білдіргісі келген. Бұл жер Құранда айтылатын Талут пен Жалут арасындағы мифтік шайқас өткен жер саналатыны белгілі. Інжіл үзінділеріндегі Дәуіттің Ғолиятты жеңу және Гедеонның мидиандықтармен шайқасы, Саул патшаның алып філістірді жеңуі осы символдық жеңіске теңестіріледі. Аңыз желісінде Дәуіт пайғамбарға осы жеңістен кейін патшалық қонғаны айтылады. Осындай істерімен сұлтан Байбарыс өзінің пайғамбар мұрасына, оның сахабаларына адал қызмет қылғаны анық аңғарылады. Сол арқылы ол «қос құбылаға» бірдей қызмет қылған дін қорғаушысына айналды. Ол құбыланың бірі Мекке болса, бірі – Құдс яки Иерусалим екені белгілі. Міне, Байбарыс осындай қаратүнек жағдайда арыстандай қайрат көрсетіп, жаудың бетін біржола қайтарып, мұсылман үмбетін құтқарып қалды. Кетбұға басқарған әскерді тасталқан етіп жеңіп, франктер мен армяндарға күйрете соққы берді. Хаш-хашилер сияқты іштен шыққан арамза ағымдарды тұншықтырып, діннің тазалығын қамтамасыз етті. Бұрын Мысырда ықпалды болған шииттік бағыттың орнына сүнниттік бағытты үстем етіп, Шафи мазһабының ықпалын теңестіру үшін әр қалаға төрт ірі мазһабтан қазылар тағайындады. Сол арқылы ханафи мазһабының кең тарауына жол ашты. Әл-Әһардың мәртебесін биіктетті. Пайғамбарлар мен сахабалар, әулиелер мен рухани тұлғалардың мұрасына терең құрметпен қарап, сопылық жолға да ден қойды. Бұл тұрғыда батыр қолбасшы, көреген басшы ғана емес, руханиятқа бойлаған парасат иесі болғанын атап өткен жөн. Сол кезеңде Ибн Таймия сияқты қазіргі салафи ағымының негізін қалаған ғалымдар да болған. Байбарыс орта жолды ұстанатын ғалымдарды қолдау арқылы сол тұста салафилік ағымның кең тарауына жол бермеді. Халифатты қалпына келтіріп, ислам әлемінің айбатты қорғаушысына айналды. Андре Клот сондықтан қаһарлы сұлтанды «франктер, армяндар және моңғолдардың түбіне жеткен иман қаһарманы» деп бағалайды. Кейбір еуропалық тарихшылар оны «батысты да бүлінуден аман алып қалған - батыр» деп санайды. Расында, Байбарыс билікке келмес бұрын Мысыр моңғолдар мен крес жорықшылары арасында әбден қалжырап, елдігінен ажырап, мүлдем құрып кету қаупі алдында тұрды. Тақ таласы толастамады, дарынсыз сұлтандар да елге тұтқа бола алмады. Сондықтан Байбарыс негізін қаламаса да, Мәмлүк мемлекетінің нағыз құрушысы болып саналады. Тарихи деректерге жүгінсек, Байбарыстың қолбасшылығымен Крес жорығына қарсы негізгі шабуыл 1265 жылы басталып, бірінен кейін бірі дұшпандарын тізе бүктірумен аяқталады. Осылайша, Сирияның бір бөлігі және Хижаз (Мекке мен Мәдина) бен Мысыр моңғолдардың шабуылынан аман қалады. Одан кейін Кіші Армения мемлекетіне қарсы жорықтар жасап, оларды да тізе бүктіреді. Артынша мұсылман әлемінің бірлігін нығайту үшін кресшілер мен моңғолдарға қарсы Анадолыдағы мұсылман түріктеріне қол ұшын берді. Осылайша, Елбистанда Құлағу қолын екінші мәрте жеңіліске ұшыратады. Тарихи деректерде, Сұлтан Байбарыстың қолдауының арқасында түріктердің Анадолыда тұрақтап қалуына ықпал жасағандығы айтылады. Сол сияқты, Сириядағы соңғы кресшілер қалдығын жойып, Антакияда да ойсырата жеңеді. Осылайша, ол Таяу Шығыстың айбынды көсемі, мұсылман әлемінің қорғаны, асыл діннің алдаспаны – Сұлтан Байбарыс – «Абул-Футух», яғни «Жеңістердің атасы» деген атаққа ие болды. Байбарыс тек жау жүрек жауынгер ғана емес, стратег қолбасшы әрі қажырлы мемлекет қайраткері, реформатор ретінде мемлекетті көркейтті. Мемлекеттік жүйені нық орнықтырды, орталық билікті нығайтты, халықтың әл-ауқатын арттырды. Мысыр сұлтандығына тиесілі территорияларды қорғай отырып, мемлекет шекарасын шегендеді. Байбарыс сұлтан тұсында қалыптасқан Мәмлүктер шекарасы мемлекет тарихында іс жүзінде өзгеріссіз қалды. Ел астанасы Каирде сарайлар мен мешіттер тұрғызып, қолөнер, сауда және өнер салаларын дамытуға зор ықпал жасаған Байбарыстың ізін Африканың алып елінен қазір де көруге болады. Оның Дамаскідегі кесенесі және оның жанындағы Зәкәрия медресесі – Байбарыс сұлтан атынан тұрғызылған айшықты сәулет туындылары саналады. Сонымен қатар сұлтан Байбарыс Хомс маңындағы Халид ибн әл-Уәлидтің қабірін қалпына келтірді. Ал Халидтің әз-пай-ғамбарымыздың соғыстарында қол бастап, жеңімпаздығы үшін «Сайф Алла» атанған даңқты қолбасшы екені мұсылман жазбаларында айтылған.

Кресшілер мен Хұлағу басқыншылығына табысты тойтарыс бергеннен кейін Байбарысты да сол заманның тарихшылары «екінші Сайф Алла» яки «Алланың алдаспаны» деп атай бастады. Мәмлүк сұлтаны осы арқылы өзінің діни танымын да айғақтай түскендей әсер қалдырады.

Байбарыстың тұсында ислам ғылымының шарықтаған дәуірі болды. Ол өзінің жеке қолдауымен мешіт-медреселер салдырып, Сириядағы моңғолдар қиратқан бекіністер мен ғимараттарды қайта қалпына келтіртті. Каирдегі және мұсылман әлеміндегі ғұламалар мен ғалымдарға үлкен қолдау көрсетіп, ғылымға айрықша ықылас көрсетті. Сол тұстағы Мысыр моңғолдар мен Крес жорығына байланысты өз елінен кетуге мәжбүр болған түркі және мұсылман ғалымдары паналайтын өркениет орталығына айналды. Мысалы, ол өзінің медициналық зерттеулерімен танымал болған ортағасырлық араб дәрігері Ибн Нефис сынды ғалымдарды қамқорлығына алды. Каир мен Сирияда арруханалар салдыртып, дәрі-дәрмекпен үнемі қамтамасыз етілуіне ықпал жасады. Сол сияқты ол Айн-Жалут шайқасынан кейін Мысырдың екі маңызды қаласы – Каир мен Дамаск арасында түркілерге тән хабаршылар жүйесін құрды, осының нәтижесінде екі қала арасындағы хабарды төрт-ақ күнде алатын жетістікке жетті. Сонымен қатар, басқа да көлік жобалары ретінде көпірлер мен порттар салдырып, теңіз жолдарын кеңінен пайдалануға мүмкіндік жасады. Ауылшаруашылығын дамыту үшін суармалы жерлерді кеңейтіп, халықты егіншілікке баулыды.

Байбарыстың тағы бір еңбегі, ол қыпшақ тілін Мысырдың мемлекеттік тіліне айналдырды. Сарайда қызмет еткісі келетін кез келген жан түркі тілін меңгеруге тиіс болды. Ол жат жерде жүрсе де тегін ұлық-тап, тілін дамытты. Сол сияқты, Қалауын сұлтан, Алмас әмір сынды кейбір билеушілер де араб тілінде сөйлемей, үнемі жандарына аудармашы ұстаған. Осының нәтижесінде Мәмлүктер дәуірінде түркі тілі Арабия және Солтүстік Африкаға дейін кеңінен таралып, сол кезеңде бірқатар арабша-түрікше сөздіктер де жазылған. Сол себепті біз сұлтан Байбарысты қай жағынан алсақ та, айрықша ардақтауға тиіспіз. Ол – бір қазақтың ғана емес, адамзаттың тағдырына әсер еткен, дүниенің дамуына ықпал жасаған, әрбір мұсылманға мақтаныш болған ұлы қайраткер. Өкінішке қарай, бүгінде бүкіл дүниежүзі білетін Салах-ад-динге қарағанда Байбарыс туралы әдебиеттер жоқтың қасы. Осы орайда Қазақстанның Байбарыс мұрасына иелік етуі – қуанышты жағдай. Мысырдағы теңдесі жоқ бұл тарихи мұралар Қазақстан үшін айрықша маңызға ие. Осыған байланысты, Қазақстан Республикасының қолдауымен Мысырдағы мәмлүк мұралары қамқорлыққа алынып, зерттеу, сақтау, қорғау жұмыстары іске асырылды. Сондықтан Мысыр елінде Қазақстанды Байбарыс арқылы танытындар да күрт көбейген. Дешті қыпшақ топырағында дүниеге келіп, жат жерде мәңгілікке дамылдаған түркі әлемінің тұғырлы тұлғасы, асыл діннің алдаспаны – Байбарыс Сұлтан бүгінде Еділ мен Ніл арасындағы түркі-мұсылман халықтарының рухани байланысын жаңа деңгейге көтеріп, бауырлас елдердің достық нышанына айналған тұғырлы тұлға ретінде тарихта мәңгі қала бермек. Сол сияқты, Мысыр тарихында терең із қалдырған Құтыз, Қалауын, Айбек, Қайтбай, Айтбай сияқты тұлғалар да біздің қандастарымыз, сондықтан олар да қазақ тарихында лайықты орын алуға тиіс деп ойлаймыз. Байбарыс сұлтанның мұсылман әлемінің қасиетті жерлерінің бәрін де санасында тұтып, қастерленгені белгілі. Ол құлау қаупі төнген Мәдинадағы пайғамбар мешітін жаңғыртып салып, Иерусалимдегі жартас күмбезін қалпына келтірді. Айта кету керек, бұл күмбезде өз Пайғамбар миғражға көтерілген қасиетті жартас орналасқан. Дәуіт пайғамбар іргетасын қалаған, Сүлеймен пайғамбар құрылысты аяқтау үшін Финикиядан сәулетшілер алдыртқан осы Әл-Ақса мешітіне де табанымыз тиді. Жалпы, қазіргі Израиль аймағында, соның ішінде Иерусалимде Байбарыс сұлтан салдырған, қалпына келтірген ғибадат орындары мен мешіттер көптеп саналады. Сондай-ақ Аджлун, Рамала мешіттерін және Хомстың ұлы мешітіне жөндеу жұмыстарын жүргізді. Байбарыс ислам әлемінің тарихи тұлғаларын да назардан тыс қалдырған жоқ. Иерихон маңындағы Мұса пайғамбар қабірі, Ябнадағы Әбу Хурайра, Керак маңындағы Жапар ибн Абу Талиб қабірлерін қалпына келтіріп, Барғас, Антиохия және Қара шіркеулерінің орынына мешіттер салды. Өткен рухтарға құрмет пен ізет, пайғамбарға ұқсауға тырысқан ізгілік түркілік исламның негізгі құндылықтары екенін ескерсек, сұлтан Байбарыстың түркі-қыпшақтық тегі тағы да айқындала түскендей.

Ұлы даланың әйгілі перзентінің біз жоғарыда келтірген көптеген даңқты атақтарынан сырт, «Искандар әл-заман, сахиб әл-қиран» немесе «Мустарид Хавал ад-дин» сынды жанама атаулары да болды. Біздің тілімізге аударсақ «Өз дәуірінің Ескендірі», «Адасқан дінді ұстанушыларды қайтарушы» деген мағына береді. Қысқасы, артынан аңыз ерген ұлы билеушінің даңқы туған жерінің де атағын күллі мұсылман әлемінде асқақтата түсері даусыз.

Түркілік тегін ұмытпаған, қай қиырда жүрсе де туған жерден тамыр үзбеген Байбарыс туралы тың мәліметтер, жана деректер табылып жатыр. Ол туралы әлі талай зерттеулер жасалып, кітаптар жарық көрері анық. Оның түркілік исламның алтын дінгегі Қожа Ахмет Ясауидің жолын ұстанғаны туралы да деректер бар. Ол – басқа тақырыптың еншісіндегі дүние.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Атырау» энциклопедиясы – «Б» - Бейбарыс.
2. «Қазақстан» энциклопедиясы.
3. «Атырау» газетінің 2000 жылғы жинағы.
4. «Бейбарыс» поэма - диалог, авторы А. Ерушов.
5. «Бөрте - Шыңғысханның жұбайы» кітап.
6. «Таңғажайып Бейбарыс» авторы Өтеген Жүсіп.

ҚЫПШАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ ПЕРЗЕНТІ – СҰЛТАН БЕЙБАРЫС

Утенова Мадина Жамаладиновна –

Алматы қ., С.А. Ходжиков атындағы

№ 39 мамандандырылған лицейдің тарих пәні мұғалімі

Мамаева Жантолы Мухтаровна

№ 174 мектеп-гимназияның тарих пәні мұғалімі

Madina Zhamaladinovna Utenova –

Almaty city, S.A. named after Khodzhikov History teacher of specialized lyceum № 39

Mamaeva Zhantoly Mukhtarovna – History teacher of school-gymnasium № 174

Аңдатпа. Мақалада Қыпшақтан шыққан Бейбарыстың Мысыр елінде сұлтан болып, өзіндік саясаты мен заңдарын қалыптастырып билік құрғаны жайлы айтылады. Бейбарыс сұлтанның моңғол мен кресшілерге қарсы іс-әрекеттерін суреттейтін еңбектер де негіз болған. Мәмлүк мемлекеті мен Дешті-Қыпшақ хандары арасындағы дипломатиялық қарым-қатынас жоғары деңгейде болғанын суреттейді. Мәмлүк дәуіріне қатысты бай мұрағаттар болғанымен Бейбарыс жайлы зерттеулер тек алғаш 1884 жылы орыс шығыстанушысы В.Тизенгаузеннің «Алтын Орданың тарихына қатысты материалдардың жинағында» кездесетіні жайлы деректер бар.

Аннотация. В статье рассматривается, султан Египта Бейбарс выходец из Кыпчакской земли, который правил создавая самостоятельную политику и законы. Взятые на основу и труды которые описывают противостояние султана Бейбарса монголам и крестоносцам. Описывает высокий уровень дипломатических отношений между государством Мамлюков и ханами Дешти-Кыпчака. Несмотря на то, что много информации о Мамлюкской эпохе, о султани Бейбарсе первые исследования встречается в трудах русского востоковеда В.Тизенгаузена «Сборник материалов истории Алтын Орды» в 1884 году.

Annotation. The article considers Sultan Beybars of Egypt, a native of the Kipchak land, who ruled by creating an independent policy and laws. The works that describe the opposition of Sultan Baybars to the Mongols and crusaders are also taken as a basis. Describes the high level of diplomatic relations between the Mamluk state and the Khans of Deshti-Kipchak. Despite the fact that, there is a lot of information about the Mamluk era, the first studies about Sultan Beybars are found in the works of the Russian orientalist V.Tiesenhausen "Collection of materials on the history of the Altyn Horde" in 1884.

Еліміз егемендігін алғаннан бері Қазақстанның геосаяси жағдайы күрт өзгеруіне байланысты тарихымызды зерттеу саласында үлкен бетбұрыстар орын алды. Әсіресе, бүгінгі күні қазақ халқының рухани өрлеуі мен тарихи санасының қалыптасу заманында көршілес, жақын және алыс шетелдермен, мемлекеттермен ғасырлар бойына болған қарым-қатынастары мен байланыстарына деген қызығушылығы едәуір артып отыр. Мысыр Мәмлүк мемлекеті мен Дешті – Қыпшақ сынды өз заманының ірі әрі аса мықты мемлекеттік құрылымдардың билеушілері арасындағы өзара жақындасуды Ұлы дала мен Таяу және Орта Шығыс өңірлерінің XIII-XV ғғ. жалпы халықаралық деңгейдегі тарихи байланыстардың шеңберінде қарастырылуда. Себебі, Дешті-Қыпшақ өз заманындағы саяси және әскери жағынан әлемнің ең күшті мемлекеттің бірі ретінде жүргізіп отырған сыртқы саясаты сол кездегі аса маңызды тарихи оқиғалардың қандай бағытта дамуына елеулі әсер етіп отырғаны Бейбарыс сұлтандай тарихи тұлғалардың әсері деп білеміз. Орта ғасырдағы Мысыр елінің, яғни Мәмлүктердің билік басына келуі, көршілес Дешті Қыпшақ Алтын Орда хандарымен қарым-қатынас жасауы, Бейбарыс сұлтан саясатының сипаты мен мазмұны, әртүрлі кезеңде қолданылған әдістерін анықтау тақырыптың мақсаты болып табылады.

Биыл елімізде және мысырда Мәмлүктер мемлекетінің негізін қалаған дешті қыпшақ даласының әлемге әйгілі перзенті Сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығы. Дешті қыпшақ даласынан шыққан даңқты тұлғаның мерейтойында, бұхара халық тарихи тұлғаның өмірінен бастап, ел мен елдің арасындағы саяси билік пен тереңде жатқан талай құнды деректермен танысуда. Мысыр мәмлүктер мемлекетінің тарихын зерттеуде көптеген еңбектер жарық көрді. Жалпы алғанда, мәмлүк дәуіріне қатысты өте бай мұрағаттық мәліметтер бар екендігін айта кету керек. Алғаш рет Сұлтан Бейбарыс жайлы зерттеулер 1884 жылы Санкт-Петербургтен шыққан орыс шығыстанушысы В.Тизенгаузеннің «Алтын Орданың тарихына қатысты материалдардың жинағында», Л.А. Семенова, С.Закировтың Алтын Орда мен мәмлүк Египеті арасындағы байланыстар жөнінде зерттеулерде бар. Тақырыптың деректемелік көзіне сұлтан Бейбарыс заманында өмір сүріп, сұлтанның өмірбаянын жазған, мәмлүк мемлекеттік жүйесінде қызмет еткен Ибн Абдузахир, Ибн Шаддад және Ибн Уасилдерге ерекше тоқталып өткенімізді жөн деп санаймыз. Олар мәмлүктер, кресшілер мен моңғолдар арасындағы теке-тірес барынша қызған кез – XIII ғасырдың II жартысында өмір сүрді. Сұлтандар Құтыз және Бейбарыс заманында Диуан Иншада хатшы болып істеген. Өзінің жұмыс сипатына қарай сұлтанға жақын болған. Бейбарыстың оны жеңіс сүйіншісін сұрауға, Хама қаласының уәлиінің адалдық антын алуға жолдауы оған деген сенімін көрсетеді. Оның қаламынан Бейбарыс сұлтанның моңғол мен кресшілерге қарсы іс-әрекеттерін суреттейтін «Айқын патша өмірбаянындағы гүлденген бақ», «Жеңімпаз патша өміріндегі күндермен ғасырларды баяндау» және «Мәліктік, сұлтандық, ашрафиялық өмірбаянның жасырын сыйлықтары» секілді еңбектер шыққан. Тарихшы өз шығармаларының дайын бөлімдерін сұлтанға оқып беріп отырған. 194 беттен тұратын қолжазба Стамбул қаласындағы Фатих сұлтан Мехметтің кітапханасында сақтаулы тұр. Сұлтан Бейбарыстың 1260 жылы билікке келуіне байланысты Мәмлүк мемлекетінің сыртқы саясатында басқа елдермен қарым-қатынасында жаңа бағыттар орын алды. Олардың ішінде, 1261 жылы Дешті-Қыпшақпен орнатқан әскери-саяси және дипломатиялық байланыстарының екі мемлекет үшін де тарихи және саяси орны мен рөлі ерекше үлкен мәнге ие болды.

Ең алдымен Мысыр мен Дешті-Қыпшақ арасында достық қарым-қатынасқа деген ниет алғаш рет XIII ғасырдың 60-шы жылдарының басында Мысыр тарапынан болып, ол XIV ғасырдың аяғына дейін Мысырдың сыртқы саясатындағы Елхан мемлекетінің мәмлүк иелігіндегі аумақтарға бағытталған шабуылдарына тосқауыл қою үшін қажеттіліктен туып, Берке ханның (1256-1266 жж.) ислам дінін қабылдауы Мысырдың алдына қойған мақсатына жетуін едәуір жеңілдеткен, мүмкін шешуші рөл атқарған фактор болуы да ықтимал.

Берке хан сұлтан Бейбарысқа жіберген елшілерімен бірге жолдаған хатында шүкіршілік пен мақтау, өзінің ризашылық сәлемін айтып, Хұлағуға қарсы соғысқа әскери көмек сұрайды. Сонымен, XIII-XV ғасырларға жататын аутентивті араб жазба деректері Мәмлүк мемлекеті мен Дешті-Қыпшақ арасындағы дипломатиялық қатынастар туралы келтірген мағлұматтардың негізінде екі мемлекет арасындағы дипломатиялық байланыстардың ең дамыған кезеңдерін анықтады. Олардың ішінде сұлтан Бейбарыстың билік еткен кезін, нақтырақ айтсақ 1261-1277

жж. аралығын ерекше атауға болады. Өйткені, бұл кезең екі мемлекет арасындағы әскери-саяси байланыстар мен дипломатиялық қарым-қатынастардың негізі қалануымен қоса, саяси жақындасудың ең жоғары деңгейіне, яғни сұлтан Бейбарыстың Берке ханның қызына үйленуі арқылы саяси құдаласуды жүзеге асырды. Сөйтіп, Мәмлүк мемлекеті мен Дешті-Қыпшақ арасындағы байланыстардың ең күшейген кезінің алғашқысы, әрі ең мықтысы Мысырда сұлтан Бейбарыстың, ал Дешті-Қыпшақта Берке хан және одан кейін билікке келген Тоқта хан биліктері кезеңін жатқызуға болады. Сонымен қоса, бұл кезеңдегі екі мемлекет арасындағы жақындасуда белгілі жағдайда діни фактордың әсерінің күшті болғанын ерекше айту керек.

Сұлтан Құтұздың өлімінен кейін әмір Бейбарыс әл-Бундукдаридің сұлтан тағына келуі заңды еді. Бір жағынан ол моңғолдарға қарсы батырларымен әйгілі болса, екінші жағынан оның «Әл-Бахарийа» жағының ең күштісі әрі аса беделді өмірі есептелді. Сонымен қатар, мәмлүктер заманында «өлтірген өлгеннің орнын басатын» басқа әмірлерге қарағанда өзінің артықшылығы, батырлығы мен беделі асқан мәмлүк өмірі билікте үстемдік дәстүрлер кеңінен қалыптасқан болатын. Құтұзды өлтіруге қатысқан мәмлүк әмірлері Бейбарыстың билікке келуін бірауыздан мақұлдайды. Мысыр Мәмлүк мемлекеті Таяу Шығыс өңіріндегі мұсылман мемлекеттерінің ішінде саяси және әскери тұрғыдан ең қуаттысы болуымен қоса, экономикалық, діни, мәдени және ғылыми жағынан аса дамығаны болды. Бұл зерттеудің негізгі нысаны – Мысыр Мәмлүк мемлекетінің тарихы мен оның Дешті-Қыпшақпен жан-жақты байланыстарын зерттеу төл тарихымызда болашағы бар үлкен салалардың бірі болып табылады. Сондықтан, бұл саланы неғұрлым игеруіміз төл тарихымызды, әсіресе оның аса маңызды кезеңдерінің бірі болып табылатын Дешті-Қыпшақ тарихын шынайылық тұрғыдан жан-жақты терең зерттеуімізге мүмкіндік береді.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов относящихся к истории Золотой Орды. Т.1. Извлечения из сочинений арабских. – СПб, 1884; Семенова А.Л. Из истории фатимидского Египта. – М., 1987; Закиров С. Дипломатическое отношение Золотой Орды Египтом (XIII-XIV вв.). – М., 1966
2. Конрад Н.И. Запад и Восток. – М., 1966; Корошин М. Бейбарыс (Эпоха и личность). – М., 1987
3. Қасим Қасим Абду. «Аср Салатин ал-мамалиик». – Ал-Қаһира, 1994
4. Сәки Қ. Пирамида үстіндегі киіз үй немесе Байбарыс туралы. – Астана: «Фолиант», 2001
5. Аджи М. Европа, тюрки, Великая степь. – М., 1998; Бартольд В.В., Кыпчаки. – М., 1968;
6. Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов. Дипломатические отношения Золотой Орды с Египтом. – М., 1966
7. Махмуд Али Сайид. «Ал-джауари фи муджтама ал-Қаһира ал-мамлукия». – Ал-Қаһира, 1988
8. Саид Абу ал-Фатах Ашур. «Әл – машалик фи мисф». – Ал-Қаһира, 1994
9. Ибн Шаддар Иззуддин. Тарих ал-малик аз-заһир. – Байрут, 1983
10. Ашур Саид Абдулфаттах. «Ал-аср ал-мамалиики фи миср уа аш-шам». – Ал-Қаһира, 1994
11. Сәки Қ. Сұлтан Бейбарыс. – Астана, 2001. – 42-бет

ИНФОРМАЦИОННЫЕ САЙТЫ ПО КУЛЬТУРЕ КАЗАХСТАНА: ХАРАКТЕРИСТИКА И ВОЗМОЖНОСТИ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ НА УРОКАХ ИСТОРИИ

Мукажанова К.М. – магистрант 2 курса института истории и права КазНПУ имени Абая
Mukazhanova K.M. –

2nd year master's student at the Institute of History and Law KazNPU named after Abay

Аннотация. В данной статье рассказывается о появлении информационных сайтов о культуре Казахстана в 1990-х годах. С развитием интернета и увеличением интереса к различным культурам мира, многие организации, включая правительственные и неправительственные органы, начали создавать сайты с информацией о культуре Казахстана. С приходом социальных сетей и других платформ для обмена информацией, информационные сайты о культуре Казахстана стали более доступными и популярными. Сегодня множество организаций, архивов, музеев и исследовательских институтов предлагают информацию о культуре Казахстана через свои официальные сайты и социальные медиа.

Ключевые слова: Информационные сайты, культура Казахстана, культурное наследия, урок истории.

Annotation. This article describes the emergence of information sites about the culture of Kazakhstan in the 1990s. With the development of the Internet and increasing interest in various cultures of the world, many organizations, including governmental and non-governmental bodies, began to create websites with information about the culture of Kazakhstan. With the advent of social networks and other information sharing platforms, information sites about the culture of Kazakhstan have become more accessible and popular. Today, many organizations, archives, museums and research institutes offer information about the culture of Kazakhstan through their official websites and social media.

Keywords: Information sites, culture of Kazakhstan, cultural heritage, history lesson.

Первые информационные сайты о культуре Казахстана появились в 1990-х годах, с развитием интернета и возросшим интересом к различным культурам мира. В это время многие организации, включая правительственные и неправительственные органы, начали создавать сайты с информацией о культуре Казахстана.

Одним из самых ранних и популярных информационных сайтов о культуре Казахстана является "Культура Казахстана" (www.kzculture.kz), который был запущен в 1998 году. Сайт предоставляет информацию о культурных мероприятиях, истории, народных традициях и искусстве Казахстана.

В последующие годы появились и другие информационные сайты о культуре Казахстана, включая "Центр Азиатской Музыки" (www.asianmusic.kz), "Архивы Казахстана" (www.arka.kz) и "Музейное дело Казахстана" (www.kazakhmuseum.kz). Эти сайты предлагают различные интерактивные экскурсии, выставки, а также информацию о культурных достижениях и исследованиях Казахстана [1].

С появлением социальных сетей и других платформ для обмена информацией, информационные сайты о культуре Казахстана стали более доступными и популярными. Сегодня множество организаций, архивов, музеев и исследовательских институтов предлагают информацию о культуре Казахстана через свои официальные сайты и социальные медиа.

Тема информационных сайтов о культуре Казахстана имеет большую актуальность в контексте современного общества, так как обеспечивает доступ к информации о культурном наследии, искусстве, традициях и современной культурной жизни страны. Цель таких сайтов может быть раскрытие и популяризация культурного наследия Казахстана, а также информационная поддержка культурных мероприятий и проектов.

Принципы информационных сайтов о культуре Казахстана могут включать объективность, доступность, актуальность и разнообразие представляемой информации. Эти сайты могут также способствовать взаимодействию между культурными сообществами, развитию туризма и международному обмену культурным опытом.

Они могут также предоставлять информацию о культурных событиях, выставках, фестивалях, концертах и других мероприятиях, что способствует укреплению интереса культурных потребностей населения и развитию культурного туризма.

Информационные сайты по культуре Казахстана имеют большое значение, поскольку они предоставляют доступ к информации о богатом культурном наследии, традициях, искусстве и современной культурной жизни страны. Эти сайты играют важную роль в популяризации и сохранении культурного наследия Казахстана, а также способствуют дальнейшему развитию культурной сферы [2].

Существует несколько видов информационных сайтов по культуре Казахстана, включая:

1. Новостные порталы и журналы о культуре: они предоставляют обзоры культурных событий, интервью с художниками, музыкантами, писателями, а также новости культурной жизни Казахстана.

2. Музейные и архивные сайты: они публикуют информацию о музейных коллекциях, выставках, исследованиях и других аспектах культурного наследия страны.

3. Сайты культурных мероприятий: они информируют о предстоящих концертах, фестивалях, выставках и других культурных событиях, делятся расписанием и информацией о билетах.

4. Сайты творческих сообществ и искусственных платформ: они предоставляют возможность художникам, музыкантам, писателям и другим творческим личностям представлять свои работы и участвовать в обмене культурным опытом.

Каждый из этих видов сайтов играет свою уникальную роль в поддержании и распространении культурной информации, а также способствует укреплению интереса культурных потребностей населения Казахстана [3].

А именно информационные сайты по культуре Казахстана могут быть полезными во время изучения истории в школе по следующим причинам:

1. ***Дополнительные материалы:*** Сайты предоставляют разнообразные информационные ресурсы, такие как статьи, энциклопедические записи, фотографии, видео и документы, которые могут помочь учащимся получить дополнительную информацию об исторических событиях, культурных практиках и традициях Казахстана.

2. ***Объективность:*** Некоторые учебники и источники информации могут быть предвзятыми или ограниченными в своей обработке исторических фактов. Информационные сайты могут представлять различные точки зрения и различные мнения о событиях и людях, что поможет учащимся получить более всестороннее понимание истории Казахстана.

3. ***Доступность и актуальность:*** Многие информационные сайты по культуре Казахстана предоставляют актуальную и свежую информацию, отражающую современное состояние культуры и истории страны. Это может быть полезным для учащихся, особенно при изучении современных событий и культурных сдвигов.

4. ***Интерактивность:*** Некоторые информационные сайты предлагают интерактивные инструменты, такие как тесты, викторины или практические упражнения, которые помогают учащимся закрепить знания истории Казахстана.

5. ***Широкий спектр тем:*** Информационные сайты о культуре Казахстана покрывают различные аспекты истории, искусства, литературы, музыки, народных традиций и других аспектов культуры. Это позволяет учащимся изучить разные аспекты истории и культуры Казахстана и развить более глубокое понимание страны.

В целом, информационные сайты по культуре Казахстана могут быть ценным дополнением к учебным материалам, помогая учащимся получить более полное и всестороннее представление об истории и культуре Казахстана.

Конечно, вот некоторые примеры информационных сайтов, посвященных культуре Казахстана:

1. Tengrinews.kz - новости и статьи о культурных событиях, искусстве, музыке и литературе Казахстана.

2. Liter.kz - литературный портал, на котором можно найти произведения казахстанских писателей, статьи о литературном наследии и современной казахстанской литературе.

3. Artishock.kz - информация о художественных выставках, событиях и проектах в сфере современного искусства и дизайна в Казахстане.

4. E-history.kz - сайт, посвященный культурному наследию Казахстана, истории, археологии и этнографии.

5. Qazaquni.kz - ресурс, посвященный распространению и популяризации казахской культуры, искусства, музыки и традиций.

Эти сайты предоставляют обширную информацию о культурной жизни Казахстана, его истории, традициях, искусстве и литературе, а также позволяют быть в курсе актуальных культурных событий [4,5].

Информационные сайты играют важную роль во время изучения истории в школе, так как они:

1. Предоставляют доступ к широкому спектру информации: на информационных сайтах можно найти материалы о различных исторических периодах, событиях, личностях и темах. Это позволяет ученикам получать разнообразные источники информации, анализировать и систематизировать ее.

2. Обеспечивают актуальность информации: на информационных сайтах часто публикуются свежие исторические материалы, новости, статьи и исследования. Это позволяет ученикам быть в курсе последних научных открытий и теорий, а также следить за современными историческими событиями.

3. Содержат разнообразные форматы: информационные сайты могут предоставлять не только текстовые материалы, но и изображения, видео, аудиозаписи и другие мультимедийные элементы. Это делает процесс изучения истории более интерактивным и наглядным, помогает ученикам лучше понять и запомнить информацию.

4. Способствуют самостоятельному изучению: информационные сайты могут быть полезны для самостоятельной работы учеников вне школьных занятий. Ученики могут найти на сайтах дополнительные материалы, обучающие статьи, тесты, задания и другие ресурсы, которые помогут им углубить свои знания и навыки в изучаемой исторической теме.

5. Содействуют развитию информационной грамотности: изучение истории на информационных сайтах также развивает у учеников навыки работы с информацией, критического мышления и анализа источников. Ученики учатся отбирать достоверную информацию, сравнивать различные точки зрения, оценивать надежность источников.

В целом, информационные сайты предоставляют широкие возможности для более глубокого изучения истории, развития навыков и поиска дополнительных материалов. Они помогают ученикам получить информацию, углубить понимание исторических процессов и событий, а также развить навыки и оценку источников и критического анализа информации[6].

Использованные литературы:

1. Авдеева С. Учебные материалы нового поколения в проекте ИСО // Народное образование. 2007. № 9. – С. 187-194.

2. Ананьев И.И. Использование информационной системы для модульной организации образовательного процесса / И.И. Ананьев, П.И. Ананьев, А.В. Бобров // Измерение, контроль, информатизация. Барнаул, 2007. – С. 161-163.

3. Андреев А.А. Дидактические основы дистанционного обучения. URL: www.aqua.iefb.agtu.ru/dist/Biblio/Dissert/dissert_Andreev/br/ogl-b.htm

4. Андреева Т. «Можно ли оживить дерево?» // Обруч. 2006. № 1.

5. Антипов И.Н. Азбука информатики // Начальная школа. 1987. № 4. С. 38—39.

6. Антипов И.Н. Элементы информатики во внеклассной работе. Моделируем электронную игру // Начальная школа. 1988. № 4. С. 34—41.

7. <https://astanatimes.com/2014/07/summary-cultural-objects-astana/>

8. <https://cyberleninka.ru/article/n/values-of-traditional-kazakh-culture/viewer>

9. <https://www.jstor.org/stable/30044518>

10. <https://carnegieendowment.org/publications/?lang=en>

XIX ғ. АЯҒЫ – XX ғ. БАСЫНДАҒЫ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ЖАҢА ӘДІСТІ МЕКТЕПТЕР: САЛЫСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІ

Баян Нұрдаулет Елеусізұлы – *Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*
Тарих-география мамандығының 2-курс магистранты

Bayan Nurdaulet Yeleusizuly – *is a 2nd-year master's student of History and Geography specialty*
at Al-Farabi Kazakh National University.

Аннотация. Мақалада, XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы Орталық Азиядағы халықтардың ағартушылық, әлеуметтік-мәдени және саяси дамуына өзгеріс әкелген жаңа әдісте мектептер туралы мәселе қозғалады. Бұл мектептердің ашылуы, қалыптасуы, дамуы және басқа да ықпал еткен тарихи оқиғаларға салыстырмалы талдау жасалады. Жаңа әдісте мектептер Орталық Азиядағы исламды модернизациялау ретінде XIX ғасырдың 80-ші жылдарында пайда болды және 1917-1920 жылдардағы революциялық оқиғаларға дейін жалғасты. Революциядан кейін исламның бұл модернизациялық мектебі өмір сүруді тоқтатады, өйткені Кеңес өкіметінің алғашқы жарлықтарының біріне сәйкес дін мемлекеттен бөлініп, сол биліктің қатаң бақылауына түседі.

Аннотация. В статье затрагивается вопрос о школах в новом методе, который привел к изменениям в просветительском, социокультурном и политическом развитии народов Центральной Азии во второй половине XIX – начале XX вв. Проводится сравнительный анализ исторических событий, которые способствовали открытию, становлению, развитию и другим. В новом методе школы возникли как модернизация ислама в Центральной Азии в 80-х годах девятнадцатого века и продолжались до революционных событий 1917-1920 годов. После революции эта модернизационная школа ислама перестает существовать, поскольку согласно одному из первых указов советской власти религия отделяется от государства и попадает под жесткий контроль этой власти.

Annotation. The article touches on the question of schools in a new method that led to a change in the educational, socio – cultural and political development of the peoples of Central Asia in the second half of the XIX-early XX centuries. A comparative analysis of historical events that contributed to the opening, formation, development and other activities of these schools is carried out. In the new method, schools as the modernization of Islam in Central Asia appeared in the 80s of the XIX century and continued until the revolutionary events of 1917-1920. After the revolution, this modernization School of Islam ceases to exist, because according to one of the first decrees of the Soviet regime, religion is separated from the state and comes under the strict control of the same authorities.

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы Ресейдің түркі-мұсылман халықтары қоныстанған аймақтары, ел өмірінің әлеуметтік-мәдени және саяси салаларында өзгерісті талап еткен жаңа әлеуметтік қатынастардың қалыптасуымен ерекшеленді. Өзгерістер негізінен ғылым мен білім салаларын қамтыды. Бүгінде XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы Орталық Азиядағы халықтардың ағартушылық, әлеуметтік-мәдени және саяси дамуының теориялық-методологиялық және нақты тарихи проблемаларын зерттеудің маңызы артып отыр. Сондықтан да мақалада Орталық Азияда мәдени, қоғамдық және саяси салаларда өзгерістердің іске асырылуына ықпал еткен жаңа әдісті мектептер туралы зерттеу жүргізіледі. Бұл мектептердің ашылуы, қалыптасуы, дамуы және басқа да ықпал еткен тарихи оқиғаларға салыстырмалы талдау жасаймыз.

Неміс әлеуметтанушысы М.Вебердің пікірінше, кез-келген ғылым саласында қандай да бір құбылыстың орын алуын, оның шығуына себепші болған жағдай мен таралуын анықтап алмайынша ол түсініксіз болып қала береді. Оны түсіну үшін қоғамның осы құбылысқа бағдарлануы мен қалыптасқан жағдайдан шығудың «құралы» ретінде қабылдауы жатады [1, 606-б.]. Яғни, түсіндіру элементтерін қолданатын эмпирикалық әдіс арқылы жаңа әдісті мектептердің мәнін, оқыту процесі мен ерекшеліктерін анықтап, зерттей аламыз.

XIX ғасырдың екінші жартысында түркі-мұсылман халықтарының рухани өмірінде идеялары мен құндылықтары маңызды орын алатын ислам діні тоқырау кезеңін басынан өткерді. Ислам діні пайда болған уақыттан бастап, мәдениет пен адамгершілік катализаторы ретінде заманның сын-тегеуріндеріне жауап беріп отырған еді. Ал, XIX-XX ғасырлар тоғысында Ислам мұсылмандық мәдениет пен рухани өмірдің іргетасы болды. Ол қоғамдық өмірдің барлық салаларын – саясаттан бастап отбасылық-тұрмыстық байланыстарды қамтыды. Ислам дінінің институттары қалыптасқанымен, олардың даму үдерісі баяу жүрді.

XIX ғасырдың екінші жартысында діндегі дағдарыстық жағдайдың орын алуы мен ресми құрылымдарының баяу дамуына байланысты исламның даналық қайнары тоқырап, мұсылмандық мәдениет өзінің динамизмін, рухани күшін жоғалтып алды. Оның басты себебі рухани саламен тығыз байланысты білім беру жүйесіндегі кері кетушілік еді. Ислам әлеміндегі ағарту жүйесі құлдырап, дәстүрлі қалыптасқан діни зиялы қауым – дін басылары, сопылар, ишандар мен медресе оқытушылары адамгершілік және интеллектуалдық тұрғыдан рухани құлдырауға жол беру салдарынан ислам өркениетінің құлдырауын тоқтата алмады.

XX ғасырдың бас кезінде дәстүрлі мектептер мен медреселер қоғамның өскелең талаптарын қанағаттандырмады. Мұсылман мектептерін реформалау қозғалысы басталды. Оны ұйымдастырушылар жәдитшілдер еді.

Джадидизм – Орталық Азиядағы исламды модернизациялау ретінде қалыптасқан мектеп. Джадидизм исламды модернизациялау мектебі ретінде XIX ғасырдың 80-ші жылдарында пайда болды және 1917-1920 жылдардағы революциялық оқиғаларға дейін жалғасты [2, 613-б.]. Революциядан кейін исламның бұл модернизациялық мектебі өмір сүруді тоқтатады, өйткені Кеңес өкіметінің алғашқы жарлықтарының біріне сәйкес дін мемлекеттен бөлініп, сол биліктің қатаң бақылауына түседі.

Орталық Азияның барлық аймақтарында діни білім жойылып, оның мектептерінде кеңестік жалпы білім беру жүйесі құрылды, ол негізінен зайырлы болды. Көріп отырғанымыздай, джадидизмді исламды модернизациялау мектебі ретіндегі процесі өз миссиясын аяқтамай-ақ үзілді. Бұл процесті большевиктер тоқтатты, сонымен қатар ол кейінірек, жоғарыда айтылғандай, сотталды және қуғын-сүргінге ұшырады. Енді жаңа әдісті мектептердің пайда болуы мен негізін салушы тұлғалар туралы мәселеге көшейік. Бұл қозғалыс, 1880-ші жылдары қырымдық татар ағартушы Исмаил -бей Гаспринский негізін салған білім беру жүйесін реформалаудан басталды. Идеолог, реформатор, ағартушы, жәдитшілдік және түрікшілдік негізін салушы И.Гаспринский (1851-1914) Таврия губерниясы, Ялта үйезіндегі Ұлы-Сала ауылында дүниеге келген. Бастауыш білімді ауылдық мектептен алған И.Гаспринский білімін Симферополь, Воронеж, Мәскеуде жалғастырған. Франция (1871-1874), Түркия (1874-1875) сияқты елдерде өмір сүріп, әлеуметтік-мәдени, саяси жағдайымен танысып, Қырымға оралғаннан кейін түркі халықтарын біріктіру мен ағарту бағытында, Ресейдегі мұсылман халықтарының құқығы аяққа тапталмауы үшін күресті [3, 10-б.]. Оның бастамасымен жаңа әдісті мектептер ашылып, XIX ғасырдың екінші жартысындағы Ресейдегі түркі тілдес халықтардың қоғамдық, саяси, мәдени өмірінен хабар беретін «Терджиман» газеті жарыққа шығарылады. «Терджиман» газеті шын мәнінде жәдитшілдіктің қалыптасуының негізгі факторы болған болса, ал И.Гаспринский Ресей империясы мұсылмандары үшін жәдитшілдік қозғалысын таратудағы басты тұлға болған [4, 6-б.].

Білім беру жүйесін реформалау мақсатында джадидтер өздерінің ұлттық мектептерін құра бастады, онда оқыту жаңа әдістерге негізделген. Бұл мектептер ұлттық мәдениетті, исламды, дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарды қорғау құралы болуы керек еді. Жәдитшілдік қозғалыстың негізін салушы И.Гаспринский білім беру ісін реформалауды мектептерге «усул жәдид» [жаңа әдісті] әдісін енгізуден бастады.

Бастапқыда жаңа әдісті мектептер Исмаил Гаспринскийдің идеяларына сүйене отырып, оларға ескі тістеу әдісінің орнына дыбыстық оқыту әдісін қолдана бастады. Бұл мектептерде діни пәндермен қатар зайырлы ғылымдар оқытылды. Жәдиттер мен олардың мектептері бұқараны ағартуда және олардың саяси санасының өсуінде маңызды рөл атқарды.

Н.П. Остроумов жазғандай Түркістан өңірінде жаңа әдісті мектептер алғаш рет 1890 жылдардың басында Ферғана қаласында пайда болды. Алдымен бұл мектептерде тек татар ұлтының балалары оқыды. Осындай мектептердің бірі 1897 жылы Андижан мақта тазалау зауытында

ашылды [5, 252-6.]. Жаңа әдісті мектептер туралы алғашқы ресми ақпарат ХХ ғасырдың бірінші онжылдығының соңында пайда болды. Ал В.В. Бартольдтың айтуынша, Ферғана облысындағы жаңа мектеп 1896-1898 жылдары пайда болды. Мектептің негізін қалаушылар Ресейдің ішкі аймақтарынан келген татар-оқытушылар болды [6, 136-6.].

1890 жылдардың басында И. Гаспринский Ресей империясының мұсылман халқының жартысына жуығы тұратын Түркістан өңіріне ерекше назар аударды. И.Гаспринскийдің орталық билікке мұсылман мектептерінде кейбір реформалар жүргізуге, сондай-ақ олардың жағдайын жақсарту үшін тиісті шаралар қабылдауға қатысты көптеген үндеулерінен кейін В.В. Вашкевич бастаған комиссия Санкт-Петербургтен Қырымға жіберілді, ол сол жерде істердің жай-күйін анықтауы керек еді. Комиссияның нұсқауы бойынша И.Гаспринский қажетті анықтаманы дайындайды, онда ол барлық талаптар мен тілектерді егжей-тегжейлі баяндайды.

1892 жылы И.Гаспринский осы анықтаманың көшірмесін Түркістан генерал-губернаторы А.Б. Вревскийге ілеспе хатпен жіберді. Ілеспе хатта И.Гаспринский мұсылмандардың білім беру жүйесінде қажетті реформалар жүргізуде және жергілікті мектептерде жаңа әдісті мектептерді ашу үшін өз қызметтерін ұсынады.

1893 жылы И.Гаспринский Түркістанға келеді. Самарқандта ол татар миллионері Абдулгани Хусеиновтың үйінде болып, кездесу барысында А.Хусеинов И.Гаспринскийге Самарқандта жаңа әдісті мектеп ашуға жәрдемдесуді және оқытудың жаңа әдісі бойынша сабақтарын беруді ұсынды.

**Абдулгани Хусаинов (1839-1902), татар саудагері, миллионер; 1883 жылы Самарқандта Гаспринскиймен кездескеннен кейін жаңа мектептер мен қайырымдылық мекемелері мен мекемелерін ашу үшін өз капиталын пайдалана бастады.*

А.Хусеинов барлық ұйымдастырушылық және қаржылық мәселелерді өз мойнына алды. Қажетті ұйымдастырушылық істерді жүзеге асырғаннан кейін Гаспринский жаңадан ашылған мектептің мұғалімі етіп сапарласы Мажида Ганизадені тағайындайды. М.Ганизаде 40 күн бойы осы мектепте сабақ берді және белгілі бір татар мұғалімі Мұхаммед Фатиханың жаңа әдісін үйретті. Бұл мектепте татар балаларымен бірге жергілікті оқушылар да оқыды. 3 айлық оқу курсынан кейін мектепте көптеген оқушылардың қатысуымен емтихан ұйымдастырылды. Балалардың әртүрлі сұрақтарға жылдам және анық жауаптары қаланың әртүрлі орталарында мектепті талқылауға себеп болды. Балаларды қысқа мерзімде оқуға және жазуға үйреткен бұл мектеп Самарқанд тұрғындарына «Машинали мактаб» деген атпен танымал болды. Емтихан сәтті өткізілгеннен кейін мектеп ұйымдастырушылары оны ресми тіркеу үшін мемлекеттік органдарға өтініш берді. И.Гаспринский Н.Остроумовтан Самарқанд мектебін тіркеуге көмектесуді сұрайды. Бірақ бұл мектеп тіркеуден өте алмады және 1893 жылдың соңында рұқсатсыз жұмыс істегендіктен жабылды. Түркістандағы алғашқы жаңа әдіс мектептің жабылуына қарамастан, жаңа әдісті мектепке деген қызығушылық арта түсті. 1895-1901 жылдары Ташкентте жергілікті ағартушылардың қатысуымен 4 жаңа мектеп құрылды.

1898 жылы Орынбор татары, мұғалім Мұхаммед Вафа мен Мулла Абдурахман Хиуада алғашқы жаңа әдісті мектеп ашты. Бірақ бұл мектептің оқу процесі тек 3 айға созылды.

1900 жылдан бастап Түркістанда жаңа үлгідегі мектептер желісі дәйекті түрде кеңейе түсті. Жаңа әдісті мектептерінің ірі орталықтары Ташкент, Самарқанд және Қоқан болды. Қазан губерниясының екінші және үшінші сайланған Мемлекеттік Думасының мүшесі Садретдин Низаметдинович Максудовтың есебі бойынша 1910 жылы Ташкентте 20, ал Қоқанда 15 жаңа әдісті мектептер болған.

Жаңа әдісті мектептердің ішінде тек қыздарға арналғаны да болды. Зерттеуші А.Добросмысловтың айтуынша, қыздарға арналған алғашқы жаңа әдісті мектеп 1898 жылы Ташкентте Скобелев көшесінде ашылған. Бұл мектепте 45 оқушы оқыды. 1901 жылы Ташкентте 50-ден астам оқушысы бар қыздарға арналған екінші жаңа әдісті мектеп ашылды. Сонымен қатар, Түркістанда жаңа әдісті мектептің пайда болуы И. Гаспринскиймен тікелей байланысты.

1908 жылы бастапқыда Ташкент қаласының «Мирабад» махалласында, содан кейін «Дегрез» махалласында педагог А.Авлоний жаңа мектептер ашып, оларды оқу жабдықтарымен жабдықтады, сонымен қатар оқушыларға үстелдер мен тақталар жасайды. Оның шәкірттері кедей отбасылардың балалары екенін ескере отырып, оларды азық-түлікпен және киіммен қамтамасыз

ету мақсатында достарының қолдауымен «Жамияти хайрия» қайырымдылық қоғамын құрады (1909). Мектептерде діни пәндерден басқа арифметика, география, жаратылыстану негіздері сияқты пәндер оқытылды [7, 73-б.].

1910 жылға қарай Түркістан өңірінің әр түрлі аудандарында жаңа әдісті мектептердің жалпы саны 50-ге жетті. 1911 жылы Қоқанда 550 оқушысы бар 8 жаңа әдісті мектеп ашылған [8, 151-б.].

Қорыта келе, жжадидизм – ислам мен жалпы қоғамды модернизациялау мектебі ретінде Еуропадағы ағарту дәуірінен шамамен жүз жыл өткен соң пайда болды және оны көптеген жолдармен қайталап, еліктеді. Кейбір джадидтер Еуропаға барып, еуропалық мәдениетті зерттегендіктен, олар көбінесе осы мәдениеттің көптеген жетістіктерін көшіріп алып, оларды Орталық Азияның архаикалық және консервативті мұсылман қоғамдарына сіңіруге тырысты. Сонымен бірге олар бұл мәдениетті исламның негізгі догмаларын жаңғыртпай мұсылмандардың санасына енгізу мүмкін еместігін жиі ұмытып кетті. Сондықтан алғашқы джадидтер мен олардың жергілікті мұсылман халқына арналған идеялары керемет және күлкілі болып көрінді. Алғашқы джадидтердің еуропалық мәдениетін насихаттау мен насихаттау сәтсіз болған кезде, оқушылардың білім деңгейін арттыру үшін жаңа әдістерді қолдану қажет жаңа мектептер құру идеясы пайда болды. Джадидтер ойлағандай, оқушылардың білім деңгейін арттыра отырып, оларды болашақта еуропалық мәдениетті дұрыс және саналы түрде қабылдауға дайындауға болады.

Қазақстандағы ең алғашқы жаңа әдісті мектеп 1900 жылы Түркістан қаласында ашылды. Ондай мектептер кейін басқа да қалаларда пайда болды. Қазақ зиялыларының едәуір бөлігі жаңа әдісті мектептерде білім алып шыққандар болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Вебер М. Избранные произведения. Пер с нем. / Сост., общ.ред. и послесл. Ю.Н. Давыдова; Предисл. П.П. Гайдено. – М.: Прогресс, 1990. – 808 с.
2. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001. – Т. 3. – 720 б.
3. Қамзабекұлы Д. Жәдитшілдік және Исмайыл Гаспыралы құбылысы // Астана ақшамы. – 2009. №126 (2447). – Б. 10.
4. Абдирашидов З. Исмаил Гаспринский и Туркестан в начале XX века: связи – отношения – влияние. – Ташкент: Akademnashr, 2011. – 384 с
5. Остроумов Н.П. Мусульманские мактабы и русско-туземные школы в Туркестанском крае // Журнал Министерства народного просвещения. Новая серия. Часть I. Февраль 1906. – СПб., 1906. – 350 с.
6. Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. Акад. наук СССР, Комис. по изучению естеств. производит. сил СССР. – Л.: Акад. наук СССР, 1927. – 256 с.
7. Алихожиев М.О., Тажимирзаев Э.А. Джадидизм в Туркестане и просветительская деятельность джадидов // Интеллектуальный потенциал XXI века: ступени познания. 2016. №32. – С. 72-76.
8. Гайнанова М.Р. Общественно-политическая деятельность Садри Максуди в Турецкой Республике (1925-1957 гг.). – Казань: Институт истории им. Ш.Марджани АН РТ, 2019. – 176 с.

Ә.БӨКЕЙХАНОВТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӘЛІМДІК МҮМКІНДІКТЕРІ

Шайдозым Нұрмұқамет Досымұлы – *Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Тарих-география мамандығының 2-курс магистранты*
Shaidozym Nurmukamet Dosymuly – *Kazakh National University named after Al-Farabi,
history-geography specialty 2nd year graduate student*

Аннотация. Мақалада, XX ғасырдың бас кезіндегі көрнекті қайраткер Әлихан Бөкейхановтың педагогикалық көзқарастары, оқулықтар дайындау мен баспадан шығару, кадр мәселесі, білім беру саласындағы еңбегіне талдау жасалады. Сонымен қатар, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ жеріндегі оқу-ағарту мен білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуына өз заманында озық ойлы пікірлермен педагогикалық мұраларын қалдырған ұлт зиялыларының еңбектерінде ана тілінде бала оқыту, заманауи білімдерді беру, бала тәрбиесі мен мектеп құрылымы, оқытуға қажетті оқу бағдарламалар және оқу құралдарымен қамтамасыз ету т.б. мәселелер басты орында болғанына көз жеткіземіз.

Аннотация. В статье анализируются педагогические взгляды выдающегося деятеля начала XX века Алихана Бөкейханова, его труд в области подготовки и издания учебников, кадровых проблем, образования. Кроме того, в трудах интеллигенции нации, оставившей свое педагогическое наследие с передовыми взглядами на становление и развитие системы образования и образования на казахской земле в конце XIX-начале XX веков, были рассмотрены вопросы обучения детей на родном языке, передачи современных знаний, воспитания детей и структуры школы, обеспечения необходимыми учебными программами и учебными пособиями для обучения и т. д.б. убедимся, что вопросы на первом месте.

Annotation. The article analyzes the pedagogical views of Alikhan Bukeikhanov, a prominent figure of the early XX century, the preparation and publication of textbooks, personnel issues, and his work in the field of Education. At the same time, in the works of intellectuals of the nation, who left their pedagogical heritage with advanced ideas in their time on the formation and development of the educational and educational system in the Kazakh land in the late XIX-early XX centuries, the main place was occupied by issues of teaching children in their native language, the transfer of modern knowledge, the structure of education and school, educational programs and teaching aids necessary for training, etc.

Қазақстанның XX ғасырдың бас кезіндегі рухани-интеллектуалды элитасының лидері, мемлекетіміздің тарихында терең із қалдырған қоғам және мемлекет қайраткері – Әлихан Бөкейханов. Ол қазақ халқын дербес, бақуатты мемлекет ретінде өркендету жолында күрескен біртуар азамат, қазақ халқының саяси әлеуметтік, мәдени рухани тарихында өшпестей із қалдырған ұлы тұлға.

Биыл халқымыздың ардақты ұлдарының бірі, мемлекетіміздің көрнекті қайраткері, ғасыр басында мың өліп, мың тірілген қазақ халқын дербес, бақуатты мемлекет ретінде өркендету жолында күрескен біртуар азамат Әлихан Бөкейхановтың (1866-1937) туғанына 157 жыл толып отыр.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхановтың қоғамдық-саяси қызметімен бірге оның жазып қалдырған бай ғылыми мұрасын зерттеу Отан тарихындағы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Себебі Ә.Н.Бөкейханов Қазақстан тарихын, мәдениетін, тұрмысын, шаруашылығын, табиғи байлықтарын іргелі түрде зерттеп, негіз салған ғалымдардың бірі болып табылады. Бұған оның ғылыми мұралары дәлел бола алады. Өкінішке орай, қазіргі кезде Әлихан Нұрмұхамедұлы сынды ғұлама ғалымның еңбектерін талдап, тарихи дерек ретіндегі маңызын ашып көрсететін және оның қазақ халқының тарихы үшін мәнін көрсететін зерттеулер жоқтың қасы. Қазіргі кездегі жарияланып жүрген зерттеулердің көпшілігі Ә.Бөкейхановтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметіне қатысты зерттеулер. Ал оның педагогика саласындағы оқулықтар дайындау мен баспадан шығару, кадр мәселесі, білім беру саласындағы еңбегі мақаланың негізгі өзектілігі болып табылады.

Ә.Бөкейхановтың педагогикалық-ағартушылық қызметін келесі бағыттар бойынша бөліп қарастыруға болады:

- Омбыдағы орман училищесінің оқытушысы;
- қазақ тілінде оқулықтар дайындау мен шығару ісіне бастамашы болу, осы бағыттағы жұмыстарға қазақтың оқыған азаматтарының басын қосып, ұйымдастыру;
- мектеп-медреселер ашу ісіне қолдау білдіруші;
- ғылыми экспедициялардың белсенді қатысушысы;
- мұғалімдер даярлау ісін жандандыру. Осы бағыттағы жұмыстардың барлығы Ә.Бөкейхановтың бастамасымен және ұйымдастырумен жүзеге асырылған еді. Десе де Ә.Бөкейхановтың ағартушылық-педагогикалық бағыттағы жұмыстары туралы жазбас бұрын, тұлға болып қалыптасуына қатысты мәліметтер кешенін ұсынамыз.

Бөкейханов Әлихан Нұрмұхамедұлы 1866 жылы 25 наурызда бұрынғы Семей облысы, Қарқара уезі, Тоқырауын болысының 7-ауылында дүниеге келген. Әлихан – Орта жүз ханы Бөкейдің ұрпағы. Ата-тегі: Бөкей-Батыр- Мырзатай-Нұрмұхамед-Әлихан [2, 18-б.]. Әлиханның әкесі – Нұрмұхамед, анасы – Бегімханым оқу білімге жақын, парасатты адамдар болған [3, 7-б.].

Жасынан зерек, алғыр өскен Әлиханды әкесі Қарқаралыға алып барып, жергілікті молданың қолына береді. Молданың қолынан оқуды қанағат тұтпай, қаладағы үш сыныптық бастауыш мектепке ауысады. Оны бітіргеннен кейін 1879-1886 жж. Қарқаралы қаласындағы қазақ балаларына арналған мектепте оқиды. 1886-1890 жж. Омбыдағы техникалық училищеде оқып, оны «техник» мамандағы бойынша бітіріп шығады.

Санкт-Петербургтегі оқуын Ә. Бөкейханов 1894 жылы жақсы бітіріп, Омбыға қайта оралды. Осы кезеңде Әлиханның қоғамдық, саяси қайраткер және педагог, ғалым, публицист ретіндегі талаптары жан-жақты ашыла бастайды. Омбыда Ә.Бөкейханов жергілікті орман мектебінде мұғалім болып қызмет істеп, математика курсын жүргізеді. Қоғамдық өмірге белсене араласып, түрлі ғылым салалары бойынша зерттеу жұмыстарын жасайды. Осында ең алғашқы публицистік мақалалары жарық көрді.

Ол қазақ даласының жергілікті тұрғындарының тарихын, оның әлеуметтік-экономикалық және мәдени өмірін зерттейді. 1896 жылы Далалық аймақтың Ақмола облысын, Павлодар, Қарақалпақ, Өскемен, Семей, Омбы уездерін зерттеуге Ф.А. Щербинаның экспедициясына қатысады.

1896-1903 жж. Ресей жер шаруашылығы министрлігі ұйымдастырған Ф.А. Щербинаның экспедициясының мақсаты – Ресейдің орталық аудандарынан қазақ даласына шаруаларды көшіру үшін жер қорларын анықтау болды. Щербинаның экспедициясы кезінде Ә. Бөкейханов патшалық әкімшіліктің ұлттық жерлерді зерттеу барысында қойған мақсаттарына көңіл бөлді. Бұл экспедицияға қатысу барысында Ә. Бөкейханов қазақ даласына байланысты империялық биліктің көздеген мақсатын, бұрын өзі байқай білмеген қырынан көрді [4, 89-б.]. Ф.А. Щербин экспедициясы қыруар шаруа бітірді. Аталған облыстарда 12 уездерден жинаған материалдар негізінде 13 томнан тұратын ғылыми зерттеу еңбегі шықты [5, 11-б.].

Әлихан Бөкейханов әр түрлі экспедициялар, ғылыми топтар ішінде жүріп, түрлі бақылауды, сұрауды, есептеуді саралау негізінде көптеген қайнарлар материалдарына сүйеніп алынған тарихи, экономикалық, статистикалық, шаруашылық деректерін қорыту барысында орыс тілінде жазылып, патша өкіметінің басылымдарында шыққан еңбектерінде қазақтың атамекені, меншікті жерлері, олардың бірге-бірге отарланып, түрлі айла-тәсілдермен мұжықтарға, көпестерге, шенеуніктерге тартып әперілуін дәлелдермен көрсетіп берген болатын.

Ә.Бөкейханов 1905 жылы қарашада Мәскеуде өткен земство және қала қайраткерлерінің съезіне қатысады. Съезде қазақ халқының жоғын жоқтап сөз сөйлейді. Сөзінде ол қазақ халқының тіл, сөз, дін т.б. бостандықтары мәселесін көтерді. Осы жылы «Халық бостандығы» (конституциялық демократиялық) партияның мүшелігіне енеді. Ә.Бөкейханов халықтың сана-сезімі мен ұлттық мәдениетін көтерудегі баспасөздің орасан зор маңызын бағалай білген.

Қазақ тарихындағы ағартушылық кезең деп аталатын ХХ ғ. 20-30 жылдары көптеген ұлт зиялылары балалардың сауатын ашуына қажетті алғашқы оқулықтарды жазды. Халықтың рухани оянуы сауат ашуда, оқу-білімде екендігін түсіндірді. Олар қазақ халқының мәдениетті әрі еуропалық білім деңгейге жетуіне қажетті алғашқы қазақ тілі, педагогика, жантану, алгебра, тарих, география т.б. оқулықтарды жазып, баспадан шығарып балалардың оқуына қолжетімді етіп жағдай жасады [6, 73-б.].

Оқулықтарды қазақ тілінде дайындау мен басып шығаруды ұйымдастырушылар құрамында А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, С.Сәдуақасов, Х.Болғанбаев, Ж.Аймауытов, т.б. мемлекеттік баспа жанындағы редакциялық алқа мүшелері болды. Қазан айынан кейінгі кезеңде мұғалімдер даярлау, оқулықтар жасау, бастауыш білім беру мазмұнын әзірлеу мәселелері өзекті болды. Сол жылдардағы көрнекті мұғалімдер осы бағытта тұрақты жұмыс істеді. Қазан айынан кейінгі кезеңде Қазақстанның экономикалық артта қалуына байланысты объективті себептерге байланысты әліпбидің күрделілігі, оқу орындарына арналған оқулықтар жетіспеді, олардың сапасы төмен деңгейде болды. Осыған байланысты оқулықтар жасау, әріптер мен мектеп грамматикасын әзірлеу, Қазақ әдеби тілі мен оның терминологиясын қалыптастыру мәселелері шұғыл шешуді талап етті. Бұл бағытта көп нәрсе жасалды [7, 36-б.].

Осылайша, XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ жеріндегі оқу-ағарту мен білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуына өз заманында озық ойлы пікірлермен педагогикалық мұраларын қалдырған ұлт зиялыларының еңбектерінде ана тілінде бала оқыту, заманауи білімдерді беру, бала тәрбиесі мен мектеп құрылымы, оқытуға қажетті оқу бағдарламалар және оқу құралдарымен қамтамасыз ету т.б. мәселелер басты орында болғанына көз жеткіземіз.

Ә. Бөкейханов қазақ даласында заман сұранысына жауап бере алатындай жаңа сапа мазмұнындағы білім жүйесін қалыптастыру ісін барлық бағдарламалық құжаттарына енгізді. Бұл мақсатты жақындата түсетін нақты істер атқарды (кітап бастыру, оқулықтар жазу). Сол кезеңде ұлт зиялыларының басты ұстанымы «елдің дамуына ешқандай реформа жасаудың керегі жоқ. Адамзат тарихының ең үлкен қозғаушысы – білім, ақыл-ой дамуы» болды. Ә.Бөкейханов бала оқытудың қазақ қоғамы үшін күнделікті өмірлік қажеттілікке айналмағанына налып, бұл күйден шығатын жол іздеді. «Жылына бес жүз қазақ балалары үлкен медреселерде оқиды десек, бұл екі мың үйге бір шәкірт болады. Бұл жалғыз шәкірт екі ұлыс ел ішінде шалғынға түскен инедей жоғалмай ма?», - деп жазды, ол 1913 жыл. Бұл жағдай қазаққа бала оқытудың күнделікті қажеттілікке, дәстүрге айналмағанының көрінісі [9, 96-б.]. Рухани даму мен мәдениетті елге айналудың негізі білімде екеніне көз жеткізе білген ұлт зиялыларының басты ұстанымы – оқу мен білім болды. Ә. Бөкейхановтың «Рухани мәдениеттің бір белгісі – жұрт баласына жалпы оқу, газет, кітап оқып, ғылым жолын тану, қол жеткені ғылым жолында ізденіп, адам баласына жақсылық ашу», -деп жазған болатын [8, 85-б.].

Ә.Бөкейхановтың «Ашық хат» атты мақаласында білім беру, оқыту мәселесін былайша жазады: «Ұлтына, жұртына қызмет қылу біліммен емес, мінезден. Адам баласын өзіндей жақсы көр, сүй деген сөз айтылғалы екі мың жыл болған, онан бері білім отарба, телеграмма, телефон шығарды, жақсы мінезге тоқталған адам аз, білім біліммен, мінез мінезбен» [9, 65-б.], - дейді. Адам қанша білімді болса да оның тәрбиелі болуы мүмкін емес екендігін айтқан. Адам білімді болмаса да тәрбиелі, әдепті болуы әбден ықтимал - деген қағиданы ұстанған. Әлихан Бөкейхановтың осы ой талдамасын тәрбие ісіндегі таным, тұлға теориясының негізі деп тануға болады. Тәрбие теориясын оқыту теориясымен байланыста қарастыру мәселелерін қозғаған педагог-ғалым Ә.Бөкейхановтың сол кезеңде айтқан «оқытуды ана тілінде жүргізу керек» деген пікірі күні бүгінге дейін өз мәнін жойған жоқ. Сол кезеңде Алаш көсемі көтерген ана тілінде оқыту мәселесі бүгінгі таңда мемлекеттік стратегиялық құжат болып бекітілді.

Ә. Бөкейхановтың кейінгі ұрпаққа қалдырған әдеби мұрасының ең көркемдісі – көркем аударма. Аудармалардың ішінде орыстың классик жазушылары Л.Н. Толстой, А.П. Чехов, В.Б. Кароника, Д.М. Мамин Сибиряктармен қатар, Еуропаның қаламгерлері, сондай ақ үнді, түркі тектес халықтардың әдеби шығармалары бар.

Ә.Бөкейханов көркем аудармаларының басым көпшілігін 1922-1927 жж. Мәскеуде КСРО халықтарының Орталық баспасында әдеби қызметкер болып жүрген кезінде аударған. Ә.Бөкейханов қазақ және орыс тілдерінде қатар жазған публицист.

Ә.Бөкейхановтың қоғамдық көзқарасының қалыптасуына халықтың бай ауыз әдебиетінің, ұлы Абайдың және басқа ақын жазушылардың терең ойлы шығармаларының ықпалы болды. Ол – халқының ауыз әдебиеті мұраларынан үлгі алмай ұлттық әдебиеттің өркендеуі мүмкін емес деп түсінген. Ол ауыз әдебиеті туындыларын жинауға көп күш салды. Сондай ақ, тұңғыш Абайтанушы да болды. Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінің тұңғыш жинағын редакциялап, жинақтың 1909 жылы Санкт-Петербуртта басылып шығуына қол ұшын берген [10, 22-б.].

Ә.Бөкейханов өмірінің 1922 жылдың желтоқсанынан 1937 жылдың қыркүйегіне дейін 15 жылға дерлік уақыт Мәскеудегі пәтерінде қамауда ұсталынды. 1937 жылы ұсталып Бутыр түрмесіне жабылды. Осы жылдың 27 қыркүйегінде жалған айыппен мемлекет және қоғам қайраткері Ә.Бөкейханов Мәскеде өлім жазасына кесілді [11, 12-б.].

Саяси репрессияға ұшыраған ғалымның шығармашылық мұрасына 1988 жылға дейін тиым салынды. Сондықтан, «әлихантану» тәуелсіздік алған кезеңде ғана басталды. Алғашқы әлихантанушылар: Ғ.Оралтай, К.Нұрпейісов, М.Базарбаев, М.Қойгелдиев, Р.Нұрғалиев, С.Аққұлұлы.

Ә.Бөкейханов мұрасы орыс және қазақ тілінде жазылған ғалымның негізгі еңбектері қазақ халқының мемлекетінің ішкі сыртқы саясатына, тарихына, экономикасына, мәдениетіне, әдебиетіне, тұрмыс салтына, ру шежіресіне, қазақ жерінің отарлануына арналған [12, 53-б.].

Ә.Бөкейханов ХХ ғасырдың басындағы қазақ жеріндегі кез келген мәселені ерекше қоя білген. Ұлттық мәселені Ресей империясы көлеміндегі жағдайлармен сабақтастыра қарайды. Қазақ халқының түрлі тарихи кезеңдеріне талдау жасайды.

Ғалымның еңбектерінде қарастырылатын патша өкіметінің қоныстандыру саясаты, ұлт-азаттық қозғалыс тарихы және қазақ тарихындағы тағы басқа өзекті мәселелер бүгінгі күні де маңызын жойған жоқ. Бүкіл саналы өмірін халқына, халқының азаттығына арнаған Әлихан Бөкейхан барлық қажыр-қайратын, білім, дарын-талантын патша өкіметі кезіндегі отаршылдық, қанау кезінде қалам күшімен жазылған еңбектерінде қалың қазақтың өз ішіндегі алауыздық, жалқаулық, өтірік, ұрлық, шаруаға қырсыздық сияқты кесепат мінездерді сынап, ел тағдыры үшін ең маңызды нәрсе, негізгі байлық, тіршілік көзі – жерге иелік екенін терең сезініп, осы бағытта жұмыс жасайды, ғылыми зерттеулер, мақалаларды жарыққа шығарады. Сөйтіп, ғасыр басындағы қазақ халқының өмірі мен қызметінің сан алуан қыры Ә.Н. Бөкейхановтың назарынан тыс қалмады деп айтуға болады. Оның сол кездегі қоғам өмірінде орын алған мәселелердің барлығына қалам тартқандығын көруге болады. Сонымен қатар ХХ ғасыр басындағы қазақ тарихы туралы ғылыми жұмыстарды жазуда Ә.Бөкейхановтың еңбектерін пайдаланбай жазу мүмкін емес.

Биыл Отанымыз Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 32 жыл, Ә.Бөкейхановтың туғанына 157 жыл толып отыр. Біз ата бабалар аңсаған ұлы бостандығы мен тәуелсіз ел болу мақсаты іске асқан кезде өмір сүріп жатқан ұрпақпыз. Олай болса, мемлекет және қоғам қайраткері, Алаш арысы Ә.Бөкейхановтың қазақ қоғамына қосқан үлесін тәуелсіз кезде айқындап алатын кез жетті.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы: Атамұра, 1998. – 237 б.
2. Алаш қозғалысы. Құраст. Е. Тілешов. – Алматы, 2008. – 324 б.
3. Бөкейханов Ә. Шығармалар. Бас Ред. Мәткерім Әкімжанов. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 384 б.
4. Алаштану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. Құраст. Тұрдықұл Шоңбай. – Семей: «Таным», 2010. Т. 1. – 420 б.
5. Ә.Бөкейханов. Шығармалар. – Алматы, 1994. – 384 б.
6. Аккулы С.-Х. Журналист и публицист: наследие Алихана Букейхана / С.-Х. Аккулы // Мысль. – 2013. № 7. – С. 73-84.
7. Гаджиева Р.С. Факторы формирования личности и педагогических взглядов Алихана Букейханова // История Казахстана: преподавание в школе. – 2009. – № 5. – С. 35-37.
8. Бөкейхан Ә. Шығармаларының толық жинағы: мақалалар: жазбалар: баяндамалар: үндеулер: ғылыми зерттеулер: әдеби аудармалар: хаттар(ашық хаттар): жеделхаттар (телеграммалар): 1915-1917. VI том. – Астана: Сарыарқа, 2013. – 520 б.
9. Алаштану мәселелері: Сериялық ғылыми жинақ. Құраст. Тұрдықұл Шоңбай. – Семей: «Таным», 2010. Т. 1. – 420 б.
10. Алаш қозғалысы // Құраст. Е. Тілешов. – Алматы, 2008. – 324 б.
11. Бөкейхан Әлихан Нұрмұхамедұлы (1866-1937). Шығармаларының 9 томдық толық жинағы. Құраст. Жүсіп Сұлтан хан Аққұлұлы. – Астана. «Сарыарқа», 2013. – 520 б.
12. Тәуелсіздік және Алаш тағылымы: зерттеулер, мақалалар. – Алматы. «Дәстүр», 2015. – 288 б.

**МАЗМУНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

Кенжебаев Ғабит Қапезұлы/Gabit Kapetzuly Kenzhebayev. Алғы сөз/Предисловие /Preface/ Önsöz.....	3
Бөрібаев Ермек Әбілтайұлы/Boribayev Ermek Abiltaiuly - Құттықтау сөз /Поздравления/Congratulations/Tebrikler.....	4

**ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС
ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ**

Ахмет Ташағыл/Ahmet Tashaǵıl Kıpçakların (kumanlar) yayılması hakkında.....	5
Қайрат Сәки. Мәмлүк қыпшақ билігінің заңдастырылуы. Kıpçak memlüklerinin gücün meşrulaştırılması.....	10
Сутеева Х.А./Suteeva K.A. Қазақ даласындағы ұлт-азаттық қозғалыстары көсемдерінің Ресей тарихнамасының өкілдерінің шығармашылығында бейнеленуі.....	16
Кенжебаев Ғ.Қ., Берікболова А.Ж. Сұлтан Бейбарыс туралы басты дереккөз – «Тарих әл-Мәлик эз-Заһир» қолжазбасы.....	21
Каримов К.С. Туркий дунё давлатлари мусулмон хукмдорлари тарихидан.....	24
Симтиков Ж.Қ. Мысырды қуатты державаға айналдырған жеңістердің атасы атанған Дешті-Қыпшақ ұлы.....	27
Камбарова Ш.А. Өзбек тіліндегі ақпарат сегментіндегі Бейбарсхан туралы ақпарат.....	31
Оразова Р.К. Мысыр билеушілерінің тарихынан: Сұлтан Бейбарыс.....	33
Тулеева М.К. Сұлтан Бейбарыс-түркі әлеміне ортақ тұлға.....	37

СЕКЦИЯ

Махаева А.Ш. Көне түріктер мен қыпшақ мәмлүктер: әскери өнеріндегі сабақтастық.....	42
Асымова Д.Б. Заманауи тарих сабағында тұлға тарихын оқыту барысында аудио дереккөздерін қолданудың өзектілігі.....	45
Дайрабаева А.Е. Бейбарс и его внешняя политика.....	49
Джайнакбаева Г.Т. Профессиональные компетенции будущего учителя истории-как основное условие повышения качества образования.....	53
Оспанова Р.Р. Сұлтан Бейбарыс тұлғасы және оның түркі әлемінде ортақтық мәселелері.....	59
Кинашев А.К. Стихотворение "Кипчак султан Бейбарыс".....	63
Калиева Е.Т., Серік Д.Қ. Реконкистаның тарихи тамыры және олардың Испаниядағы діни өзгерістер мен діни бірегейлікке әсер.....	64
Кенжебекова А.С. Ислам қоғамындағы Разия билеуші феномені.....	71
Жақулаев А.М. Сұлтан Бейбарыс: дискурс және тарихи сана (Д.Рамазанның «Ажал келген күн» әңгімесі негізінде).....	74
Алиев М. Сұлтан Бейбарыс.....	79
Жарасбаев А.К. Учение о нравственных ценностях в исламе и христианстве: сравнительный анализ.....	81
Ақылтаева Ж.М. Важные борцы за свободу Индии - Лала Ладжпат Рай.....	89
Шыңғысханқызы А. Сұлтан Бейбарыс туралы естеліктер және ғылыми зерттеулер.....	93
Утенова М.Ж., Мамаева Ж.М. Қыпшақ даласының әлемге әйгілі перзенті - сұлтан Бейбарыс.....	97
Мукажанова К.М. Информационные сайты по культуре Казахстана: характеристика и возможности использования на уроках истории.....	100
Баян Н.Е. XIX ғ. аяғы – XX ғ. басындағы Орталық Азиядағы жаңа әдісті мектептер: салыстырмалы зерттеу тәжірибесі.....	103
Шайдозым Н.Д. Ө.Бөкейхановтың педагогикалық көзқарастары және оның тәлімдік мүмкіндіктері.....	107

**«ЕГИПЕТ ТАРИХЫНДАҒЫ СҰЛТАН БЕЙБАРЫСТЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ МЕН РӨЛІ»
тақырыбындағы сұлтан Бейбарыстың 800 жылдығын мерекелеуге арналған
халықаралық конференциясының материалдары**

**Материалы
международной конференции на тему: «МЕСТО И РОЛЬ, ЗАНИМАЕМОЕ СУЛТАНОМ
БЕЙБАРСОМ В ИСТОРИИ ЕГИПТА», приуроченной к празднованию его 800-летия.**

**«THE PLACE AND ROLE OCCUPIED BY SULTAN BEIBARS IN THE HISTORY
OF EGYPT", timed to the celebration of his 800th anniversary.
Material**

Басуға 05.01.2024 ж. қол қойылды. Пішімі 60x84 ¹/₈.
Қаріптүрі «Times New Roman». Riso басылым. Сықтықар қағазы.
Көлемі 14.0. Таралымы 100 дана. Тапсырыс 115.

050010, Алматы қаласы, Достық даңғылы, 13
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
«Ұлағат» баспасының баспаханасында басылды.